Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар — бұл азаматтардың негізі жеке құқықтарына бағытталған қоғамдық қауіпті әрекеттерді ҚК-де көзделген тобы. Бұл топтағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың көпшілігі ауыр және аса ауырға жатады, олар моральдық және материалдық зиян келтірілуі мүмкін. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың бұл топтарын бірінші орынға жылжыту ҚР қылмыстық заңнамасының негізгі реформасындағы маңызды концептуалдық идеяға, яғни азаматтарды өмірі мен денсаулығы, оның заңды мүдделерінің құқықтары мен бостандықтарын айрықша қорғауға сәйкес еді. Аталған құндылықтарды айрықша қорғау ҚР-ның Конституциясында арнайы үлес, Еуропалық ынтымақтастық елдерінің көптеген халықаралық актілерінде айтылады. Жеке адамды, оның ішінде адам өмірі мен денсаулығына айрықша қорғау қылмыстық заңнамада жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы тараудың орналасауын өзгертумен ғана емес, басқа ерешеліктерде де байқалады, яғни: 1) жеке адамға қарсы мейлінше қауіпті қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жоғары санкция белгілеу; 2) қылмыстық құқық бұзушылықтар істеудегі күштеу тәсілінде санкция жүйесі дайындауда тіркеу (көбінесе бұл меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін санкцияда байқалады); 3) ауыр зардаптардың қылмыстық құқық бұзушылықтар түзуші немесе саралау белгілері ретінде пайдаланғанда, олар заңда адам денсаулығына зиян немесе өлім келтіруінде бірінші кезекте көрсету жолымен ашылады (әсіресе, бұл көлік, экологиялық және қоғамдық қауіпсіздікке қарсы басқа да қылмыстық құқық бұзушылықтарда байқалады); 4) жеке меншіктің мемлекеттік және басқа формаларымен тең қорғауды жүзеге асыру.

Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар деп адамның өмірі мен денсаулығына, жыныстық дербестігіне, бостандығына, ар-намысына қол сұғатын қоғамдық қауіпті әрекеттер танылады. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың мұндай түрлерін істеу нәтижесінде адамға айтарлықтай

зиян не болмаса өмірге, денсаулыққа заңды құқықтары мен бостандыққа зиян келтіру қорқынышы туады.

Жеке басқа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түпкі объектісі жеке тұлға болып табылады. Қылмыстық құқық бұзушылықтар объектісі ретінде — бұл әлеуметтік рольдермен қоғамдық қатынастар жүйесінде қарастырылатын адам. Ол бір мезгілде биологиялық тіршілік иесі де, белгілі құқықтарды, міндеттерді, бостандық пен әлеуметтік құндылықтарды иеленуші де болады. Тікелей объектіні — жеке бастың өмірі, денсаулығы, бостандығы, ар-намысы сияқты құндылықтар.

Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың объективтік жағы — бұл жеке бастың өміріне, денсаулығына, бостандығына, ар-намысына қоғамдық қауіпті қол сұғушылық.

Құрамына қарай жеке адам қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар материалдық және формальдық болып бөлінеді. Материалдық құрамның объективтік жағы 3 міндетті белгілерден тұрады: 1) қоғамдық қауіпті әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік); 2) қоғамдық қауіпті зардаптар; 3) олардың арасындағы себепті байланыс.

Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар субъектісі заңмен белгіленген жасқа жеткен есі дұрыс адам, яғни қылмыс субъектісі жалпы болып танылады.

Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар субъективтік жағынан тура және жанама ниетпен істеледі.

Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды тікелей объектісіне байланысты төмендегідей топтарға бөлуге болады:

Өмірге қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар: Адам өлтіру (ҚР ҚК 99-бабы). Ауырлататын мән-жайларда адам өлтіру (ҚР ҚК 99-бабының 2-бөлігі). Жеңілдететін мән-жайларда адам өлтіру (ҚР ҚК 100-103-баптары). Абайсызда қаза келтіру (ҚР ҚК 104-бабы). Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу (ҚР ҚК 105-бабы).

Денсаулыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру (ҚР ҚК 106-бабы). Денсаулыққа қасақана орташа ауырлықтағы зиян келтіру (ҚР ҚК 107-бабы). Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру (ҚР ҚК 108-бабы). Бұл қылмыстың түрлері. Ұрып-соғу (ҚР ҚК 109-бабы).Қинау (ҚР ҚК 110-бабы) . Денсаулыққа жеңілдететін мән-жайларда зиян келтіру (ҚР ҚК 111-113-баптары). Денсаулыққа абайсызда зиян келтіру (ҚР ҚК 114-бабы).

Азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қылмыстық құқық бұзушылықтар. Қорқыту (ҚР ҚК 115-бабы). Адамның ағзалары мен тіндерін алып қоюға мәжбүрлеу немесе заңсыз алып қою (ҚР ҚК 116-бабы). Соз ауруын жұқтыру (ҚР ҚК 117-бабы). Адамның иммун тапшылығы вирусын (АИТВ/ЖИТС) жұқтыру (ҚР ҚК 118-бабы) Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері. Қауіпті жағдайда қалдыру (ҚР ҚК 119-бабы).

Жыныстық еркіндікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Зорлау (ҚР ҚК 120-бабы). Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері. Сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері (ҚР ҚК 121-бабы). Он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасау (ҚР ҚК 122-бабы). Жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерге мәжбүр ету (ҚР ҚК 123-бабы). Жас балаларды азғындық жолға түсіру (ҚР ҚК 124-бабы).

Адамның бас бостандығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Адамды ұрлау (ҚР ҚК 125-бабы). Бас бостандығынан заңсыз айыру (ҚР ҚК 126-бабы). Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері. Психиатриялық стационарға заңсыз орналастыру (ҚР ҚК 127-бабы). Адамды саудасы (ҚР ҚК 128-бабы).

Адамның жеке басының ар-ожданы мен қадір-қасиетіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Адамды клондау (ҚР ҚК 129-бабы). Жала жабу (ҚР ҚК 130-бабы) және оның түрлері. Қорлау (ҚР ҚК 131-бабы).

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 18-23; 52-58; 64-65; 72-73; 75-82; 90; 100; 103; 106; 116; 123; 128-133; 139; 157; 161-162; 170-172; 177; 181; 184; 187-190; 194-195; 201; 204; 207-208; 209-216.

**Семинар – 1 сағат**

1. ҚР Конституциясымен адамның жеке басына қол сұғылмаушылығын,азаматтарының құқықтары мен бостандықтарының кепілдігін қамтамасыз ету. Адамның жеке басына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері.
2. Адам өлтіру (ҚР ҚК 99 б. 1 б.).
3. Жаңа туған сәбиді анасының өлтіруі (ҚР ҚК 100 б.)
4. Қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде жасалған адам өлтіру (ҚР ҚК 102 б.)
5. Абайсызда кісі өлтіру (ҚР ҚК 104 б.).

**Семинар – 1 сағат**

1.Денсаулыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері.

2.Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру (ҚР ҚК 106 б.);

3. Денсаулыққа қасақана орташа ауырлықтағы зиян келтіру (ҚР ҚК 107 б.);

4. Қинау (ҚР ҚК 110 б.)

5. Қылмыс жасаған адамды ұстап алу кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру (ҚР ҚК 113 б.)

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 18-23; 52-58; 64-65; 72-73; 75-82; 90; 100; 103; 106; 116; 123; 128-133; 139; 157; 161-162; 170-172; 177; 181; 184; 187-190; 194-195; 201; 204; 207-208; 209-216.

**КОӨЖ – 1 сағат**

**Тапсырма:** Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (Ерекше бөлім) пәні бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтардытақырыпқа сәйкес қарастырылатын басптарды құрамы жағынанобъект, субъект, объективтік және субъективтік жақтарының белгілері бойынша талдау, жекелеген қылмыстық құқық бұзушылықтарды нормативтік құқықтық актілерге, қаулыларға сәйкес дұрыс саралау.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтарына жауап беру, қажеттілікке қарай тест тапсырмалары мен Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы бойынша есептер жинағында аталған тақырыпқа сәйкес есептерді шешу.

**КОӨЖ өткізу нысаны (түрі):** аудиториялық сабақ топтық және жеке түрде өткізіледі.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:**

Сабақтарға дайындалу барысында қылмыстық құқық бұзушылықтардың дұрыс саралануы бойынша мәселелерді талқыға салып, тақырып бойынша ұсынылған нормативтік-құқықтық актілерді, әдебиеттерді, оқу құралдарын қолдана отырып зерделеу. Курсант өзінің сөйлеу әрекетін сырттай қабылдауға мүмкіндік алады және мән-жайды ұғыну, ғалым заңгерлердің пікірлерін пайымдау және тәжірибелік ахуалды бағалау қабілеті қалыптасады.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 18-23; 52-58; 64-65; 72-73; 75-82; 90; 100; 103; 106; 116; 123; 128-133; 139; 157; 161-162; 170-172; 177; 181; 184; 187-190; 194-195; 201; 204; 207-208; 209-216.

**КӨЖ – 5 сағат**

**Тапсырма:**

1.Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау кезінде қылмыстық-құқықтық норманы қолдану дағдысы мен ептілікті қалыптастыру.

2.Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (Ерекше бөлім) пәні бойынша есептер жинағынан жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар тақырыбы бойынша 1-22 дейінгі жағдаяттық есептерді шығару.

***3.Тақырып бойынша келесідей нормативтік қаулыларды конспектілеу, оқып білу керек:***

- ҚР ЖСП «Соттардың денсаулыққа келтірген зиянын орнын толтыру жөніндегі заңдарды қолданудағы кейбір мәселелері туралы» қаулысы9 шілде 1999 ж. (18.06.2004. толық. өзгерістер.). ҚР ЖС Бюллетені, 1999 ж. № 6.
- ҚР ЖС «Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасының

адамның жеке бостандығының сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау, қинауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысына қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы мәселелер жөніндегі нормаларын қолдану туралы» Нормативтік қаулысы28.12.2009. ҚР ЖС Бюллетені, 2009 ж. № 12.

- Сот-медициналық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулық. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 20 мамырдағы N 368 Бұйрығы. ҚР ӘМ «РҚАО» РМК «Заң» МБ.

**Өзіндік бақылау материалдары:**

1. Денсаулыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы;
2. Жыныстық еркіндікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Жыныстық еркіндікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері, олардың қылмыстық-құқылық мінездемесі.
3. Адамның бас бостандығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар дың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы;

**Реферат тақырыптары:**

1. Қылмыс жасаған адамды ұстау кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтірудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
2. Соз ауруын жұқтырудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 18-23; 52-58; 64-65; 72-73; 75-82; 90; 100; 103; 106; 116; 123; 128-133; 139; 157; 161-162; 170-172; 177; 181; 184; 187-190; 194-195; 201; 204; 207-208; 209-216.

## 2-тақырып. Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

**Дәріс – 1 сағат**

1.Адамның өмірі мен денсаулығын қауіптілікке қоятын қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері:

Адамның ағзалары мен тіндерін алып қоюға мәжбүрлеу немесе заңсыз алып қою (ҚР ҚК 116-бабы).

2. Жыныстық қылмыстық құқық бұзушылықтар:

Зорлау (ҚР ҚК 120 б.);

Жас балаларды азғындық жолға түсіру (ҚР ҚК 124-бабы).

3.Адамның бас бостандығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар:

Адамды ұрлау (ҚР ҚК 125 б.).

4. Адамның жеке басының ар-ождані мен қадір-қасиетіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар:

Жала жабу (ҚР ҚК 130 б.)

**ДӘРІС ТЕЗИСІ**

Зорлау — әйелдің жыныстық еркіндігі мен жыныстық дербестігіне қол сұғудың ең ауыр түрлерінің бірі.

Бұл қылмыстың *объектісі* — әйел жынысты адамның жыныстық еркіндігі мен жыныстық дербестігі. Бұл — ер адаммен жыныстық қатынасқа бару мәселесін әйел өзі шешеді деген сөз.

Зорлаудың *объективтік жағы* жәбірленушіге немесе басқа адамдарға күш қолданып немесе оны қолданбақшы болып қорқытып не жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдаланып жәбірленушімен жыныстық қатынас жасауды көрсетеді. Бұл ретте әйел мен ер адамның кәдімгідей бірігуін жыныстық қатынасқа бару деп түсіну қажет. Егер жыныстық қатынас әйелдің ықтиярынсыз, оған күш жұмсалып немесе оны не басқа адамдарды қорқытып, не оның дәрменсіз күшін пайдаланып жасалса, ол зорлау болып танылады. Алдап немесе өзіне деген сенімді теріс пайдаланып жыныстық қатынасқа барудың әйелдің келісімін алса, онда зорлағандық болмайды.

*Субъективтік жағынан зорлау* әрқашан тікелей ниетпен жасалады, сондақтан да ол өзінің заңдық болмысы жағынан формальды қылмыстар қатарына жатады.

Зорлаудың *субъектісі* — зорлап әйелмен жыныстық қатынасқа барғанадамдар, сондай-ақ жәбірленушіні зорлау кезінде оларға көмектескен адамдар. Көмектескендер әйелдер де болуы мүмкін. Зорланғандық үшін жауаптылық 14 жастан басталады.

Адамды саудаға салу (ҚР ҚК 128 б.)

Нәпсіқұмарлық өзеге пайдалану үшін адамды алдау жолымен азғырып көндіру ҚР Конституциясы кепілдік берген, адамның жеке бас бостандығына оның өзі айналысатын істі таңдау еркіне қол сұғуды көздейтін қоғамға қауіпті іс-әрекет. Сондықтан да мәжбүрлеп жұмыс істеуге тек сот үкімі бойынша не төтенше немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі деп ҚР Конституциясында нақты көрсетілген. Еңбек бостандығы экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі халықаралық пакетке сәйкес конституция 24 бабының 1 тармағында жарияланған.

*Объектісі* — адамның бас бостандығы, қызмет түрін таңдау құқығы.

*Объективтік жағы* — нәпсіқұмарлық немесе өзгеде пайдалану үшін адамды алдау жолымен азғырып көндіру әрекеті.

Жәбірленушіні пайдалану дегеніміз — оның тікелей жасаған жұмысынан немесе оған кем ақы төлеу жолымен пайда түсіру. Нәпсі құмарлық үшін пайдаланғанда жәбірленушінің денесін затып пайда түсіреді, оны белгілі бір қызмет көрсетуге пайдаланып сыйақы алады. Соңғы кездері жас қыздарды жұмысқа орналастыру сылтауымен шетелге алып кету етек алды, ал істің шындығы — оларды нәпсіқұмарлық мақсатта пайдалану. Әр түрлі клубтарда, мейманханаларда, казиноларда, т.б. жерлерде табысы мол жұмыс істеуге азғырып көндірген қыздарды алдап шетелге алып барып әр түрлі нәпсіқұмарлық мақсатта пайдаланады.

Жәбірленушіні өзгедей пайдалану дегенміз — қандайда бір пайда алу мақсатында оның интеллектуалдық және қол еңбегін пайдалану.

Субъективтік жағы тікелей ниетпен сипатталады. Кінәлі өзінің пайдалану үшін адамдарды алдау жолымен азғырып көндіргенін ұғынады, соны тілейді.

*Субъектісі* – жасы 16-ға толған, есі дұрыс адам.

Жала жабу — ҚР ҚК 130-бабы

Жала жабу — басқа адамның ар-намыс пен қадір-қасиетіне нұқсан келтіренін немесе оның беделін түсіретін көрінеу жалған мәліметтер тарату. Оның қоғамға қауіптілігі сонда — ол адамның арнамасы мен қадір-қасиетіне зиян келтіреді, сондай-ақ беделін түсіреді.

*Объектісі* — адамның арнамасы мен қадір-қасиеті. Бұл бап бойынша жәбірленуші кез-келген адам — жас бала да, ақылы да дұрыс емес те, тірі де, өлі де болуы мүмкін.

*Объективтік жағы* басқа адамның арнамасы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін немесе оның белделін түсіретін көрінеу жалған мәліметтерді таратумен сипатталады.

Мәліметтерді тарату дегеніміз — болған сияқты фауті жайындағы мәліметтерді кемінде бір адамға айту. Ондай хабарды айтқан кезде жала жабылған адамның ол жерде болуы міндетті емес. Сол мәліметтерді жала жабылатын адамның өзіне ғана жеткізу жала жабу деп танылмайды. Жалған, бірақ беделді түсірмейтін мәліметтерлі таратуда жала жабудың нышаны болмайды.

*Субъективтік жағы* тікелей қасақаналық ниетпен сипатталады. Басқа адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін және оның беделін түсіретін жалған фактілерді өзінің таратқанын кінәлінің ұғынатынын және соның тілейтінін анықтау қажет.

Жала жабудың себептері әр түрлы болады: қызғаныш, көре алмау, біреуге зиян келтіру, т.б.

***Субъектісі***— жасы 16 толған есі дұрыс адам.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 18-23; 52-58; 64-65; 72-73; 75-82; 90; 100; 103; 106; 116; 123; 128-133; 139; 157; 161-162; 170-172; 177; 181; 184; 187-190; 194-195; 201; 204; 207-208; 209-216.

**Семинар – 1 сағат**

1. Қорқыту (ҚР ҚК 115-бабы).
2. Адамның иммун тапшылығы вирусин (АИТВ/ЖИТС) жұқтыру (ҚР ҚК 118-бабы).
3. Зорлау (ҚР ҚК 120-бабы).
4. Он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасау (ҚР ҚК 122-бабы).
5. Жас балаларды азғындық жолға түсіру (ҚР ҚК 124-бабы).

**Семинар – 1 сағат**

1. Адамды ұрлау (ҚР ҚК 125-бабы).
2. Бас бостандығынан заңсыз айыру (ҚР ҚК 126-бабы).

3.Адам саудасы (ҚР ҚК 128-бабы).

4.Жала жабу (ҚР ҚК 130-бабы).

5.Қорлау (ҚР ҚК 131-бабы).

**Тапсырма:**Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті нормативтік-құқықтық актілерді конспектілеу керек.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 18-23; 52-58; 64-65; 72-73; 75-82; 90; 100; 103; 106; 116; 123; 128-133; 139; 157; 161-162; 170-172; 177; 181; 184; 187-190; 194-195; 201; 204; 207-208; 209-216.

**Практикалық сабақ - 1 сағат**

Сабақтың мақсаты — осы тақырып бойынша алынған білімдердітәжірибелік есептерді шешу кезінде шебер қолдана білу.

**Тапсырма:** Семинар сабақтарында көрсетілген сұрақтарға ауызша жауап дайындау.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық құқығы Ерекше Бөлім бойынша есептер жинағында көрсетілген тәжірибелік тапсырмаларды шешу.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 18-23; 52-58; 64-65; 72-73; 75-82; 90; 100; 103; 106; 116; 123; 128-133; 139; 157; 161-162; 170-172; 177; 181; 184; 187-190; 194-195; 201; 204; 207-208; 209-216.

**КОӨЖ – 1 сағат**

**Тапсырма:** Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (Ерекше бөлім) пәні бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтарды тақырыпқа сәйкес қарастырылатын баптарды құрамы жағынан объект, субъект, объективтік және субъективтік жақтарының белгілері бойынша талдау, жекелеген қылмыстық құқық бұзушылықтарды нормативтік құқықтық актілерге, қаулыларға сәйкес дұрыс саралау.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтарына жауап беру, қажеттілікке қарай тест тапсырмалары мен Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы бойынша есептер жинағында аталған тақырыпқа сәйкес есептерді шешу.

**КОӨЖ өткізу нысаны (түрі):** аудиториялық сабақ топтық және жеке түрде өткізіледі.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:**

Сабақтарға дайындалу барысында қылмыстық құқық бұзушылықтардың дұрыс саралануы бойынша мәселелерді талқыға салып, тақырып бойынша ұсынылған нормативтік-құқықтық актілерді, әдебиеттерді, оқу құралдарын қолдана отырып зерделеу. Курсант өзінің сөйлеу әрекетін сырттай қабылдауға мүмкіндік алады және мән-жайды ұғыну, ғалым заңгерлердің

пікірлерін пайымдау және тәжірибелік ахуалды бағалау қабілеті қалыптасады.

**Әдебиеттер**:1-4; 18-23; 52-58; 64-65; 72-73; 75-82; 90; 100; 103; 106; 116; 123; 128-133; 139; 157; 161-162; 170-172; 177; 181; 184; 187-190; 194-195; 201; 204; 207-208; 209-216.

**КӨЖ – 7 сағат**

**Тапсырма:**

1.Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды (ҚР ҚК-нің 99-131-баптар)саралау кезінде қылмыстық-құқықтық норманы қолдану дағдысы мен ептілікті қалыптастыру.

2.Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (Ерекше бөлім) пәні бойынша есептер жинағынан жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар тақырыбы бойынша 1-22 дейінгі жағдаяттық есептерді шығару.

***3.Тақырып бойынша келесідей нормативтік қаулыларды конспектілеу, оқып білу керек:***

- Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының «Адам өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» нормативтік қаулысы11.05.2007 ж. (кейінгі өзг. мен толықтыр. 21.04.2011 ж).
- ҚР Жоғары Сотының «Зорлау және өзге де нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттерімен байланысты қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысы11 мамыр 2007 ж. (кейінгі өзг. мен толықтыр.). (кейінгі өзг. мен толықтыр. 21.04.2011 ж).
- ҚР ЖСП «Азаматтар мен ұйымдардың ар-ожданы мен қадір қасиетін қорғау туралы заңды сот тәжірибесінде қолдану туралы» қаулысы18.12.1992. (15.05.1998 өзгерістер.). ҚР ЖС Қаулылардың жинағы, 1992 ж.

**Өзіндік бақылау материалдары:**

1. Өмірге қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы;
2. Азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қылмыстық құқық бұзушылықтар дың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы;
3. Адамның бас бостандығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар дың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы;
4. Адамның жеке басының ар-ожданы мен қадір-қасиетіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар дың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

**Реферат тақырыптары:**

1. Аса қатыгездікпен адам өлтірудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
2. Бұзақылық ниетпен адам өлтірудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
3. Қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтірудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 18-23; 52-58; 64-65; 72-73; 75-82; 90; 100; 103; 106; 116; 123; 128-133; 139; 157; 161-162; 170-172; 177; 181; 184; 187-190; 194-195; 201; 204; 207-208; 209-216.

## 3-тақырып. Отбасына және кәмелетке толмағандарғақарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

**Дәріс – 1 сағат**

1.Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері.

2. Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға тарту (ҚР ҚК 132-бабы).

3. Кәмелетке толмаған адамды қоғамға жат әрекеттер жасауға тарту ҚР ҚК 133 бабы).

4. Кәмелетке толмағандар саудасы (ҚР ҚК 135-бабы).

5. Балаларын күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеу жөніндегі міндеттерді орындамау, еңбекее қабілетсіз ата-аналарын, еңбекке қабілетсіз жұбайын (зайыбын) күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеуден жалтару (ҚР ҚК 139-бабы).

**ДӘРІС ТЕЗИСІ**

Қазақстан Республикасы Конституциясының 27-бабында неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады деп кепілдік береді.

Неке мен отбасы, ана мен әке және баланы мемлекеттік қорғау құқықтыңкөптеген салалары арқылы, солардьңқатарында қылмыстыққұқық арқылы да қамтамасыз етіледі.

Кез келген нормалар жиынтығының жекешеленуінің теориялық негізі болып ҚР Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімінің жеке тарау түрінде отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтаробъектісі туралы, яғни қылмыстық әрекеттің нәтижесінде зиян келген немесе осындай қатер тууы мүмкін қоғамдық қатынастар туралы ілім табылады. Бұл ілім қатысушысының бірі болып кәмелетке толмағандар, басқаша айтқанда, мемлекет тарапынан ерекше қамқорлықты қажет ететін, біздің еліміздің болашағы - өскелең ұрпақ өкілдері болып табылатын қоғамдық қатынастар тобын көруге мүмкіндік береді. Бұл қатынастарды қылмыстық- құқықтық жолдармен қорғаудың басты мәні кәмелетке толмаған азаматтың мүддесін корғау, жеке адамның калыпты дене дамуы, зияткерлік және адамгершілік қасиеттерінің қалыптасу жағдайларын жасау деген түсінікке әкеледі.

Кәмелетке толмағандардың дұрыс даму жағдайларының шешуші кезіотбасының сәтті болуына байланысты, яғни некеге, туыстыққа, балаларды асырап алу немесе тәрбиеге алуға негізделген адамдардың одағына тәуелдіжәне олардыңөмірі, мүдделері, өзара қамқорлығы, сондай-ақ екі

жақтыңқұқықтары мен міндеттерінің ортақтығына байланысты екені жалпыға мәлім. Сондықтан кәмелетке толмаған адамды қорғау туралы мәселе отбасылыққарым-қатынастармен, оның ішінде қылмыстық құқықтық тәсілдермен де тікелей байланысты.

Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардыңтектік объектісі отбасын, ата-аналардың (асырап алушылардың) заңдық құқықтарын, кәмелетке толмағандардың қалыпты дене дамуын, зияткерлік және адамгершілік қасиеттерінің дамуын қорғау бойынша қалыптасқан қоғамдық қатынастар болып табылады.

Тікелей объектісі кәмелетке толмағандардың адам ретінде қалыптасуын немесе еңбекке жарамсыз ата-аналардың қалыпты өмір сүруін қамтамасыз ету бойынша нақты қоғамдық қатынастар болып табылады.

Жәбірленушілер: жас балалар, кәмелетке толмағандар, ата-аналар немесе асырап алушылар болуы мүмкін. Жәбірленушілердің заңдық мүдделері олардың жасына, зияткерлік даму деңгейіне, денсаулық жағдайына тәуелсіз қорғалады.

Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың басым көпшілігінің объективтік жағы кінәлілердің іс-әрекеттерімен жасалады.

Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамының субъективтік жағы тікелей пиғылмен сипатталады. Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардың себептері әр түрлі: пайдакүнемдік және басқа да арам ниеттер (ыза, кек, қызғаныш, өшпенділік және т.б.).

Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардыңсубъектісіқылмыстық құқық бұзушылықтар жасалған сәтте 16-ға толған адамдар болуы мүмкін.

Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері келесідей:

Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға тарту (ҚР ҚК 132-бабы). Кәмелетке толмаған адамды қоғамға жат әрекеттер жасауға тарту (ҚР ҚК 133-бабы). Кәмелетке толмаған адамды жезөкшелікпен айналысуға тарту (ҚР ҚК 134-бабы). Кәмелетке толмағандар саудасы (ҚР ҚК 135-бабы). Кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау (ҚР ҚК 140-бабы). Балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді тиісінше орындамау (ҚР ҚК 141-бабы).

Отбасына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Баланы ауыстыру (ҚР ҚК 136-бабы). Бала асырап алу жөніндегі заңсыз әрекет (ҚР ҚК 137-бабы). Бала асырап алу құпиясын жария ету (ҚР ҚК 138-бабы). Балаларын күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеу жөніндегі міндеттерді орындамау, еңбекке қабілетсіз ата-аналарын, еңбекке қабілетсіз жұбайын (зайыбын) күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеуден жалтару (ҚР ҚК 139-бабы). Қорғаншы немесе қамқоршы құқықтарын теріс пайдалану (ҚР ҚК 142-

бабы). Кәмелетке толмаған адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге заңсыз әкету (ҚР ҚК 143-бабы). Кәмелетке толмағандарды эротикалық мазмұндағы өнімді жасауға тарту (ҚР ҚК 144-бабы).

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 6; 13; 18; 23-27; 52-58; 62-65; 78; 109; 128-133; 164; 171; 187-190; 191; 194-195; 201; 202; 204; 205; 207-208; 209-216.

**Семинар – 1 сағат**

1. Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері.
2. Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға тарту (ҚР ҚК 132-бабы).
3. Кәмелетке толмаған адамды жезөкшелікпен айналысуға тарту (ҚР ҚК 134-бабы).
4. Кәмелетке толмағандар саудасы (ҚР ҚК 135-бабы).
5.Балаларын күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеу жөніндегі міндеттерді орындамау, еңбекке қабілетсіз ата-аналарын, еңбекке қабілетсіз жұбайын (зайыбын) күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеуден жалтару (ҚР ҚК 139-бабы).
6.Кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау (ҚР ҚК 140-бабы).

**Тапсырма:**Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті нормативтік-құқықтық актілерді конспектілеу керек.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 6; 13; 18; 23-27; 52-58; 62-65; 78; 109; 128-133; 164; 171; 187-190; 191; 194-195; 201; 202; 204; 205; 207-208; 209-216.

**КОӨЖ – 1 сағат**

**Тапсырма:** Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (Ерекше бөлім) пәні бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтарды тақырыпқа сәйкес қарастырылатын басптарды құрамы жағынан объект, субъект, объективтік және субъективтік жақтарының белгілері бойынша талдау, жекелеген қылмыстық құқық бұзушылықтарды нормативтік құқықтық актілерге, қаулыларға сәйкес дұрыс саралау.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтарына жауап беру, қажеттілікке қарай тест тапсырмалары мен Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы бойынша есептер жинағында аталған тақырыпқа сәйкес есептерді шешу.

**КОӨЖ өткізу нысаны (түрі):** аудиториялық сабақ топтық және жеке түрде өткізіледі.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:**

Сабақтарға дайындалу барысында қылмыстық құқық бұзушылықтардың дұрыс саралануы бойынша мәселелерді талқыға салып, тақырып бойынша ұсынылған нормативтік-құқықтық актілерді, әдебиеттерді, оқу құралдарын қолдана отырып зерделеу. Курсант өзінің сөйлеу әрекетін сырттай

қабылдауға мүмкіндік алады және мән-жайды ұғыну, ғалым заңгерлердің пікірлерін пайымдау және тәжірибелік ахуалды бағалау қабілеті қалыптасады.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 6; 13; 18; 23-27; 52-58; 62-65; 78; 109; 128-133; 164; 171; 187-190; 191; 194-195; 201; 202; 204; 205; 207-208; 209-216.

**КӨЖ – 3 сағат**

**Тапсырма:**

1.Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды (ҚР ҚК-нің 132-144-баптар)саралау кезінде қылмыстық-құқықтық норманы қолдану дағдысы мен ептілікті қалыптастыру.

2.Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (Ерекше бөлім) пәні бойынша есептер жинағынан отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар тақырыбы бойынша 1-10 дейінгі жағдаяттық есептерді шығару.

***3.Тақырып бойынша келесідей нормативтік қаулыларды конспектілеу, оқып білу керек:***

- ҚР ЖС "Кәмелетке толмағандардың қылмыстары және оларды қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тарту жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы" нормативтік қаулысы11 сәуір 2002 ж. /11.07.2005, 25.12.2006. өзгер. және толық./. ҚР ЖС Бюллетені, 2002 ж. № 4.

**Өзіндік бақылау материалдары:**

1. Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері.
2. Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
3. Отбасына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
4. Кәмелетке толмағандардың ұғымы.

**Реферат тақырыптары:**

1. Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға тартудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
2. Баланы ауыстырудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы..
3. Баланы асырап алу құпиясын жария етудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы..
4. Қорғаншы немесе қамқоршы құқықтарын теріс пайдаланудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
5. Кәмелетке толмағандар саудасының қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 6; 13; 18; 23-27; 52-58; 62-65; 78; 109; 128-133; 164; 171; 187-190; 191; 194-195; 201; 202; 204; 205; 207-208; 209-216.

## 4-тақырып. Адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

**Дәріс – 1 сағат**

1.Адамның және азаматтың конституциялық және басқа да құқықтары мен бостандықтарының қылмыстық-құқықтық қорғау объектісіретіндегі ұғымы мен түрлері.

2.Адамның және азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар:

Азаматтардың тең құқықтылығың бұзу (ҚР ҚК 145-бап).

Азаптаулар (ҚР ҚК 146 бап).

Тұрғын үйге қол сұғылмаушылықты бұзу (ҚР ҚК 149-бап).

3.Адамның және азаматтардың еңбек құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар:

Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын бұзу. (ҚР ҚК 152-бап)

4.Адамның және азаматтардың саяси құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар:

Сайлау құқығын жүзеге асыруға немесе сайлау комиссияларыныңжұмысына кедергі жасау (ҚР ҚК 150-бап);

**ДӘРІС ТЕЗИСІ**

Адамгершілік пен адам құқықтарының басымдылық идеялары қазақстандық қоғам мен мемлекеттік құрылыстың саяси-экономикалық бағытында нық орын алып отыр.

Қазақстанда өткізіліп жатқан саяси және әлеуметтік-экономикалық реформалар ең бастысы адами факторларға, азаматтардың тіршілік қызметінің барлық саласындағы белсенділігін көтеруге байланысты болады. Дегенмен, шығармашылық ынта-жігерді дамыту жеке адамның бостандығымен тығыз байланыстағы қоғамды демократияландыру мен адамгершіліктендіру үдерістерін одан әрі кеңейтпей және тереңдетпей мүмкін емес. Бостандық – адамның ең болмағанда өзін еңбекші, қоғам қайраткері және тұлға ретіндегі әлеуметтік үш қырынан көрсете алатын жалғыз ғана мүмкіндігінің жай-күйі. Тұлғаның бостандығы адамның өзіне берілген ойлау мүмкіндігі және өзінің ой-пікірімен, көзқарасымен тиісті және қалаған мақсатына жету мүмкіндігі, сөйтіп өзінің «мен» деген ойын жүзеге асыруды білдіреді.

Мемлекет пен жеке тұлғаның жауапкершіліктері өзара байланысқан құқықтық мемлекетте адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау негізгі идея болып табылады. Сонымен қоймай мемлекет пен азаматтар арасындағы дау туа қалған жағдайда артықшылық соңғысына беріледі. Мемлекеттік органдардың тиісті заңды тіркелген жағдайлардан басқа жағдайларда әрбір азаматтың ажырамас әрі мызғымас құқықтар мен бостандықтарға ие болатындығы мемлекет тарапынан ескерілуі тиіс. Бұл құқықтар қоғаммен де, мемлекетпен де берілмеген, ол әрбір адамның тумысында адамзат

табиғатымен және ерекшелік орнына қарй берілген. Әрине, бұл жерде өмір қоғамда оның жекелеген мүшелеріне бостандықты шектеп беретінін де ескермй кетпеуге болмайды. Дегенмен мұндай жағдайда қоғамның әрбір мүшесі өмірдегі өз орнын біліп, нені істеуге болатынын немесе істеуге болмайтынын айыра білуі тиіс. Бостандық заңмен белгілініп және қорғалады, яғни құқықтық табиғатына ие болады. Тұлғаның демократиялық үлгісін құқықты әбсәттік пайда мен мақсатқа бағынышсыз өз алдына дербес әлеуметтік құндылық ретінде танып-білмей қалыптастыру мүмкін емес. Оның үстіне құқық гуманизм мен моральдың негізін құраушы құндылықтарын өзіне қарай жинақтап алған, әділеттілікпен өлшенген озбырлық пен біржақты үстемдікті қабыл алмау. Тек қана осындай жағдайда ғана адам бостандығын қамтамасыз ету мүмкін.

Қазақстан Республикасының Конституциясы адам құқықтары туралы халықаралық құжаттардың негізгі идеялары мен ережелерін қабыл алып және оларды мемлекетіміздің ерекшелік жағдайларын ескере отырып бекітті. 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген тұлғаның құқықтық мәртебесі адам мен азаматтың құқықтары тұжырымдамасына негізделіп және халықаралық-құқықтық құжаттардың негізгі ережелерінен туындаған. Конституцияда мемлекеттің адам мен азаматқа қатынасы туралы ережелер бекітілген. «Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады» (12-б. 2-тар.). Мемлекеттің адамның табиғи тән құқығын осылайша тануы Конституциясының «Адам және азамат» деп аталатын 2-бөлімінің мазмұнын білдіреді және оның бастау негізі болып табылады. Негізгі заңда бекітілген құқықтар мен бостандықтар жәй ғана жиынтықты емес, қисынды негізі бар белгілі бір жүйені құрайды. Осының соңғысы адам мен азаматтың тіршілік қызметі саласындағы жанасатын құқытар мен бостандықтардың ерекшелігін көрсетеді.

Адамның және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың тектік объектісі конституциялық құқықтар мен бостандықтар болып табылады.

Тікелей объектісі деп белгілі бір қылмыстық әрекет қол сұғатын адамның және нақты бір конституциялық құқықтары мен бостандықтары танылады.

Адамның және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың объективтік жағы әрекет жасаумен сипатталады, ал кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтар әрекетсіздік жолымен жасалуы да мүмкін.

Адамның және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың барлығы да, егер құрамы формальды болса тура ниетпен, және құрамы материалдық болғанда тура немесе жанама ниетпен сипатталады.

Адамның және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың бәрінің субъектісі 16 жасқа толған, есі дұрыс, жеке адам болып табылады. Кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамдырынң субъектісі арнайы.

Адамның және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды тікелей объектісіне қарай мына төмендегідей топтарға бөлуге болады:

Адамың және азаматтың жеке құқықтары мен бостандықтарына қарсықылмыстық құқық бұзушылықтар:Адамның және азаматтың тең құқықтылығын бұзу (ҚР ҚК 145-бабы). Азаптаулар (ҚР ҚК 146-бабы). Жеке өмірге қолсұғылмаушылықты және Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзу (ҚР ҚК 147-бабы). Хат жазысу, телефонмен сөйлесу, пошта, телеграф хабарлары немесе өзге хабарлар құпиясын заңсыз бұзу (ҚР ҚК 148-бабы). Тұрғынжайға қолсұғылмаушылықты бұзу (ҚР ҚК 149-бабы). Жиналыс, митинг, демонстрация, шеру, пикет ұйымдастыруға, өткізуге немесе оларға қатысуға кедергі жасау (ҚР ҚК 155-бабы).

Азаматтардың саяси құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар:Сайлау құқықтарын жүзеге асыруға немесе сайлау комиссияларының жұмысына кедергі жасау (ҚР ҚК 150-бабы). Сайлау құжаттарын, референдум құжаттарын бұрмалау немесе дауыстарды дұрыс есептемеу (ҚР ҚК 151-бабы).

Азаматтардың еңбек құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын бұзу (ҚР ҚК 152-бабы). Кәмелетке толмағандарға қатысты Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын бұзу (ҚР ҚК 153-бабы). Жұмыскерлер өкілдерінің заңды қызметіне кедергі жасау (ҚР ҚК 154-бабы). Еңбекті қорғау қағидаларын бұзу (ҚР ҚК 156-бабы). Ереуілге қатысуға немесе ереуілге қатысудан бас тартуға мәжбүрлеу (ҚР ҚК 157-бабы).

Ақпарат саласындағы құқықтар мен бостандықтарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар:Журналистің заңды кәсіби қызметіне кедергі жасау (ҚР ҚК 158-бабы). Ақпараттық ресурстарға қол жеткізу құқығын заңсыз шектеу (ҚР ҚК 159-бабы).

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4;5; 8; 20; 23;28-30; 52-58; 69; 78; 128-133; 151; 155; 186; 187-190; 194-195; 201; 207-208; 209-216.

**Семинар – 1 сағат**

1.Адамның және азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар ұғымы мен түрлері:

2. Азаматтардың тең құқықтылығын бұзу (ҚР ҚК 145-бап).

3. Азаптаулар  (ҚР ҚК 146 бап).

4. Жеке өмірге қол сұғылмаушылықты бұзу (ҚР ҚК 147-бап).

5.Тұрғын үйге қол сұғылмаушылықты бұзу (ҚР ҚК 149-бап).

**Семинар – 1 сағат**

1.Сайлау құқықтарын жүзеге асыруға немесе сайлау комиссияларының жұмысына кедергі жасау (ҚР ҚК 150-бабы).

2. Сайлау құжаттарын, референдум құжаттарын бұрмалау немесе дауыстарды дұрыс есептемеу (ҚР ҚК 151-бабы).

3. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын бұзу (ҚР ҚК 152-бабы).

4. Жиналыс, митинг, демонстрация, шеру, пикет ұйымдастыруға, өткізуге немесе оларға қатысуға кедергі жасау (ҚР ҚК 155-бабы).

5. Еңбекті қорғау қағидаларын бұзу (ҚР ҚК 156-бабы).

**Тапсырма:**Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті нормативтік-құқықтық актілерді конспектілеу керек.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 8; 20; 23; 28-30; 52-58; 69; 78; 128-133; 151; 155; 186; 187-190; 194-195; 201; 207-208; 209-216.

**Практикалық сабақ - 1 сағат**

Сабақтың мақсаты — осы тақырып бойынша алынған білімдердітәжірибелік есептерді шешу кезінде шебер қолдана білу. Тақырып бойынша алған теориялық және тәжірибелік білімдерін бекіту.

**Тапсырма:** Семинапр сабақтарында көрсетілген сұрақтарға ауызша жауап дайындау.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық құқығы Ерекше Бөлім бойынша есептер жинағында көрсетілген тәжірибелік тапсырмаларды шешу.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 8; 20; 23; 28-30; 52-58; 69; 78; 128-133; 151; 155; 186; 187-190; 194-195; 201; 207-208; 209-216.

**КОӨЖ – 1 сағат**

**Тапсырма:** Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (Ерекше бөлім) пәні бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтарды тақырыпқа сәйкес қарастырылатын баптарды құрамы жағынан объект, субъект, объективтік және субъективтік жақтарының белгілері бойынша талдау, жекелеген қылмыстық құқық бұзушылықтарды нормативтік құқықтық актілерге, қаулыларға сәйкес дұрыс саралау.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтарына жауап беру, қажеттілікке қарай тест тапсырмалары мен Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы бойынша есептер жинағында аталған тақырыпқа сәйкес есептерді шешу.

**КОӨЖ өткізу нысаны (түрі):** аудиториялық сабақ топтық және жеке түрде өткізіледі.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:**

Сабақтарға дайындалу барысында қылмыстық құқық бұзушылықтардың дұрыс саралануы бойынша мәселелерді талқыға салып, тақырып бойынша ұсынылған нормативтік-құқықтық актілерді, әдебиеттерді, оқу құралдарын қолдана отырып зерделеу. Курсант өзінің сөйлеу әрекетін сырттай қабылдауға мүмкіндік алады және мән-жайды ұғыну, ғалым заңгерлердің пікірлерін пайымдау және тәжірибелік ахуалды бағалау қабілеті қалыптасады.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 8; 20; 23; 28-30; 52-58; 69; 78; 128-133; 151; 155; 186; 187-190; 194-195; 201; 207-208; 209-216.

**КӨЖ – 7 сағат**

**Тапсырма:**

1.Адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды (ҚР ҚК-нің 145-159-баптар)саралау кезінде қылмыстық-құқықтық норманы қолдану дағдысы мен ептілікті қалыптастыру.

2.Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (Ерекше бөлім) пәні бойынша есептер жинағынан адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар тақырыбы бойынша 1-10 дейінгі жағдаяттық есептерді шығару.

***3.Тақырып бойынша келесідей нормативтік қаулыларды конспектілеу, және оқып білу керек:***

- Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Пленумының «Соттардың мемлекеттік өкімет, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, коғамдық бірлестіктердін, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен мемлекеттік қызметшілердің шешімдері мен әрекеттеріне (немесе әрекетсіздігіне) дау айту жөніндегі заінаманы қолдануы туралы» қаулысы. 19.12.2003. ҚР ЖС Бюллетені, 2003 ж. № 12.
- Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Пленумының "Тұрғын үйге меншік құқы туралы заңдарды қолданудың кейбір мәселелері туралы" қаулысы9 шілде 1999 ж. ҚР ЖС Бюллетені, 1999 ж. № 7.
- Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасының адамның жеке бостандығының сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау, қинауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысына қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы мәселелер жөніндегі нормаларын қолдану туралы» нормативтік қаулысы28.12.2009ж. ҚР ЖС Бюллетені, 2009 ж. № 12.

**Өзіндік бақылау материалдары:**

1. Адамның және азаматтың конституциялық және басқа да құқықтары

мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы.

2. Адамның және азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостан-дықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

3. Адамның және азаматтардың саяси құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

4. Адамның және азаматтардың еңбек құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

5. Ақпарат саласындағы құқықтар мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

**Реферат тақырыптары:**

1. Жеке өмірге қолсұғылмаушылықты және Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзу.

2. Хат жазысу, телефонмен сөйлесу, почта, телеграф хабарларының немесе өзге хабарлар құпиясын заңсыз бұзудың сипаттамасы.

3. Сайлау құжаттарын, референдум құжаттарын бұрмалау немесе дауыстарды қате есептеу.

4. Жиналыс, митинг, бой көрсету, шеру өткізуге, пикет жасауға немесе оларға қатысуға кедергі жасау.

5. Журналистің заңды кәсіптік қызметіне кедергі келтіру.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 8; 20; 23; 28-30; 52-58; 69; 78; 128-133; 151; 155; 186; 187-190; 194-195; 201; 207-208; 209-216.

## 5-тақырып. Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Мемлекеттің Конституциялық құрылысына және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

**Дәріс – 1 сағат**

1.Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы және түрлері.

Геноцид (ҚР ҚК 168 б.);

Жалдамалылық (ҚР ҚК 170 б.);

Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни араздықты қоздыру (ҚР ҚК 174 бап).

2.Мемлекеттің конституциялық құрылыс негіздеріне және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері.

Мемлекетке опасыздық жасау (ҚР ҚК 175-бабы).

Билікті басып алуды немесе ұстап тұруды насихаттау немесе оған жария түрде шақыру, сол сияқты билікті басып алу немесе ұстап тұру не Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгерту (ҚР ҚК 179-бабы).

**ДӘРІС ТЕЗИСІ**

Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесі қылмыстық-құқықтық қорғау объектілерінің тізіміне алғаш еніп отыр (ҚР ҚК 2-бабы). Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды Ерекше бөлімнің тарауында айрықша көрсете отырып, заң шығарушы, қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамдарын «халықаралық қылмыстар» деген атауға ие болған қол сұғушылықтармен күрес жөніндегі әлемдік қауымдастықтармен қабылданған міндеттемелерді ескере отырып жүйеге келтіріп және қалыптастыра білген.

Атап өту керек, бұл бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың көпшілігі бұрын халықаралық қылмыс ретінде талданды, басқалары кейінгі кезде халықаралық сипаттағы қылмыстың жаңа құрамы ретінде пайда болса, енді біразы жаңа қасиеттерге ие болып халықаралық қылмыстарға жақындай түсті.

Халықаралық қылмыстар үшін жалпы тән қасиет, олардың бәрінің мемлекеттер арасындағы екіжақты және көпжақты жасалған келісім-шарттардағы және халықаралық сипаттағы мүдделерге қол сұғуы болып табылады.

Халықаралық қылмыстар – бұл халықаралық қауымдастық негіздерінің өзіне қол сұғатын және оған ауыр зиян келтіретін, жаппай алғанда бейбітшілікті, адамдарды қорғау мен халықаралық қауымдастықтардың өмірлік маңызды мүдделерін қамтамасыз ету жолында адамзат өркениеті үшін маңызы бар халықаралық құқық қағидалары мен нормаларын бұзушылықтың қауіпті түрі, деген қорытынды жасауға болады.

Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың тектік объектісі-бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігі, яғни халықаралық құқық нормаларын сақтау мен мемлекеттер мен халықтардың өмір сүру негіздерін қамтамасыз ету нәтижесінде қалыптасқан қоғамдық қатынастар, сондай-ақ, жалпы алғанда халықтар мен мемлекеттер арасындағы шиеленістерді шешу мен даулы мәселелерді бейбіт жолмен реттеуге, сондай-ақ адамның өмір сүруінің қауіпсіздік шарттарын қорғайтын халықаралық бейбіт өмір мен қауіпсіздікті қорғаудың негізгі қағидалары (бейбіт қатар өмір сүру принципі, күш қолданбау, шекаралардың мызғымастығы, аумақтық тұтастық, халықтардың өзін өзі билеуі мен мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау, адам құқықтарын қастерлеу мен халықаралық міндеттемелерді адал ниетпен орындау).

Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың бәрі дерлік қылмыстық құқық бұзушылықтардың формальды құрамына жатады, яғни олардың объективтік жақтары міндетті белгі ретінде қоғамға қауіпті әрекет жасауды ғана алатын болса, ал қоғамдық қауіпті зардаптар құрамының шеңберінен тыс жатады.

Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъективтік жақтары кінәнің тура ниетімен сипатталады. Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъектілері 16 жасқа толған, есі

дұрыс, жеке адамдар бола алады. Кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша арнайы субъектілердің болуы нышаны байқалады.

Құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық шаралар жүйесінде мемлекеттің конституциялық құрылысы мен қауіпсіздігіне қол сұққаны үшін қылмыстық жауаптылықты қарастыратын нормалар қылмыстық заңмен көзделген қоғамдық қатынастарды қорғаудың маңызды функциясын атқарады.

Мемлекеттің конституциялық құрылыс негіздеріне және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың қоғамға айтарлықтай қауіптілігі ескеріліп, оған қарсы күрес құқық қорғау органдарының негізгі бағыттарының бірі болып қала береді.

Бұл жолдағы күрес мемлекеттің конституциялық құрылысы мен қауіпсіздігіне қарсы қылмыс үшін жауаптылық негізделелері мен шарттарын қарастыратын қылмыстық заңнамалар негізінде жүргізілетін болғандықтан оны дұрыс қолдана білу мәселесінің теориялық және практикалық маңызы бар.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 28 тамыздағы N 858 Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы Жарлығында Мемлекеттің құқықтық саясатының маңызды буыны қылмыстық саясат болып табылады, оны жетілдіру қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу және қылмыстық-атқару құқығын, сондай-аққұқықта қолдануды кешенді, өзара байланыста түзету арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттің конституциялық құрылыс негіздеріне және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың тектік /топтық/ объектісі екі бөліктен тұрады – конституциялық құрылыс және мемлекеттің қауіпсіздігі.

Қазіргі әдебиеттерде конституциялық құрылыс негіздері деп конституциялық құрылыстың жекелеген жүйелік бөліктерін реттеуді негізге ала отырып жекелеген мемлекеттердің конституцияларындағы конституциялық құқықтық реттеудің объектісі болып саналатын қоғамдық қатынастарды анықтаушы және реттеуші қағидалар жүйесі танылады.

Тектік объектінің екінші бөлігі ретіндегі қауіпсіздікті тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің өмірлік маңызы бар мүдделерін ішкі және сыртқы қауіптерден қорғалуының жай-күйі деп тануға болады. Өмірлік маңызы бар мүдделер деп тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің күнделікті күн көрісі мен прогрессивті дамуын сенімді түрде қамтамасыз ететін қажеттіліктер жиынтығы саналады. Қарастырып отырған қылмыстық құқық бұзушылықтар түрлеріне байланысты қауіпсіздіктің негізгі объектілеріне жататындар: мемлекеттің конституциялық құрылысы, егемендігі, қорғаныс қабілеті мен аумақтық тұтастығы.

Конституциялық құрылыс – бұл қоғамдық өмір мен құқықтық сана-сезімде адамдардың, азаматтық қоғам мен мемлекеттің арасындағы тұрақты, әділетті, адамгершіліктік және құқықтық қарым-қатынастарды нығайтуға

көмектесетін негізге алынған реттеуші күштердің жиынтығына негізделген, адамгершіліктік және конституциялық әмірге бағынатын әлеуметтік-құқықтық қатынастар мен институттардың біртұтас жүйесі.

Егемендік – бұл елдің ішіндегі жоғарыдан қарайтын мемлекеттік билік пен сыртқы саясат саласындағы тәуелсіздігі. Егемендік жалпы мемлекеттік биліктің, сондай-ақ тұтастай мемлекеттің дербестігі мен тәуелсіздігін көрсететін ең маңызды қасиет.

Қорғаныс қабілеттілігі – мемлекеттің егемендігін және оның аумақтық дербестігін сыртқы басқыншылықтан қорғауды қамтамасыз етуге қабілетті экономикалық, әскери, әлеуметтік-адамгершіліктік әлеует күйі.

Аумақтық дербестік – Қазақстан Республикасы аумағының тұтастығы, ажыралмайтындығы және құрлықтағы, судағы және әуе кеңістігіндегі мемлекеттік шекаралардың мызғымастығы.

Мемлекеттің конституциялық құрылыс негіздеріне және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың объективтік жағы осыған байланысты іс-әрекеттермен сипатталады.

Мемлекеттің конституциялық құрылыс негіздеріне және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъектісі жасы 16-ға толған, дені сау, есі дұрыс адам болып саналады.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 8; 20; 23; 28-30; 52-58; 64-65; 72; 78; 128-133; 155; 158-159; 186; 187-190; 194-195; 201; 203; 207-208; 209-216.

**Семинар – 1 сағат**

1.Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы және түрлері.

2. Геноцид (ҚР ҚК 168 б.);

3. Жалдамалылық (ҚР ҚК 170 б.);

4. Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни араздықты қоздыру (ҚР ҚК 174 бап).

5. Мемлекетке опасыздық жасау (ҚР ҚК 175-бабы).

6. Диверсия (ҚР ҚК 184-бабы).

**Тапсырма:**Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті нормативтік-құқықтық актілерді конспектілеу керек.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 8; 20; 23; 28-30; 52-58; 64-65; 72; 78; 128-133; 155; 158-159; 186; 187-190; 194-195; 201; 203; 207-208; 209-216.

**КОӨЖ – 1 сағат**

**Тапсырма:** Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (Ерекше бөлім) пәні бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтарды тақырыпқа сәйкес қарастырылатын баптарды құрамы жағынан объект, субъект, объективтік және субъективтік жақтарының белгілері бойынша талдау, жекелеген

қылмыстық құқық бұзушылықтарды нормативтік құқықтық актілерге, қаулыларға сәйкес дұрыс саралау.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтарына жауап беру, қажеттілікке қарай тест тапсырмалары мен Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы бойынша есептер жинағында аталған тақырыпқа сәйкес есептерді шешу.

**КОӨЖ өткізу нысаны (түрі):** аудиториялық сабақ топтық және жеке түрде өткізіледі.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:**

Сабақтарға дайындалу барысында қылмыстық құқық бұзушылықтардың дұрыс саралануы бойынша мәселелерді талқыға салып, тақырып бойынша ұсынылған нормативтік-құқықтық актілерді, әдебиеттерді, оқу құралдарын қолдана отырып зерделеу. Курсант өзінің сөйлеу әрекетін сырттай қабылдауға мүмкіндік алады және мән-жайды ұғыну, ғалым заңгерлердің пікірлерін пайымдау және тәжірибелік ахуалды бағалау қабілеті қалыптасады.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 8; 20; 23; 28-30; 52-58; 64-65; 72; 78; 128-133; 155; 158-159; 186; 187-190; 194-195; 201; 203; 207-208; 209-216.

**КӨЖ – 3 сағат**

**Тапсырма:**

1.Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы және мемлекеттің Конституциялық құрылысына және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды (ҚР ҚК-нің 160-186-баптар)саралау кезінде қылмыстық-құқықтық норманы қолдану дағдысы мен ептілікті қалыптастыру.

2.Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (Ерекше бөлім) пәні бойынша есептер жинағынан бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы және мемлекеттің Конституциялық құрылысына және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар тақырыбы бойынша 1-20 дейінгі жағдаяттық есептерді шығару.

***3.Тақырып бойынша келесідей нормативтік қаулыларды конспектілеу, және оқып білу керек:***

- Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік құпиялар туралы" Заңы. 1999 жылғы 15 наурыз, (соңғы өзгертулерімен және толықтыруларымен). ҚР ӘМ «РҚАО» РМК «Заң» МБ.
- Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы «ҚР Ұлттық қауіпсіздік туралы» № 527-IY ҚРЗ Заңы. (соңғы өзгертулерімен және толықтыруларымен). ҚР ӘМ «РҚАО» РМК «Заң» МБ.

**Өзіндік бақылау материалдары:**

1. Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы және түрлері.
2. Бейбітшілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар;
3. Адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар
4. Мемлекеттің конституциялық құрылыс негіздеріне

және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері.

5. Мемлекеттің конституциялық құрылысына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

6. Мемлекеттің қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

7. Конституциялық құрылыстың ұғымы.

**Реферат тақырыптары:**

1. Басқыншылық соғысты жоспарлау, дайындау, тұтандыру немесе жүргізу
2. Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыру
3. Жаппай қырып-жою қаруын өндіру, иемдену немесе өткізу
4. Мемлекетке опасыздық жасау
5. Тыңшылық
6. Сепаратистік әрекет

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 8; 20; 23; 28-30; 52-58; 64-65; 72; 78; 128-133; 155; 158-159; 186; 187-190; 194-195; 201; 203; 207-208; 209-216.

## 6-тақырып. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

**Дәріс – 1 сағат**

1.Жымқырудың ұғымы, белгілері.Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар затының ұғымы және белгілері.

2. Ұсақ-түйек жымқыру (ҚР ҚК 187 б.)

3. Ұрлық (ҚР ҚК 188 б.).

4. Қарақшылық (ҚР ҚК 192 б.);

5.Алаяқтық (ҚР ҚК 190 б.);

### ДӘРІС ТЕЗИСІ

Әлеуметтік құндылық жүйесінде меншік құқығы тұлғалардың ең бір маңызды әлеуметтік игіліктері ретінде бағаланады.

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың тектік объектісі меншік қатынастары, яғни жеке немесе ұжымдық пайдалану үшін не өндірістік қызмет жүргізуге арналған материалдық игіліктерді салаларға бөлетін қоғамдық қатынастар болып табылады.

Меншік құқығы – заңнамалық актілермен танылған және қорғалатын субъектінің өзінің қалауы бойынша иелігіндегі мүліктерді иемдену, пайдалану және билік жасау құқығы. Сөйтіп, меншік иесінің құғына өзінің мүлкін иемдену, пайдалану және басқарып ұйымдастыру жатады.

Иемдену құқығы іс жүзіндегі мүліктен пайдалы табиғи қасиеттерін алуың, сондай-ақ одан пайда көрудің заңды түрде қамтамасыз етілген

мүмкіндігімен көрінеді. Пайдасын көру жемісі мен өнімін, төлін және өзге де кірісін алумен көрінеді.

Пайдалану құқығы іс жүзіндегі мүлікке ие болудың заңды түрде қамтамасыз етілген мүмкіндігімен көрінеді

Билік жасау құқығы мүліктің заңды тағдырын қамтамасыз ету мүмкіндігімен көрінеді. Меншік иесі өзінің қалауы бойынша өзінің иелігіндегі мүлікке қатысты кез келген әрекетті қолдануға, соның ішінде оны басқа бір адамға мүлдем беруге, өзінің иелігін сақтай отырып, бере тұруға, өзінің иемдену, пайдалану және билік жасау құқығын сақтай отырып, кепілдікке беруге, билік жасауға және басқа да жағдайларда бере алады.

Кейбір меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарда (тонауда, қарақшылықта) тікедей объеті тектік объектімен сәйкес келеді. Осыған қарай атап өту керек, заң әдебиеттерінде ұрлаудың тікелей объектісін анықтауға байланысты бірыңғай көзқарас болған емес және болуы да мүмкін емес. Атап айтқанда, тікелей объекті ретінде ұрланатын мүліктердің мемлекеттік, кооперативтік, жеке меншіктік меншікке жататындығын анықтауды қарастыру жөнінде пікірлер айтылды.

Күш көрсетумен жасалатын мүліктік қылмыстық құқық бұзушылықтарда тікелей объекті болып меншік, ал қосымша объекті болып жәбірленушінің өмірі немесе денсаулығы танылады.

Қылмыстық құқық теориясында объектіні қол сұғу нәрселерінен айыру үшін қоғамдық қатынастың материалдық көрінісі ретінде қарастыру тұжырымдамасы елеулі орын алады. Мәселен, бөтеннің мүлкін ұрлау кезінде мүлік осы ұрлықтың заты болып қана қарастырылады. Мүлік мүліктік қатынастардың қажетті материалдық негізі болып қана табылады, ұрлық жасау кезінде осы мүліктік қатынасты бұзу жүзеге асады. Мүлік пен оның иесі (немесе иемденушісі) бір-бірімен іс жүзінде тығыз байланысты. Сондықтан мүлікке қол сұғушылық бір мезгілде меншікке қол сұғушылық болып табылады. Кінәлі, азаматтың бөтен мүлкін ұрлай отырып, тікелей мүлікке және осы мүліктің иесіне шығын келтіреді. Бұл жерде меншік құқығы қылмыстық қол сұғушылықтан шығын көрмейді, ұрланған мүлік табылғаннан кейін заңды иесіне қайтарылу мүмкін.

Объективтік жағынан меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар іс-әрекет жасау-жолымен жасалады Осыдан келіп, объективтік жақ: жасалаған іс-әрекет, келтірілген зардап және іс-әрекеттер пен зардаптардың арасындағы себепті байланыс сияқты үш міндетті белгілерден тұрады деп қорытынды жасауға болады.

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъектісі заңмен белгіленген жасқа толған есі дұрыс жеке адам болып танылады. ҚР ҚК 15-бабының 2-бөлігіне сәйкес, 14 жастан бастап қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылық басталады.

Субъективтік жағынан алғанда меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар тура ниетпен жасалады. Кінәлі өзінің бөтен мүлікті алғалы

тұрғанын ұғынады, өзінің әрекетімен меншік иесіне шығын келтіргелі тұрғанын сезінеді және соны тілейді.

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың негізгі тобын, сөйтіп мүлікті алумен байланысқан пайдакүнемдік қол сұғушылық, яғни ұрлау құрайды. ҚР қылмыстық заңнамалары ұрлау үшін жауаптылықты оның жасалу әдісіне қарай реттейді және ҚР ҚК тиісті баптарында бөтен мүлікті ұрлаудың мындай түрлері бекітіліп, енгізілген: ұрлық, иеленіп алу немесе ысырап ету, алаяқтық, тонау, қарақшылық.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 7; 9;13; 18; 31-33; 52-58; 59; 64-65; 71; 72; 78; 83; 107; 110; 128-133; 138; 143; 178; 187-190; 194-195; 201; 207-208; 209-216.

**Семинар – 1 сағат**

1.Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы ментүрлері.Жымқырудың ұғымы, белгілері.Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар затының ұғымы және белгілері.

2. Ұрлық (ҚР ҚК 188 б.)

3. Тонау (ҚР ҚК 191 б.).

4. Қарақшылық (ҚР ҚК 192 б.);

5.Алаяқтық (ҚР ҚК 190 б.);

**Семинар – 1 сағат**

1.Сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу (ҚР ҚК 189-бабы).

2.Қорқытып алу (ҚР ҚК 194-бабы).

3.Көрінеу қылмыстық жолмен табылған мүлікті иемдену немесе өткізу (ҚР ҚК 196-бабы).

4.Автомобильді немесе өзге де көлік құралын жымқыру мақсатынсыз құқыққа сыйымсыз иеленіп алу (ҚР ҚК 200-бабы).

5.Бөтеннің мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру (ҚР ҚК 202-бабы).

**Тапсырма:**Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті нормативтік-құқықтық актілерді конспектілеу керек.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 7; 9; 13; 18; 31-33; 52-58; 59; 64-65; 71; 72; 78; 83; 107; 110; 128-133; 138; 143; 178; 187-190; 194-195; 201; 207-208; 209-216.

**Практикалық сабақ - 1 сағат**

Сабақтың мақсаты — осы тақырып бойынша алынған білімдердітәжірибелік есептерді шешу кезінде шебер қолдана білу. Тақырып бойынша алған теориялық және тәжірибелік білімдерін бекіту.

**Тапсырма:** Семинапр сабақтарында көрсетілген сұрақтарға ауызша жауап дайындау.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық құқығы Ерекше Бөлім бойынша

есептер жинағында көрсетілген тәжірибелік тапсырмаларды шешу.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 8; 20; 23; 28-30; 52-58; 69; 78; 128-133; 151; 155; 186; 187-190; 194-195; 201; 207-208; 209-216.

**КОӨЖ – 1 сағат**

**Тапсырма:** Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (Ерекше бөлім) пәні бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтарды тақырыпқа сәйкес қарастырылатын баптарды құрамы жағынан объект, субъект, объективтік және субъективтік жақтарының белгілері бойынша талдау, жекелеген қылмыстық құқық бұзушылықтарды нормативтік құқықтық актілерге, қаулыларға сәйкес дұрыс саралау.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтарына жауап беру, қажеттілікке қарай тест тапсырмалары мен Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы бойынша есептер жинағында аталған тақырыпқа сәйкес есептерді шешу.

**КОӨЖ өткізу нысаны (түрі):** аудиториялық сабақ топтық және жеке түрде өткізіледі.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:**

Сабақтарға дайындалу барысында қылмыстық құқық бұзушылықтардың дұрыс саралануы бойынша мәселелерді талқыға салып, тақырып бойынша ұсынылған нормативтік-құқықтық актілерді, әдебиеттерді, оқу құралдарын қолдана отырып зерделеу. Курсант өзінің сөйлеу әрекетін сырттай қабылдауға мүмкіндік алады және мән-жайды ұғыну, ғалым заңгерлердің пікірлерін пайымдау және тәжірибелік ахуалды бағалау қабілеті қалыптасады.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 8; 20; 23; 28-30; 52-58; 69; 78; 128-133; 151; 155; 186; 187-190; 194-195; 201; 207-208; 209-216.

**КӨЖ – 7 сағат**

**Тапсырма:**

1.Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды (ҚР ҚК-нің 187-204-баптар)саралау кезінде қылмыстық-құқықтық норманы қолдану дағдысы менептілікті қалыптастыру.

2.Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (Ерекше бөлім) пәні бойынша есептер жинағынан меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар тақырыбы бойынша 1-37 дейінгі жағдаяттық есептерді шығару.

***3.Тақырып бойынша келесідей нормативтік қаулыларды конспектілеу және оқып білу керек:***

- Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» нормативтік қаулысы11 шілде 2003ж. ҚР ЖС Бюллетені, 2003 ж. № 7.
- Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Қорқытып

алушылық туралы істер бойынша сот практикасы туралы» нормативтік қаулысы23 маусым 2006ж. ҚР ЖС Бюллетені, 2006 ж. № 6.

- Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының „Соттардың авторлық құқық және сабақтас құқықтарды қорғау жөніндегі кейбір заң нормаларын қолдану“ нормативнік қаулысы25.12.2007. ҚР ЖС Бюллетені.

**Өзіндік бақылау материалдары:**

1.Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері.

2.Талан-таражға салудың ұғымы және оның белгілері.

3.Талан-таражға салудың нысандары.

4.Талан-таражға салумен байланыссыз меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

5.Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың затының белгілері.

**Реферат тақырыптары:**

1. Ұрлықтың сипаттамасы.
2. Алаяқтықтың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
3. Ұрлықтың тонаудан айырмашылығы.
4. Тонаудың қарақшылықтан айырмашылығы.
5. Сеніп тапсырылған мүлікті иемдену және ысырап ету.
6. Ерекше құнды заттарды ұрлау.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 7; 9; 13; 18; 31-33; 52-58; 59; 64-65; 71; 72; 78; 83; 107; 110; 128-133; 138; 143; 178; 187-190; 194-195; 201; 207-208; 209-216.

## 7-тақырып. Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар

**Дәріс – 1 сағат**

1.Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері.

Заңсыз кәсіпкерлік, заңсыз банктік қызмет (ҚР ҚК 214 б.).

Жалған ақша немесе бағалы қағаздар жасау немесе сату (ҚР ҚК 231 б.)

Экономикалық контрабанда (ҚР ҚК 234 б.).

Кеден төлемдері мен алымдарын төлеуден жалтару (ҚР ҚК 236 б.)

**ДӘРІС ТЕЗИСІ**

Қазақстан Республикасы Конституциясының 26-бабына сәйкес, әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне құқығы бар. Сол сияқты атап өтілгендей, монополистік ќызмет заңмен реттеледі әрі шектеледі. Жосықсыз бәсекеге тыйым салынады. Осы аталған конституциялық ережелер Қазақстан Республикасындағы экономиканы құқықтық реттеудің нормативтік негізі болып саналады. Нарықтық қатынасқа көшумен себеп болған экономикадағы

ең маңызды өзгерістер мемлекеттің экономикалық мүдделерін қорғауға бағытталған қылмыстық-құқықтық нормаларды реформалауға негіз туғызды.

Экономика саласындағы басымды бағыт ретінде мыналарды атауға болады: нарық қатынастарының басты субъектілері ретінде тұтынушылардың мүдделерін қорғау; кәсіпкерлік пен өзге де экономикалық қызметтердің еркіндігін қамтамасыз ету; нарықтық бәскелестік жағдайдағы оның қатысушыларының тең құқылығы; азаматтық айналымның тұрақтылығы мен төлем тәртібін сақтау. Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар болып, лауазымды және өзге де адамдардың экономикалық қызметтің қалыпты тәртіппен жүргізілуін қасақана бұзуымен көрінетін экономикалық мүдделерге қылмыстық заңмен көзделген қол сұғушылығы.

Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың қоғамдық қауіптілігі осындай қол сұғушылық нәтижесінде экономикалық қызметпен байланысқан мемлекеттің экономикалық мүдделері мен өзге де субъектілерге елелулі залал келтіріп қана қоймай, сонымен бірге мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігіне қауіп төндіруімен көрінеді.

Экономикалық қызмет саласындағы кез келген қылмыстық құқық бұзушылықтар – заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау, жалған ақша немесе бағалы қағаз жасау немесе сату, контрабанда немесе салық төлеуден жалтару және басқалары – белгілі бір дәрежеде экономикалық қызметпен байланысқан мемлекеттің және өзге де субъектілердің экономикалық мүддесіне қол сұғуымен көрінеді.

Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың тектік объектісі заңға негізделген экономикалық қызметті жүзеге асыруға байланысты қоғамдық қатынастар болып табылады.

Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың тікелей объектісі ретінде экономикалық қызмет барысында қалыптасатын және осындай қызметтің нақты бір түрін реттейтін нақты қоғамдық қатынастар көрінеді

Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың объективтік жағы экономикалық қызметтің белгіленген тәртібін бұзудан тұратын қоғамға қауіпті іс-әрекетпен (әрекет немесе әрекетсіздік) көрінеді. Экономикалық қызметті жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен реттеледі.

Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың объективтік жақтарының құрылысына қатысты айтатын болсақ, олар саналуан сипатқа ие болады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы экономикалық қызметтің, оның ішінде кәсіпкерлік қызметтің еркіндігіне кепілдік береді. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде жария етілген және бекітілген еркін экономикалық қызмет пен бірге, заң шығарушы экономикалық қатынас

қатысушыларының құрамын анықтайды. Олардың бәрі де осы қылмыс нәтижесінде пайда болған зардаптарға байланысты дербес шешім қабылдап және тиісті жауаптылыққа ие болуы тиіс.

Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъективтік жақтары кінәнің қасақаналық түрімен (тура және жанама ниет) көрінеді. Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасау кезіндегі себеп пен мақсат әртүрлі болуы мүмкін, алайда олар жасаған әрекеттері үшін соттың жаза тағайындауы кезінде ескерілуі тиіс.

Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъектісі қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалған кезінде 16 жасқа толған лауазымды және өзге де (жеке) адамдар болуы мүмкін. Лауазымды адамдар ұғымының мазмұны ҚР ҚК 3-бабында ашылған.

Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар мынадай топтарға бөлінеді:

Заңды кәсіпкерлік және банктік қызметке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар: Заңсыз кәсіпкерлік, заңсыз банктік қызмет (ҚР ҚК 214-бабы). Жалған кәсіпкерлік (ҚР ҚК 215-бабы). Іс жүзінде жұмыстар орындалмай, қызметтер көрсетілмей, тауарлар тиеп-жөнелтілмей шот-фактура жазу бойынша әрекеттер жасау (ҚР ҚК 216-бабы). Қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құру және оған басшылық ету (ҚР ҚК 217-бабы). Қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыру (жылыстату). (ҚР ҚК 218-бабы). Коммерциялық немесе банктік құпияны құрайтын мәліметтерді заңсыз алу және жария ету (ҚР ҚК 223-бабы). Акцизделетін тауарларды акциздік маркалармен және (немесе) есепке алу-бақылау маркаларымен таңбалаудың тәртібі мен қағидаларын бұзу, акциздік маркаларды және (немесе) есепке алу-бақылау маркаларын қолдан жасау және пайдалану (ҚР ҚК 233-бабы). Банк операциялары туралы көрінеу жалған мәліметтер ұсыну (ҚР ҚК 242-бабы). Банктің ақшасын заңсыз пайдалану (ҚР ҚК 243-бабы).

Банкроттықпен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар:Оңалту және банкроттық кезіндегі құқыққа сыйымсыз әрекеттер (ҚР ҚК 237-бабы). Әдейі банкроттық (ҚР ҚК 238-бабы). Төлем қабілетсіздігіне дейін жеткізу (ҚР ҚК 239-бабы). Жалған банкроттық (ҚР ҚК 240-бабы).

Ақша айналымы, бағалы қағаздар және басқа да төлем карточкалары саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар: Кредитті заңсыз алу немесе бюджеттік кредитті мақсатсыз пайдалану (ҚР ҚК 219-бабы). Эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар шығару тәртібін бұзуы (ҚР ҚК 224-бабы). Бағалы қағаздар эмитенті лауазымды адамының ақпарат бермеуі не көрінеу жалған мәліметтер беруі (ҚР ҚК 225-бабы). Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізіліміне көрінеу жалған мәліметтер енгізу (ҚР ҚК 226-бабы). Бағалы қағаздар нарығы кәсіби қатысушыларының көрінеу жалған мәліметтер беруі (ҚР ҚК 227-бабы). Бағалы қағаздармен операциялар

жүргізу қағидаларын бұзу (ҚР ҚК 228-бабы). Жалған ақша немесе бағалы қағаздар жасау, сақтау, алып өту немесе өткізу (ҚР ҚК 231-бабы). Жалған төлем карточкалары мен өзге де төлем және есеп айырысу құжаттарын жасау немесе өткізу (ҚР ҚК 232-бабы).

Кеден заңдылықтары саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар: Экономикалық контрабанда (ҚР ҚК 234-бабы). Кедендік төлемдер мен алымдарды төлеуден жалтару (ҚР ҚК 236-бабы).

Қаржы валюта заңдылықтары саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар: Ұлттық және шетел валютасындағы қаражатты шетелден қайтармау (ҚР ҚК 235-бабы).

Салық және басқа да міндетті төлемдер саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар: Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасын бұзу (ҚР ҚК 241-бабы). Азаматтың салық және (немесе) бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуден жалтаруы (ҚР ҚК 244-бабы). Ұйымдарға салынатын салықты және (немесе) бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуден жалтару (ҚР ҚК 245-бабы). Салық төлеушінің салық берешегі есебіне билік ету шектелген мүлікке қатысты заңсыз әрекеттер (ҚР ҚК 246-бабы).

Тұтынушылардың мүдделерінің бұзылуымен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар: Монополистік қызмет (ҚР ҚК 221-бабы). Тауар белгісін заңсыз пайдалану (ҚР ҚК 222-бабы). Заңсыз сыйақы алу (ҚР ҚК 247-бабы). Мәміле жасауға немесе оны жасаудан бас тартуға мәжбүрлеу (ҚР ҚК 248-бабы). Рейдерлік (ҚР ҚК 249-бабы).

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 7; 8; 34-40; 52-58; 64-65; 78; 93; 96-97; 115; 117-121; 124; 128-133; 150; 187-190; 194-195; 197-198; 201; 206-208; 209-216.

**Семинар – 1 сағат**

1.Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері.

2. Заңсыз кәсіпкерлік, заңсыз банктік қызмет (ҚР ҚК 214 б.).

3. Жалған кәсіпкерлік (ҚР ҚК 215-бабы).

4.Заңсыз жолымен алынған ақша қаражатын немесе өзге мүлікті заңдастыру (ҚР ҚК 218 б.).

5..Жалған ақша немесе бағалы қағаздар жасау, сақтау, алып өту немесе өткізу (ҚР ҚК 231-бабы).

6..Экономикалық контрабанда (ҚР ҚК 234-бабы).

**Тапсырма:**Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті нормативтік-құқықтық актілерді конспектілеу керек.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 7; 8; 34-40; 52-58; 64-65; 78; 93; 96-97; 115; 117-121; 124; 128-133; 150; 187-190; 194-195; 197-198; 201; 206-208; 209-216.

**КОӨЖ – 1 сағат**

**Тапсырма:** Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (Ерекше бөлім) пәні бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтарды тақырыпқа сәйкес қарастырылатын баптарды құрамы жағынан объект, субъект, объективтік және субъективтік жақтарының белгілері бойынша талдау, жекелеген қылмыстық құқық бұзушылықтарды нормативтік құқықтық актілерге, қаулыларға сәйкес дұрыс саралау.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтарына жауап беру, қажеттілікке қарай тест тапсырмалары мен Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы бойынша есептер жинағында аталған тақырыпқа сәйкес есептерді шешу.

**КОӨЖ өткізу нысаны (түрі):** аудиториялық сабақ топтық және жеке түрде өткізіледі.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:**

Сабақтарға дайындалу барысында қылмыстық құқық бұзушылықтардың дұрыс саралануы бойынша мәселелерді талқыға салып, тақырып бойынша ұсынылған нормативтік-құқықтық актілерді, әдебиеттерді, оқу құралдарын қолдана отырып зерделеу. Курсант өзінің сөйлеу әрекетін сырттай қабылдауға мүмкіндік алады және мән-жайды ұғыну, ғалым заңгерлердің пікірлерін пайымдау және тәжірибелік ахуалды бағалау қабілеті қалыптасады.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 7; 8; 34-40; 52-58; 64-65; 78; 93; 96-97; 115; 117-121; 124; 128-133; 150; 187-190; 194-195; 197-198; 201; 206-208; 209-216.

**КӨЖ – 3 сағат**

**Тапсырма:**

1.Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды (ҚР ҚК-нің 214-249-баптар)саралау кезінде қылмыстық-құқықтық норманы қолдану дағдысы мен ептілікті қалыптастыру.

2.Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (Ерекше бөлім) пәні бойынша есептер жинағынан экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар тақырыбы бойынша 1-15 дейінгі жағдаяттық есептерді шығару.

***3. Тақырып бойынша келесідей нормативтік қаулыларды конспектілеу және оқып білу керек:***

- Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Пленумының «Контрабанда үшін қылмыстық жауапкершілік туралы заңнаманы тәжірибеде қолдану туралы» қаулысы18 шілде 1997 ж.
- Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысы18 маусым 2004ж. ҚР ЖС Бюллетені, 2004 ж. № 6.
- Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Пленумының «ҚР соттарының банкроттық туралы заңнамаларды қолданудың кейбір сұрақтары туралы» қаулысы28.04.2004. (өзг. мен толықт. 21.04.2011 ж.).

-Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының Пленумының «Салық заңдылығын соттардың қолданылуының сот практикасы туралы» нормативтік қаулысы23 маусым 2006. ҚР ЖС Бюллетені, 2006 ж. № 6.

**Өзіндік бақылау материалдары:**

1. Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы ментүрлері.
2. Заңды кәсіпкерлік қызметке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
3. Банктік қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
4. Банкроттықпен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар.
5. Экономика саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
6. Салық және заңдылықтары кеден саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
7. Экономикалык қызмет саласындағы баска да қылмыстық құқық бұзушылықтар.

**Реферат тақырыптары:**

1. Заңсыз кәсіпкерлік, заңсыз банктік қызмет.
2. Банкроттықпен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар
3. Жалған ақша немесе бағалы қағаздар жасау, сақтау, алып өту немесе өткізудің қауіптілігі.
4. Қаржы валюта заңдылықтары саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар
5. Салық және басқа да міндетті төлемдер төлеуден жалтарудың зардабы.
6. Рейдерлік

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 7; 8; 34-40; 52-58; 64-65; 78; 93; 96-97; 115; 117-121; 124; 128-133; 150; 187-190; 194-195; 197-198; 201; 206-208; 209-216.

## 8-тақырып. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар.Коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

**Дәріс – 1 сағат**

1.Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы және түрлері. (ҚР ҚК 205-213 б.б.)

2. Зиян келтіретін компьютерлік бағдарламалар мен бағдарламалық өнімдерді жасау, пайдалану немесе тарату (ҚР ҚК 210-бабы).

3. Ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының сәйкестендіру кодын, абонентті сәйкестендіру құрылғысын құқыққа сыйымсыз өзгерту, сондай-ақ абоненттік құрылғының сәйкестендіру кодын өзгерту үшін бағдарламаларды жасау, пайдалану, тарату (ҚР ҚК 213-бабы).

4..Коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері:

5.Жекеше нотариустардың, бағалаушылардың, жеке сот орындаушыларының, медиаторлардың және аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудиторлардың өкілеттіктерді теріс пайдалануы (ҚР ҚК 251-бабы);

6. Параға коммерциялық сатып алу (ҚР ҚК 253-бабы).

**ДӘРІС ТЕЗИСІ**

Егеменді, тәуелсіз мемлекет – Қазақстан Республикасы әлемдік қоғамдастықтың ажырамас бір бөлігі болып табылады, ол Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшесі. Адам құқығы мен бостандығын басты қазына деп таныған республикамыз демократиялық қоғам, құқықтық мемлекет құруға бағыт алды, өзінің Ата Заңы Конституциясын қабылдап, құқықтық реформаның Мемлекеттік бағдарламасын бекітті (қазіргі уақытта оның 2-ші кезеңі өтуде), аталған бағдарлама, ең алдымен, мемлекеттік және қоғамдық өмірдің құқықтық негізін нығайтуға бағытталады, сондай-ақ заң және құқықтық тәртіпті қатаң сақтауға негізделген.

Қазақстанда болып жатқан жаңа экономикалық процестер қылмыстардың жаңа түрлерін тудыруға себепші болуда. Мемлекеттік меншіктегі халық шаруашылығын басқарудың қатаң орталықтандырылған жүйесінің жаңа нарықтық қатынастарға ауысуы, жекеше және өзге де меншік түрлеріндегі мекеме, ұйымдардың пайда болуынан өкілеттіктерді теріс пайдалану әртүрлі кәсіпкерлік құрылымдар, бірлескен кәсіпорындар, банк мекемелерінің, түрлі қоғамдық қорлар қызметінде де кездесе бастады. Сонымен қатар лауазымдық және шаруашылық қылмыстарына жауапкершілік қарастыратын қылмыстық заңдылықтарда да өзгерістер пайда болды.

Елімізде қоғамдық өмірдің барлық дерлік салаларында өтіп жатқан қайта құрылымдарға байланысты, сәйкесінше, экономика саласында да өзгерістер болуда, оның ішінде, нарықтық қатынастарға өту үлкен өзгерістерге ұшырауда. Республикада кіші және орта бизнес дами бастады, оның нәтижесінде коммерциялық және өзге жеке ұйымдар пайда бола бастады, соның салдарынан мемлекеттік мекемелер саны азайып кетті. Жалпы азаматтық құндылықтарды басты қазына санаушы ҚР Қылмыстық кодексін қабылдаумен, адам құқығы мен бостандығын қылмысты-құқықтық тұрғыдан қорғайтын мәселелер жаңа көзқарастарды, туындап отырған нарықтық экономика шарттарына қылмысты-құқықтық шектеулердің сәйкес келуін талап етті. Осы орайда алғаш рет коммерциялық және өзге ұйымдар қылмысты-құқықтық қорғауға тап болды, оларды заң шығарушы ҚК Ерекше бөлімінің 9-тарауына жеке топтастырды. ҚК аталған тарауында Коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар анықталған.

Республикадағы қалыптасқан жағдай оң өзгерістерді талап етеді. Бірқатар орындар мен аумақтарда өндірістің негізгі құралдарын, әлеуметтік-мәдени объектілерді жекешелендіру барысында қиянат жасаушылыққа жол берілуде. Сонымен қатар коммерциялық және өзге ұйымдарда өкілеттіктерді теріс пайдалану, жекеше нотариат, аудит және күзет қызметшілерінің заңдылықты өрескел бұзулары жиілеп, ертеде отандық заңдылықтарға белгісіз болған коммерциялық сатып алу және т.с.с. қарқын алуда.

Қазақстанда нарықтық қатынастардың дамуы және сан алуан меншік түрлеріне негізделген ұйымдастыру-құқықтық түріндегі мекемелер мен ұйымдардың пайда болуына байланысты мынадай сұрақ туындады: қандай жағдайларда осы мекемелердің жұмыскерлері басқару және ұйымдастыру сипатындағы билік өкілеттігі бар лауазым адамдары саналады? Сол себепті де мемлекеттік органдарда, сондай-ақ коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдардағы лауазымды адамдардың өзінің қызметтік өкілеттілігін асыра пайдаланушылығын құқықтық тұрғыдан бағалау қажеттілігі туындады. Сол істер бойынша соттық және тергеу тәжірибелері бірыңғайлығымен ерекшеленбейді. Кейбір жағдайларда аталған тұлғалар лауазымдық қылмыстары үшін қылмыстық жауапқа тартылса, енді бір жағдайда – оларға қатысты істер тіпті қозғалмаған немесе қылмыс құрамының жоқтығынан тоқтатылған.

Коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар дегеніміз мемлекеттік органға немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарына жатпайтын коммерциялық және өзге ұйымдардың дұрыс қызметіне қол сұғатын қоғамға қауіпті әрекеттер болып саналады.

Коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың**объектісі** болып мемлекеттік органға немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарына жатпайтын коммерциялық және өзге ұйымдардың құрылтайшы құжаттарында қаралған дұрыс қызметі болып табылады.

Коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнамасындағы жаңа қылмыстардың бірі болғандықтан отандық заң ғалымдармен кешенді зерттелмегені анық, сондықтан бұл мәселе қазіргі таңда терең зерттеуді қажат етеді.

Коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың өзіне тән ерекшелігі олар мемлекеттік органға немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарына жатпайтын коммерциялық және өзге ұйымдардың қызметі саласында жасалуы.

Осы аталған ерекшеліктің мәні мынада, заң шығарушы осы тарау қарастыратын қол сұғушылықтың шеңберін едәуір кеңейтті, өйткені онда қорғалушы қылмысты-құқықтық объектілер қатарына мыналар жата алады: біріншіден, мемлекеттік болып табылмайтын коммерциялық ұйымдар, яғни,

ондағы барлық әлеуметтік құрылымдар (мекемелер, серіктестіктер, акционерлік қоғамдар және т.б.); екіншіден, өзге ұйымдарға жататын мекемелер, қоғамдық бірлестіктер, акционерлік қоғамдар, тұтыну кооперативтері, қоғамдық қорлар, діни бірлестіктер (коммерциялық емес ұйымдар) мүдделері. Кез келген жағдайда әңгіме олардың заңды мүдделері жайында болып отырғанын атап өту артық болмайды.

Коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың **объективтік жағы** көбіне тұлғаның өз өкілеттілігін пайдаланып жасаған әрекеттерін/ әрекетсіздігін айқындайды.

Коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ортақ **субъектісімемлекеттің үлесі 50 пайыздан кем емес мемлекеттік емес ұйымда, жергілікті өзін-өзі басқару органы немесе ұйымында** тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттікпен ұйымдастыру-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық міндеттерін атқарушы адам танылады**.**

Ұйымдастыру-өкімдік міндеттері дегеніміз еңбек ұжымына, жұмыс учәскесіне, кейбір жұмыскерлердің өндіріс қызметіне (кадрларды таңдау және орнықтыру, жұмысты жоспарлау, еңбек тәртібін сақтау және т.с.с.) басқарушылық қызметті іске асыру.

Әкімшілік-шаруашылық қызмет дегеніміз ұйымның мүлкін басқару немесе оған өкімдік жасау, оны сақтау тәртібін анықтап әрі оған бақылау орнату, сондай мүліктерге қатысты келісім-шарт жасасу, ақша-қаржы құралдарына өкімдік жасау болып табылады.

Тұлғаны лауазымды қылмыстық құқық бұзушылықтар субъектісі деп тану үшін жоғарыда айтылған өкілеттіктердің бар болуы қажет. Осы орайда оның сол өкілеттіктерді уақытша, тұрақты немесе арнайы иеленгені аса маңызды орын алмақ емес. Барлық жағдайларда жауаптылық қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамы бар болған кезде ғана орнайтынын ескерте кету қажет, өйткені ол заң шығарушымен тікелей реттелген.

Коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъективтік жағы кінәнің тек қасақаналық түрімен сипатталады.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 7; 8; 40; 52-58; 64-65; 78; 93; 128-133; 154; 187-190; 194-195; 201; 207-208; 209-216.

**Семинар – 1 сағат**

1.Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар:

2. Ақпаратқа, ақпараттық жүйегенемесе ақпараттық-коммуникациялық желіге құқыққа сыйымсыз қол жеткізу(ҚР ҚК 205-бабы).

3.Коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар:

Өкілеттіктерді теріс пайдалану (ҚР ҚК 250-бабы).

4. Жекеше нотариустардың, бағалаушылардың, жеке сот орындаушыларының, медиаторлардың және аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудиторлардың өкілеттіктерді теріс пайдалануы (ҚР ҚК 251-бабы).

5. Параға коммерциялық сатып алу (ҚР ҚК 253-бабы).

**Тапсырма:**Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті нормативтік-құқықтық актілерді конспектілеу керек.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 7; 8; 40; 52-58; 64-65; 78; 93; 128-133; 154; 187-190; 194-195; 201; 207-208; 209-216.

**КӨӨЖ – 1 сағат**

**Тапсырма:** Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (Ерекше бөлім) пәні бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтарды тақырыпқа сәйкес қарастырылатын баптарды құрамы жағынан объект, субъект, объективтік және субъективтік жақтарының белгілері бойынша талдау, жекелеген қылмыстық құқық бұзушылықтарды нормативтік құқықтық актілерге, қаулыларға сәйкес дұрыс саралау.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтарына жауап беру, қажеттілікке қарай тест тапсырмалары мен Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы бойынша есептер жинағында аталған тақырыпқа сәйкес есептерді шешу.

**КӨӨЖ өткізу нысаны (түрі):** аудиториялық сабақ топтық және жеке түрде өткізіледі.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:**

Сабақтарға дайындалу барысында қылмыстық құқық бұзушылықтардың дұрыс саралануы бойынша мәселелерді талқыға салып, тақырып бойынша ұсынылған нормативтік-құқықтық актілерді, әдебиеттерді, оқу құралдарын қолдана отырып зерделеу. Курсант өзінің сөйлеу әрекетін сырттай қабылдауға мүмкіндік алады және мән-жайды ұғыну, ғалым заңгерлердің пікірлерін пайымдау және тәжірибелік ахуалды бағалау қабілеті қалыптасады.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 7; 8; 40; 52-58; 64-65; 78; 93; 128-133; 154; 187-190; 194-195; 201; 207-208; 209-216.

**КӨЖ – 3 сағат**

**Тапсырма:**

1.Ақпараттандыру және байланыс саласындағы және коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды (ҚР ҚК-нің 205-213, 250-254-баптар)саралау кезінде қылмыстық-құқықтық норманы қолдану дағдысы мен ептілікті қалыптастыру.

2.Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (Ерекше бөлім) пәні бойынша есептер жинағынан ақпараттандыру және байланыс саласындағы

және коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар тақырыбы бойынша 1-6 және 1-9 дейінгі жағдаяттық есептерді шығару.

***3. Тақырып бойынша келесідей нормативтік қаулыларды конспектілеу және оқып білу керек:***

- Қазақстан Республикасының „Күзет қызметі туралы" Заңы, 19 қазан 2000 ж.

“Ақпараттандыру туралы” 24.11.2015 жыл.

“Нотариат туралы” 14.07.1997 жыл.

“Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушылардың мәртебесі туралы”02.04.2010 жыл.

“Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы” 30.11.2000 жыл.

«Аудиторлық қызмет туралы” 20.11.1998 жыл.

“Медиация туралы” 28.01.2011 жыл.

**Өзіндік бақылау материалдары:**

1. Ақпараттық технологиялардың қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар ұғымы мен түрлері.
2. Коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері.
3. Коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсықылмыстық құқық бұзушылықтардың субъектісінің ұғымы.
4. Коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзгеде қылмыстық құқық бұзушылықтардан айырмашылығы.

**Реферат тақырыптары:**

1. Ақпаратқа, ақпараттық жүйеге немесе ақпараттық-коммуникациялық желіге құқыққа сыйымсыз қол жеткізудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
2. Қолжетімділігі шектелген электрондық ақпараттық ресурстарды құқыққа сыйымсыз тарату саралану мәселелері.
3. Өкілеттіктерді теріс пайдалану қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
4. Параға коммерциялық сатып алу
5. Міндеттеріне адал қарамау

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 7; 8; 40; 52-58; 64-65; 78; 93; 128-133; 154; 187-190; 194-195; 201; 207-208; 209-216.

## 9-тақырып. Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

**Дәріс – 1 сағат**

1. Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері.

2. Терроризм актісі (ҚР ҚК 255 б.).

3. Бандитизм (ҚР ҚК 268 б.).

4. Айналыстан алып қойылған заттардың немесе айналысы шектелген заттардың контрабандасы (ҚР ҚК 286-бабы).

5. Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және жарылыс құрылғыларын заңсыз иемдену, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру (ҚР ҚК 287-бабы).

6. Бұзақылық (ҚР ҚК 293-бабы).

**ДӘРІС ТЕЗИСІ**

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 10-тарауы қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылықты қарастырады. Заң шығарушы бұл тарауға қылмыстық құқық бұзушылықтардың41 құрамын егізген.

«Қауіпсіздік» ұғымы әлдекімге, әлденеге қауіп-қатер төніп тұрғанын, сол сияқты қатердің жоқтығын, сақталушылықты, сенімділікті білдіреді. Демек, «қауіпсіздік» адамдар үшін жасалатын әлдебір құндылық, қажеттілік, игілік. Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6-қаңтардағы «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңына сәйкес, қоғамдық қауіпсіздік деп, Қазақстан азаматтарының өмірінің, денсаулығының, игілігінің, сондай-ақ қазақстандық қоғамның мүмкін деген шығын келтіретін қауіп пен қатерден қорғалу жай-күйі танылады.

10-тарауға енгізілген қылмыстық құқық бұзушылықтар жалпы алғанда мүдделер үшін әлеуметтік мәні бар қазақстандық қоғам өмір тіршілігінің қауіпсіздігіне зиян келтіреді. Сонымен бірге қылмыстық ықпалға жалпы қауіпті заттармен жұмыс істеу, қоғамның жаппай өмірі үшін қауіпті жағдай сияқты қоғамдық құндылықтар түсіп қалуы мүмкін. Кең мағынадан алғанда, «қоғамдық қауіптілік» сөзі өзіне қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге арналған қоғамдық қатынастарды қосып алды.

Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың тектік объектілері қоғамдық қауіпсіздік және қоғамдық тәртіп болады.

*Қоғамдық қауіпсіздік* – қоғамның өмірлік маңызды мүдделерінің жай-күйі, яғни қоғамның өмір сүруі мен қарышты даму мүмкіндігін сенімді түрде қаматасыз ететін қажеттіліктердің, қанағаттанушылықтың жиынтығы.

*Қоғамдық тәртіп* – қоғамда қалыптасқан адамдар арасындағы қатынастар жүйесі, қолданыстағы заңнамалармен, салттармен және дәстүрлермен, сондай-ақ адамгершілік нормаларымен белгіленген мінез-құлық пен жатақханалардың өзара ережелері.

Объективтік жағынан қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіп, әдетте әрекет еті жолымен жасалады. Жекелеген қоғамдық қауіпсіздікке және

қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар әрекетпен де, әрекетсіздікпен де жасалуы мүмкін.

Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың көпшілігі кінәнің қасақаналық нысанымен сипатталады. Жекелеген қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар абайсыздықпен жасалады.

ҚР ҚК 10-тарауында қарастырылған қылмыстық құқық бұзушылықтардың көпшілігінің субъектісі 16 жасқа толған, есі дұрыс, жеке адам болып табылады. ҚР ҚК 15-бабының 2-бөлігіне сәйкес, кейбір қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъектісі қылмыс жасалған кезде жасы 14-ке толған жасөспрімдер болып табылады.

Қоғамның қауіпсіздігіне және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері.

Қоғамның қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Терроризм актісі (ҚР ҚК 255-бабы). Терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақыру (ҚР ҚК 256-бабы). Террористік топ құру, оған басшылық ету және оның әрекетіне қатысу (ҚР ҚК 257-бабы). Террористік немесе экстремистік әрекетті қаржыландыру және терроризмге не экстремизмге өзге де дем берушілік (ҚР ҚК 258-бабы). Террористік не экстремистік әрекетті ұйымдастыру мақсатында адамдарды азғырып көндіру немесе даярлау не қаруландыру (ҚР ҚК 259-бабы). Террористік немесе экстремистік даярлықтан өту (ҚР ҚК 260-бабы). Адамды кепілге алу (ҚР ҚК 261-бабы). Ұйымдасқан топ, қылмыстық ұйым құру және оларға басшылық ету, сол сияқты оларға қатысу (ҚР ҚК 262-бабы). Қылмыстық қоғамдастық құру және оған басшылық ету, сол сияқты оған қатысу (ҚР ҚК 263-бабы). Трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық ұйым құру және оларға басшылық ету, сол сияқты оларға қатысу (ҚР ҚК 264-бабы). Трансұлттық қылмыстық қоғамдастық құру және оған басшылық ету, сол сияқты оған қатысу (ҚР ҚК 265-бабы). Қылмыстық топтың әрекетін қаржыландыру, сол сияқты мүлкін сақтау, бөлу, қаржыландыру арналарын әзірлеу (ҚР ҚК 266-бабы). Заңсыз әскерилендірілген құралымды ұйымдастыру (ҚР ҚК 267-бабы). Бандитизм (ҚР ҚК 268-бабы). Ғимараттарға, құрылыстарға, қатынас және байланыс құралдарына шабуыл жасау немесе оларды басып алу (ҚР ҚК 269-бабы). Әуе немесе су кемесін не жылжымалы теміржол составын айдап әкету, сол сияқты басып алу (ҚР ҚК 270-бабы). Теңіз қарақшылығы (ҚР ҚК 271-бабы). Жаппай тәртіпсіздіктер (ҚР ҚК 272-бабы). Терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлау (ҚР ҚК 273-бабы). Көрінеу жалған ақпарат тарату (ҚР ҚК 274-бабы). Жаппай қырып-жою қаруын, қару-жарақты және әскери техниканы жасау кезінде пайдаланылатын технологиялардың, ғылыми-техникалық ақпараттың және көрсетілетін

қызметтердің заңсыз экспорты (ҚР ҚК 275-бабы). Археологиялық жұмыстарды заңсыз жүргізу (ҚР ҚК 295-бабы).

Қауіпсіздіктің арнайы ережелерін бұзумен байланысты қоғамның қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар: Атом энергиясын пайдалану объектілерінде қауіпсіздік қағидаларын бұзу (ҚР ҚК 276-бабы). Тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік қағидаларын бұзу (ҚР ҚК 277-бабы). Сапасыз салынған құрылыс (ҚР ҚК 278-бабы). Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы қағидаларды немесе нормативтердің талаптарын бұзу (ҚР ҚК 279-бабы). Сараптамалық жұмыстарды немесе инжинирингтік қызметтер көрсетуді тиісінше орындамау (ҚР ҚК 280-бабы). Жарылыс қаупі бар объектілерде қауіпсіздік қағидаларын бұзу (ҚР ҚК 281-бабы). Ғарыш қызметін жүзеге асыру кезінде қауіпсіздік қағидаларын бұзу (ҚР ҚК 282-бабы). Радиоактивті заттармен, радиоактивті қалдықтармен, ядролық материалдармен заңсыз жұмыс істеу (ҚР ҚК 283-бабы). Радиоактивті заттармен, радиоактивті қалдықтармен, ядролық материалдармен жұмыс істеу қағидаларын бұзу (ҚР ҚК 285-бабы). Өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзу (ҚР ҚК 292-бабы).

Жалпыға қауіпті заттармен жұмыс істеу ережелерін бұзумен байланысты қоғамның қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар: Радиоактивті заттарды, радиоактивті қалдықтарды немесе ядролық материалдарды жымқыру не қорқытып алу (ҚР ҚК 284-бабы). Айналыстан алып қойылған заттардың немесе айналысы шектелген заттардың контрабандасы (ҚР ҚК 286-бабы). Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және жарылыс құрылғыларын заңсыз иемдену, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру (ҚР ҚК 287-бабы). Қаруды заңсыз жасау (ҚР ҚК 288-бабы). Атыс қаруын ұқыпсыз сақтау (ҚР ҚК 289-бабы). Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды немесе жарылыс құрылғыларын күзету жөніндегі міндеттерді тиісінше орындамау (ҚР ҚК 290-бабы). Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттар мен жарылыс құрылғыларын жымқыру не қорқытып алу (ҚР ҚК 291-бабы).

Қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар: Бұзақылықтың (ҚР ҚК 293-бабы) ұғымы мен белгілері. Тағылық (ҚР ҚК 294-бабы).

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 8; 9; 13; 15-16; 41-43; 52-58; 64-65;70; 108; 128-133; 145-146; 169; 180;185; 187-190; 193; 194-195; 207-208; 209-216.

**Семинар – 1 сағат**

1. Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері.
2. Терроризм актісі (ҚР ҚК 255 б.).

3. Терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақыру (ҚР ҚК 256 б.).

4. Адамды кепілге алу (ҚР ҚК 261 б.).

5. Ұйымдасқан топ, қылмыстық ұйым құру және оларға басшылық ету, сол сияқты оларға қатысу (ҚР ҚК 262 б.).

6. Бандитизм (ҚР ҚК 268 б.).

**Семинар – 1 сағат**

1.Айналыстан алып қойылған заттардың немесе айналысы шектелген заттардың контрабандасы (ҚР ҚК 286-бабы).

2.Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және жарылыс құрылғыларын заңсыз иемдену, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру (ҚР ҚК 287-бабы).

3.Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттар мен жарылыс құрлығыларын жымқыру не қорқытыпи алу (ҚР ҚК 291-бабы).

4. Бұзақылық (ҚР ҚК 293-бабы).

5. Тағылық (ҚР ҚК 294-бабы).

**Тапсырма:**Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті нормативтік-құқықтық актілерді конспектілеу керек.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 8; 9; 13; 15-16; 41-43; 52-58; 64-65; 70; 108; 128-133; 145-146; 169; 180; 185; 187-190; 193; 194-195; 207-208; 209-216.

**Практикалық сабақ - 1 сағат**

Сабақтың мақсаты — осы тақырып бойынша алынған білімдердітәжірибелік есептерді шешу кезінде шебер қолдана білу. Тақырып бойынша алған теориялық және тәжірибелік білімдерін бекіту.

**Тапсырма:** Семинапр сабақтарында көрсетілген сұрақтарға ауызша жауап дайындау.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық құқығы Ерекше Бөлім бойынша есептер жинағында көрсетілген тәжірибелік тапсырмаларды шешу.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 8; 9; 13; 15-16; 41-43; 52-58; 64-65; 70; 108; 128-133; 145-146; 169; 180; 185; 187-190; 193; 194-195; 207-208; 209-216.

**КОӨЖ – 1 сағат**

**Тапсырма:** Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (Ерекше бөлім) пәні бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтарды тақырыпқа сәйкес қарастырылатын баптарды құрамы жағынан объект, субъект, объективтік және субъективтік жақтарының белгілері бойынша талдау, жекелеген қылмыстық құқық бұзушылықтарды нормативтік құқықтық актілерге, қаулыларға сәйкес дұрыс саралау.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтарына жауап беру, қажеттілікке қарай тест тапсырмалары мен Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы бойынша есептер жинағында аталған тақырыпқа сәйкес есептерді шешу.

**КОӨЖ өткізу нысаны (түрі):** аудиториялық сабақ топтық және жеке түрде өткізіледі.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:**

Сабақтарға дайындалу барысында қылмыстық құқық бұзушылықтардың дұрыс саралануы бойынша мәселелерді талқыға салып, тақырып бойынша ұсынылған нормативтік-құқықтық актілерді, әдебиеттерді, оқу құралдарын қолдана отырып зерделеу. Курсант өзінің сөйлеу әрекетін сырттай қабылдауға мүмкіндік алады және мән-жайды ұғыну, ғалым заңгерлердің пікірлерін пайымдау және тәжірибелік ахуалды бағалау қабілеті қалыптасады.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 8; 9; 13; 15-16; 41-43; 52-58; 64-65; 70; 108; 128-133; 145-146; 169; 180; 185; 187-190; 193; 194-195; 207-208; 209-216.

**КӨЖ – 7 сағат**

**Тапсырма:**

1.Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды (ҚР ҚК-нің 255-295-баптар)саралау кезінде қылмыстық-құқықтық норманы қолдану дағдысы мен ептілікті қалыптастыру.

2.Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (Ерекше бөлім) пәні бойынша есептер жинағынан қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар тақырыбы бойынша 1-13 дейінгі жағдаяттық есептерді шығару.

***3.Тақырып бойынша келесідей нормативтік қаулыларды конспектілеу және оқып білу керек:***

- Қазақстан Республикасының «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңы, 1999 жылғы 13 шілде. (соңғы өзгертулерімен және толықтыруларымен). ҚР ӘМ «РҚАО» РМК «Заң» МБ.
- Қазақстан Республикасының «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» № 31 ҚРЗ Заңы. 2005 жылғы 18 ақпан (соңғы өзгертулерімен және толықтыруларымен). ҚР ӘМ «РҚАО» РМК «Заң» МБ.
- Қазақстан Республикасының «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Заңы, 30 желтоқсан 1998 жылғы (20.12.04. 22.02.02. және 27.07.07 . өзгертулер. толық.). ҚР ӘМ «РҚАО» РМК «Заң» МБ.
- Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Соттардың бандитизм және қылмысқа қатыса отырып, басқа қылмыстар жасағаны үшін жауапкершілік туралы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» қаулысы21 маусым 2001ж. ҚР ЖС Бюллетені, 2001 ж. № 6.
- Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының Пленумының

«Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және жарылғыш құргырларды заңсыз сатып алу, беру, өткізу, сақтау, алып жүру, ұқыпсыз сақтау және ұрлау жөніндегі істердің сот тәжірбиесі туралы« қаулысы21 шілде 1995ж. ҚР ЖС қауыларының жинағы, 1995 ж.

- Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Бұзақылық жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы» нормативтік қаулысы12 қантар 2009 ж.ҚР ЖС Бюллетені, 2009 ж. № 1.

**Өзіндік бақылау материалдары:**

1. Қоғамның қауіпсіздігіне және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері.
2. Қоғамның қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
3. Қауіпсіздік ережелерін бұзумен байланысты қоғамның қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
4. Жұмыс істеу ережелерін бұзумен байланысты қоғамның қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
5. Қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
6. Қоғамдық қауіпсіздіктің ұғымы.
7. Қоғамдық тәртіптің ұғымы.

**Реферат тақырыптары:**

1. Терроризм актісінің сипаттамасы.
2. Адамды кепілге алудың сипаттамасы.
3. Трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық ұйым құру және оларға басшылық ету, сол сияқты оларға қатысудың сипаттамасы
4. Жаппай тәртіпсіздіктер саралану мәселелері.
5. Радиоактивті заттармен, радиоактивті қалдықтармен, ядролық материалдармен заңсыз жұмыс істеудің сипаттамасы.
6. Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және жарылыс құрылғыларын заңсыз иемдену, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүрудің сипаттамасы.
7. Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттар мен жарылыс құрылғыларын жымқыру не қорқытып алудың сипаттамасы.
8. Бұзақылықтың сипаттамасы.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 8; 9; 13; 15-16; 41-43; 52-58; 64-65; 70; 108; 128-133; 145-146; 169; 180; 185; 187-190; 193; 194-195; 207-208; 209-216.

## 10-тақырып. Халықтың денсаулығына және адамгершілікке қарсы Қылмыстық құқық бұзушылықтар. Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар

**Дәріс – 1 сағат**

1. Халықтың денсаулығына және имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері:

Есірткі, психотроптық заттармен, сол тектестермен, прекурсорлармен өткізу мақсатынсыз заңсыз жұмыс істеу (ҚР ҚК 296 б.);

Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, йемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу (ҚР ҚК 297 б.).

Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді жымқыру не қорқытып алу (ҚР ҚК 298-б).

Жезөкшелікпен айналысуға тарту (ҚР ҚК 308 б.).

2.Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері.

Медицина немесе фармацевтика жұмыскерінің кәсіптік міндеттерін тиісінше орындамауы (ҚР ҚК 317-323б.б).

Заңсыз түсік жасау (ҚР ҚК 319- б).

**ДӘРІС ТЕЗИСІ**

Қазақстан Республикасындағы Халықтың денсаулығына және адамгершілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтармен күрестің, әсіресе, соңғы жылдары өткірленген мәселелері елдің іші сияқты сыртында да саяси және экономикалық аядағы ғаламдық процестермен байланысты.

Соңғы жылдары есірткі құралдары мен жүйкеге әсер ететін заттарды шектен тыс пайдалану және оларды республикада заңсыз айналдыру жер-жерлерде кеңінен таралды. Мұның бәрі қоғамдағы экономиканың, құқықтық тәртіп жағдайына, әлеуметтік-психологиялық атмосфераға, ұлттың генофондына мейлінше кері әсер етеді.

Елде заңсыз есірткі базарының қарқынды қайта құрылуы жалғасуда. Біздің республика отандық есірткі таратушылар мен олардың ұйымдасқан қылмыстық топтары және қылмыстық сыбайластары жиналған халықаралық есірткі бизнесінің етек алған объектісі болып табылады. Қазақстан есірткілерді Орталық Азиядан Ресейге және Европаға жеткізуде негізгі «тасымал коридоры» болып тұр. Ал бұл – біздің еліміздегі ұлт қауіпсіздігіне және аймақтық қауіпсіздікке толығымен тікелей қауіп төндіреді деген сөз.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 29-бабында азаматтардың денсаулығын қорғау құқығына кепілдік береді. Азаматтар денсаулығының конституциялық құқығын іске асыру республикадағы барлық азаматтарға медициналық жәрдем көрсетуге кепілдік береді.

Халық денсаулығы және адамгершілік – бұл өзара байланысқан ұғымдар, сондықтан заңнама көрсетілген мүдделерге қол сұғатын қылмыстарды Қылмыстық кодекстің жеке тарауына сыйдырды. Біздің азаматтарымыздың дене бітімінің және рухани сау болуы өмір сүру және Қазақстан қоғамының өркениетті дамуы мен оның жүйесінің қалыпты жұмыс істеуінің кепілі болып табылады.

ҚР ҚК 11-тарауында орналасқан «Халықтың денсаулығына және адамгершілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды топтық объектінің белгісі бойынша екі топқа бөлуге болады.

Есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналысымен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар: Есірткі, психотроптық заттармен, сол тектестермен, прекурсорлармен өткізу мақсатынсыз заңсыз жұмыс істеу (ҚР ҚК 296-бабы). Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу (ҚР ҚК 297-бабы). Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді жымқыру не қорқытып алу (ҚР ҚК 298-бабы). Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді тұтынуға көндіру (ҚР ҚК 299-бабы). Құрамында есірткі заттар бар, өсіруге тыйым салынған өсімдіктерді заңсыз егіп-өсіру (ҚР ҚК 300-бабы). Улы заттардың, сондай-ақ есірткі, психотроптық немесе улы заттарды дайындау немесе қайта өңдеу үшін пайдаланылатын заттардың, құрал-саймандардың немесе жабдықтардың заңсыз айналымы (ҚР ҚК 301-бабы). Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді тұтыну үшін притондар ұйымдастыру немесе оларды ұстау және осы мақсаттар үшін үй-жайлар беру (ҚР ҚК 302-бабы). Есірткі, психотроптық немесе улы заттармен жұмыс істеу қағидаларын бұзу (ҚР ҚК 303-бабы). Санитариялық қағидаларды немесе гигиеналық нормативтерді бұзу (ҚР ҚК 304-бабы). Адамдардың өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін мән-жайлар туралы ақпаратты жасыру (ҚР ҚК 305-бабы). Қауіпсіздік талаптарына сай келмейтін тауарларды шығару немесе сату, жұмыстарды орындау не қызметтер көрсету (ҚР ҚК 306-бабы). Заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру (ҚР ҚК 307-бабы). Дәрілік немесе басқа құралдарды пайдаланып есеңгірету үшін притондар ұйымдастыру немесе оларды ұстау (ҚР ҚК 310-бабы).Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтармен күресудегі кеден органдарының қызметі.

Имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар: Жезөкшелікпен айналысуға тарту (ҚР ҚК 308-бабы). Жезөкшелікпен айналысуға арналған притондар ұйымдастыру немесе оларды ұстау және жеңгетайлық (ҚР ҚК 309-бабы). Порнографиялық материалдарды немесе заттарды заңсыз тарату (ҚР ҚК 311-бабы). Кәмелетке толмағандардың порнографиялық бейнелері бар материалдарды немесе заттарды дайындау және олардың айналымы не оларды порнографиялық сипаттағы ойын-сауық іс-шараларына қатысу үшін тарту (ҚР ҚК 312-бабы). Қатыгездік пен күш қолдануға бас ұруды насихаттайтын туындыларды заңсыз тарату (ҚР ҚК 313-бабы). Өлген адамдардың мәйіттерін және олар жерленген жерлерді қорлау (ҚР ҚК 314-бабы). Адам мәйітінің ағзалары мен тіндерін заңсыз алып қою (ҚР ҚК 315-бабы). Жануарларға қатыгездік жасау(ҚР ҚК 316-бабы).

Бұл әрекеттердің қоғамдық қауіптілігі оларды, зиян келтірумен немесе көптеген адамдардың денсаулығына және қоғамның өнегелі бастауларына зиян келтіру қаупін төндірумен сипатталады.

Халықтың денсаулығына және адамгершілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың тектік объектісі қалыпты дене бітімінің және психикалық саулығын қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар жиынтығы деп түсінуге болатын, халықтың денсаулығы, нормалар мен ережелердің, идеялардың, салт-дәстүрлердің қайырымдылық пен жауыздық, әділеттілік пен пен әділетсіздік, міндет пен абырой туралы қоғамда үстемдік ететін ұсыныстардың жүйесі ретінде түсінілетін қоғамдық адамгершілік бұл қоғамдық сананың ерекше формасы және қоғамдық қатынастардың (адамгершілік қатынастар) түрі болып табылады.

Халықтың денсаулығына және адамгершілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың тікелей объектілері адамдардың тұтынушылығын қанағаттандыруға лайықты қалыпты дене бітімінің және психикалық амандығы байқалатын қоғамдық қатынастардың жеке тобы қылмыстық заңмен қорғалатын халық денсаулығы болып табылады.

Халықтың денсаулығына және адамгершілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың нәрсесі болатын есірткі құралдары мен жүйкеге әсер ететін заттар осы топтағы бүкіл қылмыстарды біріктіретін жалпы негізді құрайды.

Халықтың денсаулығына және адамгершілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар объективтік жағынан әрекет арқылы істеледі. Олардың кейбіреуі әрекет арқылы сияқты әрекетсіздік арқылы да істеледі.

Субъективтік жағынан қылмыстың негізгі бөлігі қасақана істеледі. Кейбіреуі абайсыздықта істелуі мүмкін.

Қылмыс субъектісі жалпы – 16 жасқа толған есі дұрыс адам. Жекелеген қылмыстық құқық бұзушылықтар тек арнайы субъектімен істелуі мүмкін.

Адамгершілік - конституциялық құндылық болып табылады. Яғни ҚР Конституциясының 39-бабында адамдар мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтары тек конституциялық құрылымды ғана емес, қоғамдық тәртіпті қорғау, адамдардың құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен адамгершілігін қорғау мақсатында қажет болғанда заңмен шектелуі мүмкін. Сондықтан адамгершілікке қол сұғулықпен күресте қылмыстық-құқықтық шараларды да қолдану толығымен заңға саяды.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 8; 10; 13; 44; 52-58; 60-62; 64-65; 103-104; 128-133; 145-146; 165-166; 179; 183; 187-190; 193; 194-195; 207-208; 209-216.

**Семинар – 1 сағат**

1.Халықтың денсаулығына және имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері.

Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу (ҚР ҚК 297-бабы).

Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді жымқыру не қорқытып алу (ҚР ҚК 298-бабы).

Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді тұтынуға көндіру (ҚР ҚК 299-бабы).

Жезөкшелікпен айналысуға тарту (ҚР ҚК 308-бабы).

**Семинар – 1 сағат**

Жезөкшелікпен айналысуға арналған притондар ұйымдастыру немесе оларды ұстау және жеңгетайлық (ҚР ҚК 309-бабы).

Порнографиялық материалдарды немесе заттарды заңсыз тарату (ҚР ҚК 311-бабы).

Өлген адамдардың мәйіттерін және олар жерленген жерлерді қорлау (ҚР ҚК 314-бабы).

Заңсыз түсік жасау (ҚР ҚК 319-бабы).

Науқасқа көмек көрсетпеу (ҚР ҚК 320-бабы).

**Тапсырма:**Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті нормативтік-құқықтық актілерді конспектілеу керек.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 8; 10; 13; 44; 52-58; 60-62; 64-65; 103-104; 128-133; 145-146; 165-166; 179; 183; 187-190; 193; 194-195; 207-208; 209-216.

**Практикалық сабақ - 1 сағат**

Сабақтың мақсаты — осы тақырып бойынша алынған білімдердітәжірибелік есептерді шешу кезінде шебер қолдана білу.

**Тапсырма:** Семинапр сабақтарында көрсетілген сұрақтарға ауызша жауап дайындау.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық құқығы Ерекше Бөлім бойынша есептер жинағында көрсетілген тәжірибелік тапсырмаларды шешу.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 8; 10; 13; 44; 52-58; 60-62; 64-65; 103-104; 128-133; 145-146; 165-166; 179; 183; 187-190; 193; 194-195; 207-208; 209-216.

**КОӨЖ – 1 сағат**

**Тапсырма:** Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (Ерекше бөлім) пәні бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтарды тақырыпқа сәйкес қарастырылатын басптарды құрамы жағынан объект, субъект, объективтік және субъективтік жақтарының белгілері бойынша талдау, жекелеген қылмыстық құқық бұзушылықтарды нормативтік құқықтық актілерге, қаулыларға сәйкес дұрыс саралау.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтарына жауап беру, қажеттілікке қарай тест тапсырмалары мен Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы бойынша есептер жинағында аталған тақырыпқа сәйкес есептерді шешу.

**КОӨЖ өткізу нысаны (түрі):** аудиториялық сабақ топтық және жеке түрде өткізіледі.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:**

Сабақтарға дайындалу барысында қылмыстық құқық бұзушылықтардың дұрыс саралануы бойынша мәселелерді талқыға салып, тақырып бойынша ұсынылған нормативтік-құқықтық актілерді, әдебиеттерді, оқу құралдарын қолдана отырып зерделеу. Курсант өзінің сөйлеу әрекетін сырттай қабылдауға мүмкіндік алады және мән-жайды ұғыну, ғалым заңгерлердің пікірлерін пайымдау және тәжірибелік ахуалды бағалау қабілеті қалыптасады.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 8; 10; 13; 44; 52-58; 60-62; 64-65; 103-104; 128-133; 145-146; 165-166; 179; 183; 187-190; 193; 194-195; 207-208; 209-216.

**КӨЖ – 7 сағат**

**Тапсырма:**

1.Халықтың денсаулығына және адамгершілікке қарсы және медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтарды (ҚР ҚК-нің 295-316, 317-323-баптар)саралау кезінде қылмыстық-құқықтық норманы қолдану дағдысы мен ептілікті қалыптастыру.

2.Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (Ерекше бөлім) пәні бойынша есептер жинағынан халықтың денсаулығына және адамгершілікке қарсы және медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар тақырыбы бойынша 1-14 және 1-8 дейінгі жағдаяттық есептерді шығару.

***3.Тақырып бойынша келесідей нормативтік қаулыларды конспектілеу және оқып білу керек:***

- Қазақстан Республикасының „Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы“ Кодексі 18.09.2009 ж. ҚР ӘМ «РҚАО» РМК «Заң» МБ.

- Қазақстан Республикасының «Есірткі заттар, жүйкеге әсер ететін заттар және оларды заңсыз айналдыруға қарсы шаралар туралы» Заңы, 10.07.1998ж. (соңғы өзгертулерімен және толықтыруларымен). ҚР ӘМ «РҚАО» РМК «Заң» МБ.

- Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының Пленумының «Есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды заңсыз дайындау қылмыстары бойынша заңдылықты қолдану тәжірибесі туралы» қаулысы14.05.1998ж. ҚР ЖС Бюллетені, 2007 ж. № 5.

**Өзіндік бақылау материалдары:**

1. Халықтың денсаулығына және адамгершілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері.
2. Есірткі заттардың немесе психотроптық заттардың заңсыз айналымымен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар.
3. Есірткі заттардың немесе психотроптық заттардың ұғымы.
4. Адамгершілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
5. Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы және түрлері.

**Реферат тақырыптары:**

1. Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді жымқыру не қорқытып алудың сипаттамасы.
2. Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді тұтыну үшін притондар ұйымдастыру немесе оларды ұстау және осы мақсаттар үшін үй-жайлар берудің сипаттамасы.
3. Заңсыз ойын бизнесін ұйымдастырудың сипаттамасы.
4. Жезөкшелікпен айналысуға тартудың сипаттамасы.
5. Кәмелетке толмағандардың порнографиялық бейнелері бар материалдарды немесе заттарды дайындау және олардың айналымы не оларды порнографиялық сипаттағы ойын-сауық іс-шараларына қатысу үшін тартудың сипаттамасы.
6. Заңсыз түсік жасаудың сипаттамасы.
7. Науқасқа көмек көрсетпеудің сипаттамасы.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 8; 10; 13; 44; 52-58; 60-62; 64-65; 103-104; 128-133; 145-146; 165-166; 179; 183; 187-190; 193; 194-195; 207-208; 209-216.

## 11-тақырып.Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар.

**Дәріс – 1 сағат**

1.Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері.

2. Шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптарды бұзу (ҚР ҚК 324 б.).

3. Суларды ластау, қоқыстау немесе сарқу (ҚР ҚК 328 б.).

4. Заңсыз аңшылық (ҚР ҚК 337 б.).

5. Ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, жою немесе зақымдау (ҚР ҚК 340 б.).

**ДӘРІС ТЕЗИСІ**

Қылмыстық кодексте экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар13-тарауда қарастырылған. Бұл Қазақстан Республикасындағы экологиялық қауіпсіздікті сақтау мүдделерімен қамтылатын құндылықтар мен игіліктердің аса маңыздылығына байланысты.

Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар қоршаған табиғи ортаға, яғни адамның ақылмен және ұқыптылықпен пайдалануы тиіс баға жетпес игілігіне қол сұғады. Есте сақтайтын болсақ, табиғи орта адамдардың қалыпты тіршілігін қамтамасыз ету үшін табиғи негіздерді шоғырландырады. Сонымен бірге, ол халықтың әл-ауқатының, қоғамның, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық негіздерін нығайту мен дамытудың қайнар-көзі. Табиғи байлықтар бүкіл Қазақстан халқының игілігі мен дәулеті болып табылады және сондықтан да ол халықтың өзінің мүдделері үшін қол сұғушылықтан қорғауды қажет етеді. Осыған байланысты экологиялық

қауіпсіздікті ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі болып табылады. Ол жайында Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6-қаңтардағы «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңында толық, нақты айтылған. Осы заңға сәйкес, экологиялық қауіпсіздік еліміздегі ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы құқықтық қатынас бағыттарының бірі болып табылады. Экологиялық қауіпсіздік деп жеке адамның, қоғамның өмірлік маңызды мүдделері мен құқықтарын қоршаған ортаға антропогендік және өзге де ықпалдардың нәтижесінде туындайтын қатерден қорғалуының жай-күйін тану керек.

Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар деп Қазақстан Республикасының заңнамаларымен белгіленген экологиялық құқық тәртібіне, қоғамның экологиялық қауіпсіздігіне қол сұғушылықпен жасалатын және қоршаған табиғат ортасына немесе адам денсаулығына елеулі зиян келтіретін зиянкестік әрекетті тануға болады.

Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың қоғамдық қауіптілігі ол адамның өмір сүруінің биологиялық негізін жою немесе сапасын төмендетумен табиғат арқылы адамға қол сұғумен көрінеді. Қоршаған ортаға қылмыстық қол сұғушылықтың объектісі қоғамдық қатынастар.

Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар объектісін тек қана Қазақстан Республикасының Конституциясы және басқа да табиғат қорғау сипатындағы ұлттық заңдар арқылы дұрыс анықтауға болады.

Объективтік жағынан экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар, эдетте, табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау ережелерін әрекетпен немесе әрекетсіздікпен бұзу арқылы көрінеді. Мұндай қылмыстардың белгілерін анықтайтын нормалардың диспозициялары бланкеттік болып табылады.

Өзінің құрылысы жағынан экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар заңда көрсетілген зардаптардың болуын қажет ететін қылмыстың материалдық құрамдарды талап етеді. Олардың кейбірісі формальды құрамдар да болып табылады.

Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың объективтік жағын, мысалы қандайда бір ережелер мен қатынастарды бұзумен көрінетін қылмыстық әрекет арқылы көрсетумен шектеліп қалуға болмайды. Әрбір нақты экологиялық қылмыстың объективті жағы заңнамалық сипаттамаларға қарай өзіне келтірілген мысалдардағы зардаптардың әрекетпен себепті-тергеулік байланыстарын, сондай-ақ факультативті белгілерін анықтауға негізделеді.

Субъективтік жағынан экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар кінәнің қасақаналық, сол сияқты абайсыздық түрімен сондай-ақ ҚР ҚК 22-бабының жиынтығы бойынша кінәнің қосарланған нысанымен сипатталады.

Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъектісі – 16 жасқа толған, есі дұрыс, жеке адам. Осы қылмыстық құқық

бұзушылықтардың жекелеген түрлері бойынша баптардың диспозициясында заң шығарушы қылмыстың арнайы субъектісін қарастырады.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 8; 13; 45-46; 52-58; 59; 64-65; 78; 87-88; 94; 111; 126-127; 128-133; 134-135; 153; 187-190; 194-195; 207-208; 209-216.

**Семинар – 1 сағат**

1.Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері.

2.Шаруашылық немесе өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптарды бұзу (ҚР ҚК 324-бабы).

3.Суларды ластау, қоқыстау немесе сарқу (ҚР ҚК 328-бабы).

4. Заңсыз аңшылық(ҚР ҚК 337-бабы).

5. Балық ресурстарын, басқа су жануарларын немесе өсімдіктерін заңсыз алу(ҚР ҚК 335-бабы).

6. Ормандарды жою немесе зақымдау(ҚР ҚК 341-бабы).

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті нормативтік-құқықтық актілерді конспектілеу керек.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 8; 13; 45-46; 52-58; 59; 64-65; 78; 87-88; 94; 111; 126-127; 128-133; 134-135; 153; 187-190; 194-195; 207-208; 209-216.

**КОӨЖ – 1 сағат**

**Тапсырма:** Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (Ерекше бөлім) пәні бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтарды тақырыпқа сәйкес қарастырылатын баптарды құрамы жағынан объект, субъект, объективтік және субъективтік жақтарының белгілері бойынша талдау, жекелеген қылмыстық құқық бұзушылықтарды нормативтік құқықтық актілерге, қаулыларға сәйкес дұрыс саралау.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтарына жауап беру, қажеттілікке қарай тест тапсырмалары мен Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы бойынша есептер жинағында аталған тақырыпқа сәйкес есептерді шешу.

**КОӨЖ өткізу нысаны (түрі):** аудиториялық сабақ топтық және жеке түрде өткізіледі.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:**

Сабақтарға дайындалу барысында қылмыстық құқық бұзушылықтардың дұрыс саралануы бойынша мәселелерді талқыға салып, тақырып бойынша ұсынылған нормативтік-құқықтық актілерді, әдебиеттерді, оқу құралдарын қолдана отырып зерделеу. Курсант өзінің сөйлеу әрекетін сырттай қабылдауға мүмкіндік алады және мән-жайды ұғыну, ғалым заңгерлердің пікірлерін пайымдау және тәжірибелік ахуалды бағалау қабілеті қалыптасады.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 8; 13; 45-46; 52-58; 59; 64-65; 78; 87-88; 94; 111; 126-127; 128-133; 134-135; 153; 187-190; 194-195; 207-208; 209-216.

**КӨЖ – 3 сағат**

**Тапсырма:**

1.Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарды (ҚР ҚК-нің 324-343)саралау кезінде қылмыстық-құқықтық норманы қолдану дағдысы мен ептілікті қалыптастыру.

2.Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (Ерекше бөлім) пәні бойынша есептер жинағынан экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар тақырыбы бойынша 1-10 дейінгі жағдаяттық есептерді шығару.

***3.Тақырып бойынша келесідей нормативтік қаулыларды конспектілеу және оқып білу керек:***

- Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Соттардың кейбір экологиялық қылмыстар үшін жауаптылық көздейтін зандарды қолдануы туралы» нормативтік қаулысы18 маусым 2004. ҚР ЖС Бюллетені, 2004 ж. № 6.

**Өзіндік бақылау материалдары:**

1. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері.
2. Экологиялық талаптарды бұзумен байланысқан қылмыстық құқық бұзушылықтар.
3. Қоршаған ортаның элементтеріне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар.
4. Жануарлар және өсімдіктер әлемдеріне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар.

**Реферат тақырыптары:**

1. Экологиялық тұрғыдан әлеуетті қауіпті химиялық немесе биологиялық заттармен жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптарды бұзудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
2. Атмосфераны ластаудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
3. Қазақстан Республикасының континенттік қайраңы және Қазақстан Республикасының айрықша экономикалық аймағы туралы заңнаманы бұзудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
4. Балық қорларын қорғау қағидаларын бұзудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
5. Заңсыз аңшылықтың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы..
6. Ормандарды жою немесе зақымдаудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 8; 13; 45-46; 52-58; 59; 64-65; 78; 87-88; 94; 111; 126-127; 128-133; 134-135; 153; 187-190; 194-195; 207-208; 209-216.

## 12-тақырып. Көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтар

**Дәріс – 1 сағат**

1.Көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері

2.Теміржол, әуе, теңіз немесе өзен көлігі жүрісі немесе оларды пайдалану қауіпсіздігі қағидаларын бұзу (ҚР ҚК 344 б.).

3. Көлік құралдарын басқаратын адамдардың жол жүрісі немесе оларды пайдалану қауіпсіздігі қағидаларын бұзу (ҚР ҚК 345 б.).

4. Көлік құралдарын сапасыз жөндеу немесе оларды техникалық ақауларымен пайдалануға шығару (ҚР ҚК 348 б.).

**ДӘРІС ТЕЗИСІ**

Жол қозғалысының қауіпсіздігі қазіргі таңда өте күрделі мәселелердің бірі болып отыр. Жолдағы апаттар көптеген елдерде ұлттық зіл-зала түріне жатады. БҰҰ мәліметтеріне қарайтын болсақ, қазіргі таңда әлемде жол-көлік апатынан жылына 250 мың адамға жуығы өліп, 10 миллионнан астамы жарақат алады. ТМД елдерінде жол-көлік апатынан 100 адам зардап шегіп, өлгендердің саны АҚШ, Германия, Жапония, Ұлыбритания сияқты елдермен салыстырғанда 4-8 есеге жоғары.

Қазақстанда жолда жүру мәдениеті тым төменгі деңгейде болғандықтан, көптеген адам шығынына әкеліп соғуда.

Көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтар диспозициясы бланкетті болып табылады, бұл қылмыскерді қылмыстық жауапкершілікке тартарда басқа да заңды актілерге назар аудару керек, және олардағы диспозициялардағы ауыр салдарларды да анықтау керек.

Біздің қоғамды жол – көлік оқиғаларының теріс салдарынан қорғау әртүрлі шаралардың, соның ішінде қылмыстық – құқықтық шараларды жетілдіруді талап етеді.

Көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтардегеніміз жол қауіпсіздігі немесе көлік құралдарын пайдалануда қоғамдық қатынастарға қол сұғушылық нәтижесінде зиянды зардаптардың орын алуын немесе орын алу мүмкіндігін қарастыратын, қылмыстық заңда көрсетілген қоғамға қауіпті іс-әрекеттер (әрекет немесе әрекетсіздік).

Барлық көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін олардың тектік объектісі ортақ болып табылады. Ал қылмыстық әрекеттердің «төтенше алуандығына» келетін болсақ, бұл жағдай оларды жүйелеуге еш бөгет болмайды, себебі көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірігуінің басты жағдайына осы саланың бір тарауы қарастыратын – адамның әртүрлі көлік түрлерімен өзара әрекеттестікке түсуі болып табылады.

Көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтарды жүйелеуде тектік объектіден басқа олардың объективтік жақтарының (мұндай қылмыстар көлік құралдарын қолдану арқылы жасалады), субъективті жақтарының (кінәнің күрделі түрі), субъект белгілерінің ұқсастықтарын ескеруді ұсынады,

себебі көп жағдайда көлік құралдарын басқарған тұлғалар көлік жұмысының қалыпты, қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге міндетті болған.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінде көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтар екі топқа бөлінеді.

Көлік құралдарын пайдалануға байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар: Теміржол, әуе, теңіз немесе өзен көлігі жүрісі немесе оларды пайдалану қауіпсіздігі қағидаларын бұзу (ҚР ҚК 344-бабы). Көлік құралдарын басқаратын адамдардың жол жүрісі немесе көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзуы (ҚР ҚК 345-бабы). Көлік құралдарын басқару құқығынан айырылған, алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйдегі адамның көлік құралын басқаруы, сол сияқты көлік құралын осындай адамның басқаруына беру немесе көлік құралын осындай адамның басқаруына жол беру (ҚР ҚК 346-бабы). Жол-көлік оқиғасы болған жерден кетіп қалу (ҚР ҚК 347-бабы). Көлік құралдарын сапасыз жөндеу немесе оларды техникалық ақауларымен пайдалануға шығару (ҚР ҚК 348-бабы). Басқаруға құқығы жоқ жүргізушінің көлік құралын басқаруына жол беру (ҚР ҚК 349-бабы). Көлік құралдарын немесе қатынас жолдарын қасақана жарамсыздыққа келтіру (ҚР ҚК 350-бабы).

Көліктің қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ететін ережелерді бұзумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар: Көліктің қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қағидаларды бұзу (ҚР ҚК 351-бабы). Пойызды қажет болмаған жағдайда өз бетінше тоқтату (ҚР ҚК 352-бабы). Көлікте қолданылатын қағидаларды бұзу (ҚР ҚК 353-бабы). Кеме капитанының апатқа ұшырағандарға көмек көрсетпеуі (ҚР ҚК 357-бабы). Халықаралық ұшу қағидаларын бұзу (ҚР ҚК 360-бабы).Магистральдық құбырларды салу, пайдалану немесе жөндеу кезінде қауіпсіздік қағидаларын бұзу (ҚР ҚК 354-бабы) Құбырларды қасақана зақымдау немесе қирату (ҚР ҚК 355-бабы) Құбырларды абайсызда зақымдау немесе қирату (ҚР ҚК 356-бабы) Алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйдегі адамның әуе, теңіз, өзен кемесін немесе шағын көлемді кемені басқаруы, әуе, теңіз, өзен кемесін немесе шағын көлемді кемені осындай адамның басқаруына беру немесе осындай адамның басқаруына жол беру (ҚР ҚК 358-бабы).

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 8; 13; 45-46; 52-58; 59; 64-65; 78; 87-88; 94; 111; 126-127; 128-133; 134-135; 153; 187-190; 194-195; 207-208; 209-216.

**Семинар – 1 сағат**

1.Көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері.

3.Көлік құралдарын басқаратын адамдардың жол жүрісі немесе көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзуы (ҚР ҚК 345-бабы).

3.Жол-көлік оқиғасы болған жерден кетіп қалу (ҚР ҚК 347-бабы).

4.Көлік құралдарын сапасыз жөндеу немесе оларды техниқалық ақауларымен пайдалануға шығару (ҚР ҚК 348 б.).

5.Көлік құралдарын немесе қатынас жолдарын қасақана жарамсыздыққа келтіру ҚР ҚК 350 б.).

**Тапсырма:**Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті нормативтік-құқықтық актілерді конспектілеу керек.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 8; 13; 45-46; 52-58; 59; 64-65; 78; 87-88; 94; 111; 126-127; 128-133; 134-135; 153; 187-190; 194-195; 207-208; 209-216.

**Практикалық сабақ - 1 сағат**

Сабақтың мақсаты — осы тақырып бойынша алынған білімдердітәжірибелік есептерді шешу кезінде шебер қолдана білу.

**Тапсырма:** Семинапр сабақтарында көрсетілген сұрақтарға ауызша жауап дайындау.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық құқығы Ерекше Бөлім бойынша есептер жинағында көрсетілген тәжірибелік тапсырмаларды шешу.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 8; 13; 45-46; 52-58; 59; 64-65; 78; 87-88; 94; 111; 126-127; 128-133; 134-135; 153; 187-190; 194-195; 207-208; 209-216.

**КОӨЖ – 1 сағат**

**Тапсырма:** Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (Ерекше бөлім) пәні бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтарды тақырыпқа сәйкес қарастырылатын баптарды құрамы жағынан объект, субъект, объективтік және субъективтік жақтарының белгілері бойынша талдау, жекелеген қылмыстық құқық бұзушылықтарды нормативтік құқықтық актілерге, қаулыларға сәйкес дұрыс саралау.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтарына жауап беру, қажеттілікке қарай тест тапсырмалары мен Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы бойынша есептер жинағында аталған тақырыпқа сәйкес есептерді шешу.

**КОӨЖ өткізу нысаны (түрі):** аудиториялық сабақ топтық және жеке түрде өткізіледі.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:**

Сабақтарға дайындалу барысында қылмыстық құқық бұзушылықтардың дұрыс саралануы бойынша мәселелерді талқыға салып, тақырып бойынша ұсынылған нормативтік-құқықтық актілерді, әдебиеттерді, оқу құралдарын қолдана отырып зерделеу. Курсант өзінің сөйлеу әрекетін сырттай қабылдауға мүмкіндік алады және мән-жайды ұғыну, ғалым заңгерлердің пікірлерін пайымдау және тәжірибелік ахуалды бағалау қабілеті қалыптасады.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 8; 13; 45-46; 52-58; 59; 64-65; 78; 87-88; 94; 111; 126-127; 128-133; 134-135; 153; 187-190; 194-195; 207-208; 209-216.

**КӨЖ – 5 сағат**

**Тапсырма:**

1.Көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтарды (ҚР ҚК-нің 324-343, 344-360-баптар)саралау кезінде қылмыстық-құқықтық норманы қолдану дағдысы мен ептілікті қалыптастыру.

2.Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (Ерекше бөлім) пәні бойынша есептер жинағынан көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтар тақырыбы бойынша 1-10 дейінгі жағдаяттық есептерді шығару.

***3.Тақырып бойынша келесідей нормативтік қаулыларды конспектілеу және оқып білу керек:***

- Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Жол қозғалысы және көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзуға байланысты қылмыстар жөніндегі істер бойынша қылмыстық заңнаманы қолдану тәжірибесі туралы»нормативтік қаулысы 29 маусымдағы 2011 жылғы. ҚР ЖС Бюллетені, 2011 ж. № 6.

**Өзіндік бақылау материалдары:**

**1.** Көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы.

**2.** Көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері.

**3.** Көліктің және басқа да механикалық көлік құралдарының ұғымы.

**Реферат тақырыптары:**

1. Көлік құралдарын басқаратын адамдардың жол жүрісі немесе көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
2. Жол-көлік оқиғасы болған жерден кетіп қалудың қауіптілігі.
3. Көлікте қолданылатын қағидаларды бұзудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
4. Халықаралық ұшу қағидаларын бұзудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 8; 13; 45-46; 52-58; 59; 64-65; 78; 87-88; 94; 111; 126-127; 128-133; 134-135; 153; 187-190; 194-195; 207-208; 209-216.

## 13-тақырып. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар

**Дәріс – 1 сағат**

1. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстардың субъектісі.

Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану (ҚР ҚК 361 б.).

Пара алу (ҚР ҚК 366 б.).

Қызметтік жалғандық жасау (ҚР ҚК 369 б.).

Қызметтегі әрекетсіздік (ҚР ҚК 370 б.).

**ДӘРІС ТЕЗИСІ**

Қазақстан Республикасында экономикалық, саяси, құқықтық, идеологиялық сипаттамадағы ғаламдық өзгерістер кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше өткірленіп, саяси маңыздылығы арта түсті. Осы құбылыстарға байланысты мемлекеттік билік пен елдің экономикалық қызметі саласына сыбайлас жемқорлықтың тереңдеп ену тенденциясы қазіргі талаптарға сай бақылану үстінде.

Заңдылық режимін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы адамдардың құқық басымдығы мен мүддесін талдау осы мәселенің қазақстан қоғамын тұрақсыздандырушы факторлардың бірі екенін көрсетеді.

Құқықтық тәртіп саласында қалыптасып келе жатқан экономикалық қатынастарды жоғары деңгейлі реттеу мемлекеттік органдардың құқықтық орны мен құзырын анықтайтын заң актілерінің, құқық нормаларының жүйесін құрауды талап етуде.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекет саясатының негіздерінің бірі болып танылады.

Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтардың ерекшелігі қоғамдық қауіпті әрекеттерді заңдарды сақтау және қорғауға міндетті адамдардың жасауында болып табылады.

Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтары екіжақтылықтың, яғни екі тұстың болуымен сипатталады: біріншіден, өзінің қызметтік жағдайын пайдаланушы мемлекет қызметкері, екіншіден, қызметтік мүдделеріне қарсы әрекетін өзінің пайдасы үшін қолданатын адамдар.

Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтардың кең таралуы мемлекет аппаратының сыбайластығы заң шығарушыны мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстармен күресуде қатаң шаралар қолдануына мәжбүрлейді.

Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтармен күрес саласындағы заң шығарумен және өзге де құқық қолдану мәселелерін шешу «сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтары» мен «мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар» ұғымдарының мағынасы мен мазмұндарын түсінуді талап етеді, олардың анықтамасы заңда және заң әдебиеттерінде осы сұрақтарды қарастыруда бірыңғай көзқарастың болмауымен күрделене түскен.

Қарастырылып отырған қылмыстық құқық бұзушылықтардың белгілерінің ерекшелігін көрсету және осының негізінде мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстар түсінігінің қалыптасуы қылмыстың мына белгілерін ашуда маңызды: қоғамдық қауіпті әрекеттерді саралау, қылмыстың сабақтас құрамдарының айырмашылығын анықтау, аталған қылмыстар және өзге де құқық бұзушылықтарды шектеу.

ҚР Қылмыстық кодексі мемлекеттік қызмет пен коммерциялық ұйымдар және қоғамдық бірлестіктердегі қызметті біріктіруге жол бермеу принципін негізге алып, екі жеке тарауды қарастырады, мемлекеттік қызмет мүдделеріне қарсы (ҚК 15 тарау), коммерциялық және өзге ұйымдардың мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚК 9 тарауы) үшін қылмыстық жауаптылық анықталған.

Сыбайлас жемқорлық түсінігін сипаттайтын түрлі көзқарастар келесідей:

1. Сыбайлас жемқорлық қызмет өкілеттігін пайдакүнемдік мақсатында асыра пайдалану ретінде қарастырылады;

2. Сыбайлас жемқорлық жеке мүддесі үшін де, қызметкерін параға сатып алумен сипатталатын пайдакүнемдік мақсаттағы жағдайларда да мемлекет қызмет өкілеттігін асыра пайдаланумен ұқсастырылады;

3. Сыбайлас жемқорлық ұйымдасқан қылмыстың элементі ретінде сипатталады;

4. Сыбайлас жемқорлық - лауазымды тұлғаның (өзге де мемлекет қызметкелері) өз қызмет өкілеттіктерін қасақана бұзу.

Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтардың объектісі мемлекеттік аппараттың және жалпы және жекелеген звенолардағы жергілікті өзін-өзі басқару аппаратының қалыпты қызметі болып табылады.

Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтардың қосымша объектісі ретінде азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделері, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделері қарастырылады.

Жекелеген мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтардың міндетті белгілері олардың заты болып саналады: ақша, құнды қағаздар, өзге де мүліктер (ҚР ҚК 366-368 б.б.), ресми құжаттар (ҚР ҚК 369 б.).

Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтардың көпшілігі әрекет арқылы жүзеге асады, тек қызметтік әрекетсіздік (ҚК 370 б.) және салақтық (ҚК 371 б.) қылмыстық құқық бұзушылықтары жатады.

Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъективтік жағы кінәнің қасақаналығымен сипатталады.

Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтардың міндетті элементі азаматтармен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзу болып табылады.

Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъектілеріне заңға сәйкес арнайы субъектілер жатады:

1. Мемлекеттік қызмет атқаруға уәкілетті тұлғалар
2. Оларға теңестірілег адамдар
3. Лауазымды тұлғалар
4. Жауапты мемлекеттік қызмет атқарушы.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 7; 47-48; 52-58; 64-65; 66-68; 72; 78; 84; 86; 125; 128-133; 136; 142; 145-146; 167;173; 182; 187-190; 194-195; 200; 207-208; 209-216.

**Семинар – 1 сағат**

1.Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері.Сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъектілері.

2.Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану (ҚР ҚК 361-бабы).

3.Пара алу (ҚР ҚК 366-бабы).

4.Парақорлыққа делдал болу (ҚР ҚК 368-бабы).

5.Қызметтік жалғандық жасау (ҚР ҚК 369-бабы).

**Тапсырма:**Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті нормативтік-құқықтық актілерді конспектілеу керек.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 7; 47-48; 52-58; 64-65; 66-68; 72; 78; 84; 86; 125; 128-133; 136; 142; 145-146; 167; 173; 182; 187-190; 194-195; 200; 207-208; 209-216.

**Практикалық сабақ - 1 сағат**

Сабақтың мақсаты — осы тақырып бойынша алынған білімдердітәжірибелік есептерді шешу кезінде шебер қолдана білу.

**Тапсырма:** Семинапр сабақтарында көрсетілген сұрақтарға ауызша жауап дайындау.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық құқығы Ерекше Бөлім бойынша есептер жинағында көрсетілген тәжірибелік тапсырмаларды шешу.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 7; 47-48; 52-58; 64-65; 66-68; 72; 78; 84; 86; 125; 128-133; 136; 142; 145-146; 167; 173; 182; 187-190; 194-195; 200; 207-208; 209-216.

**КОӨЖ – 1 сағат**

**Тапсырма:** Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (Ерекше бөлім) пәні бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтарды тақырыпқа сәйкес қарастырылатын баптарды құрамы жағынан объект, субъект, объективтік және субъективтік жақтарының белгілері бойынша талдау, жекелеген қылмыстық құқық бұзушылықтарды нормативтік құқықтық актілерге, қаулыларға сәйкес дұрыс саралау.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтарына жауап беру, қажеттілікке қарай тест тапсырмалары мен Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы бойынша есептер жинағында аталған тақырыпқа сәйкес есептерді шешу.

**КОӨЖ өткізу нысаны (түрі):** аудиториялық сабақ топтық және жеке түрде өткізіледі.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:**

Сабақтарға дайындалу барысында қылмыстық құқық бұзушылықтардың дұрыс саралануы бойынша мәселелерді талқыға салып, тақырып бойынша ұсынылған нормативтік-құқықтық актілерді, әдебиеттерді, оқу құралдарын қолдана отырып зерделеу. Курсант өзінің сөйлеу әрекетін сырттай қабылдауға мүмкіндік алады және мән-жайды ұғыну, ғалым заңгерлердің пікірлерін пайымдау және тәжірибелік ахуалды бағалау қабілеті қалыптасады.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 7; 47-48; 52-58; 64-65; 66-68; 72; 78; 84; 86; 125; 128-133; 136; 142; 145-146; 167; 173; 182; 187-190; 194-195; 200; 207-208; 209-216.

**КӨЖ – 5 сағат**

**Тапсырма:**

1.Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтарды (ҚР ҚК-нің 361-371-баптар)саралау кезінде қылмыстық-құқықтық норманы қолдану дағдысы мен ептілікті қалыптастыру.

2.Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (Ерекше бөлім) пәні бойынша есептер жинағынан мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар тақырыбы бойынша 1-10 дейінгі жағдаяттық есептерді шығару.

***3.Тақырып бойынша келесідей нормативтік қаулыларды конспектілеу және оқып білу керек:***

- Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы" Заңы, 23.11.2015 ж.
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жыл 18 қараша №410-V

“Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы “ ҚР ЖС Нормативтікқаулысы2015жыл 27 қараша №8

**Өзіндік бақылау материалдары:**

1. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас-жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъектісі.

3. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас-жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері .

4. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзгеде қылмыстық құқық бұзушылықтардың коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардан айырмашылығы.

**Реферат тақырыптары:**

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар субъектісінің ұғымы.
2. Сыбайлас жемқорлықтың ұғымы.
3. Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдаланудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
4. Билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдаланудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
5. Лауазымды адамның өкілеттіктерін иемденіп алудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
6. Кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
7. Заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасаудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
8. Пара алудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
9. Пара берудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
10. Парақорлыққа делдал болудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
11. Қызметтік жалғандық жасаудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
12. Қызметтегі әрекетсіздіктің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
13. Салғырттықтың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 7; 47-48; 52-58; 64-65; 66-68; 72; 78; 84; 86; 125; 128-133; 136; 142; 145-146; 167; 173; 182; 187-190; 194-195; 200; 207-208; 209-216.

## 14-тақырып. Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

**Дәріс – 1 сағат**

1.Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері:

2. Мемлекеттік рәміздерді қорлау (ҚР ҚК 372 б.).

3. Қазақстан Республикасы Президентінің абыройы мен қадір-қасиетіне қол сұғу және оның қызметіне кедергі жасау (ҚР ҚК 375 б.).

4. Билік өкілін қорлау (ҚР ҚК 378 б.).

5. Жалған құжаттарды, мөртаңбаларды, мөрлерді, бланкілерді, мемлекеттік пошта төлемі белгілерін, мемлекеттік наградаларды қолдан жасау, дайындау немесе өткізу (ҚР ҚК 385 б.).

6. Өзінше билік ету (ҚР ҚК 389 б.).

**ДӘРІС ТЕЗИСІ**

Адамзат қоғамы жалпы нысанда «қолданыс саласындағы объективті заңдылықтарды тәртіпке келтіру жүйесі» ретінде анықталатын басқарудың қалыпты қызмет етуі, жетілдірілуі мен ойдағыдай дамуы үшін күрделі жүйе.

Қылмыстық-құқықтық қорғаудың обектісі ретінде басқару тәртібі ұғымының бастапқы мағынасын сипаттай отырып, оны пайдалану мемлекеттің құрылысын қорғаумен, мемлекет өкілдерінің қызметтік міндеттерін атқарумен, мемлекеттік түрлі міндеттерді атқарумен, мемлекет мүлкін сақтаумен және қазына кірістерін қамтамасыз етумен тікелей қатысы жоқ барлық мүдделерін қорғау деп түсінілді.

Мемлекеттің қазіргі кезеңдегі дамуының жалпы міндеттерінен туындайтын басқару міндетттері, басқару тәртіптері сақталған, билік пен басқару органдарының қалыпты қызметі бұзылмаған жағдайда ойдағыдай шешілуі мүмкін. Басқару органдары халық шаруашылығының дамуына басшылық жасайды, әлеуметтік және мәдени құрылысты ұйымдастырып және оған бағыт беріп отырады, мемлекеттің қауіпсіздігін, қоғамдық тәртіпті қорғау, заңдылықты, азаматтардың құқықтары мен міндеттерін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды өткізеді.

Басқаруы тәртібін кез келген бұзушылық басқару міндеттерін жүзеге асыруға кедергі жасайды, сондықтан болар олардың қоғамдық қауіптілік дәрежесі әртүрлі.

Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар деп, басқару тәртібін бұзудың неғұрлым қауіпті түрі саналады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 16-тарауы өзінің мазмұны жағынан басқару тәртібін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғауға бағытталған нормалардың айтарлықтай тобын құрайды және оған қылмыстық құқық бұзушылықтардың35 құрамы кіреді (ҚР ҚК 372-406-баптары).

Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың қоғамдық қауіптілігі олардың мемлекеттік билік органдарының ойдағыдай басқару қызметіне қарсы әрекет көрсетуімен көрінеді, олардың беделін түсіруі, сондай-ақ азаматтардың құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін.

Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың тікелей объектілері ретінде басқару саласындағы қоғамдық қатынастардың нақты түрлері көрінеді (билік органдарының ойдағыдай қызметі, Қазақстан Республикасының құрылысын, лауазымды адамдарды тағайындау, сайлау

саласындағы басқару тәртібін, заңдық маңызы бар фактілерді деректі түрде куәландыру тәртібін басқару тәртібін және басқаларды қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар).

Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар қосымша объектілері билік өкілдерінің намысы мен абыройы, тұлғалардың қауіпсіздігі, өмірі мен денсаулығы бола алады.

Өзінің объективті қасиеттеріне қарай басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар мейілінше әралуан түрлі болып келеді. Олардың көпшілігі  қылмыс түрінде көрінетін болса, ал кейбірісі әрекетпен немесе әрекетсіздікпен көрінеді.

Өзінің құрылысына қарай зардаптардың болуын талап етпейтін басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрамы формальды деп түсініледі. Олардың кейбір сараланған құрамдары зардаптар әкелген әрекет деп танылады.

Субъективтік жағынанбасқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар кінәнің қасақаналық нысанымен сипатталады. Жекелеген қылмыс құрамдары субъективтік жағынан қылмыстық құқық бұзушылықтардың себебі мен мақсатын талап етеді.

Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптеген түрлерінің субъектісі 16 жасқа толған, есі дұрыс, жеке адам болып табылады. Ал қайсыбірлерінде арнайы субъекті болады, мысалы, «Әскери қызметтен жалтару» (ҚР ҚК 387-бабы).

Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды тікелей объектілеріне қарай мынадай алты топқа бөлуге болады:

Қазақстан Республикасының беделіне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар: Мемлекеттік рәміздерді қорлау (ҚР ҚК 372-бабы).

Билік өкілдеріне және мемлекеттік органдардың басқару қызметін атқаратын өзге де адамдарға қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар: Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентін – Елбасын көпшілік алдында қорлау және оның абыройы мен қадір-қасиетіне өзге де қол сұғу, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының бейнесін бүлдіру, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының заңды қызметіне кедергі жасау (ҚР ҚК 373-бабы). Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне – Елбасына тиіспеушілік кепілдігін бұзу (ҚР ҚК 374-бабы). Қазақстан Республикасы Президентінің абыройы мен қадір-қасиетіне қол сұғу және оның қызметіне кедергі жасау (ҚР ҚК 375-бабы). Қазақстан Республикасы Парламенті депутатының абыройы мен қадір-қасиетіне қол сұғу және оның қызметіне кедергі жасау (ҚР ҚК 376-бабы). Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қызметіне кедергі жасау (ҚР ҚК 377-бабы). Билік өкілін қорлау (ҚР ҚК 378-бабы). Билік өкіліне бағынбау (ҚР ҚК 379-бабы). Билік өкіліне қатысты күш қолдану (ҚР ҚК 380-бабы). Прокурордың қызметіне кедергі жасау және оның заңды талаптарын орындамау (ҚР ҚК 381-бабы).

Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын лауазымды адамға қатысты қолданылатын қауіпсіздік шаралары туралы мәліметтерді жария ету (ҚР ҚК 382-бабы). Билік өкілінің немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын лауазымды адамның атағын өз бетімен иемденіп алу(ҚР ҚК 390-бабы). Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардың саралану белгілері.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының бұзылмаушылығына қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қасақана заңсыз кесіп өту (ҚР ҚК 392-бабы). Шығарып жіберу туралы шешімді орындамау (ҚР ҚК 393-бабы). Заңсыз көші-қонды ұйымдастыру (ҚР ҚК 394-бабы). Қазақстан Республикасында шетелдік жұмыс күшін тарту және пайдалану қағидаларын бірнеше рет бұзу (ҚР ҚК 395-бабы). Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын құқыққа қайшы өзгерту(ҚР ҚК 396-бабы).

Ресми құжаттармен және мемлекеттік наградалармен жұмыс тәртібіне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар: Ресми құжаттарды және мемлекеттік наградаларды иемдену немесе өткізу (ҚР ҚК 383-бабы). Құжаттарды заңсыз алып қою, құжаттарды, мөртабандарды, мөрлерді жымқыру, жою, бүлдіру немесе жасыру (ҚР ҚК 384-бабы). Жалған құжаттарды, мөртабандарды, мөрлерді, бланкілерді, мемлекеттік пошта төлемі белгілерін, мемлекеттік наградаларды қолдан жасау, дайындау немесе өткізу (ҚР ҚК 385-бабы). Көлік құралының сәйкестендіру нөмірін қолдан жасау, жою, көрінеу қолдан жасалған сәйкестендіру нөмірі бар көлік құралын өткізу (ҚР ҚК 386-бабы).

Басқару тәртібін қамтамасыз ету жөніндегі жекелеген ережелерді бұзатын қылмыстық құқық бұзушылықтар: Әскери қызметтен жалтару (ҚР ҚК 387-бабы). Жұмылдыруға шақырылудан жалтару (ҚР ҚК 388-бабы). Өзінше билік ету (ҚР ҚК 389-бабы). Жиналыстарды, митингілерді, пикеттерді, көше шерулерін және демонстрацияларды ұйымдастыру мен өткізу тәртібін бұзу (ҚР ҚК 400-бабы). Соғыс уақытында немесе төтенше жағдай кезінде тыйым салынған ереуілге басшылық ету, ұйымның жұмысына кедергі жасау (ҚР ҚК 401-бабы). Сот заңсыз деп таныған ереуілге қатысуды жалғастыруға арандататын әрекеттер (ҚР ҚК 402-бабы). Қоғамдық бірлестіктер мүшелерінің мемлекеттік органдардың қызметіне заңсыз араласуы (ҚР ҚК 403-бабы). Заңсыз қоғамдық және басқа да бірлестіктер құру, олардың қызметіне басшылық ету және қатысу (ҚР ҚК 404-бабы). Қоғамдық немесе діни бірлестіктің не өзге де ұйымның экстремизмді немесе терроризмді жүзеге асыруына байланысты олардың қызметіне соттың тыйым салу немесе тарату туралы шешімінен кейін олардың қызметін ұйымдастыру және оған қатысу (ҚР ҚК 405-бабы). Шет мемлекеттердің саяси партиялары мен кәсіптік одақтарына жәрдем көрсету(ҚР ҚК 406-бабы).

Басқару тәртібіне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың арнайы түрлері: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын заңсыз көтеру (ҚР ҚК 391-бабы). Қызыл Жарты ай, Қызыл Крест, Қызыл Кристалл эмблемалары мен белгілерін заңсыз пайдалану (ҚР ҚК 397-бабы). Байланыс желілері мен құрылыстарын, сондай-ақ мемлекеттік күзетілуге жататын объектілерді күзету қағидаларын бұзу (ҚР ҚК 398-бабы). Ақпаратты жасырын алудың арнайы техникалық құралдарын заңсыз дайындау, жасау, иемдену, өткізу немесе пайдалану(ҚР ҚК 399-бабы).

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 7; 8; 52-58; 64-65; 72; 78; 98; 102;128-133; 145-146; 152;161; 182; 187-190; 194-195; 200; 207-208; 209-216.

**Семинар – 1 сағат**

1.Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері.

2. Мемлекеттік рәміздерді қорлау (ҚР ҚК 372-бабы).

3. Қазақстан Республикасының Президентінің абыройы мен қадір-қасиетіне қолу сұғу және оның қызметіне кедергі жасау (ҚР ҚК 375-бабы).

4. Билік өкіліне қорлау(ҚР ҚК 378-бабы).

5. Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылық(ҚР ҚК 380-1-бабы).

6.Құжаттарды заңсыз алып қою, құжаттарды, мөртабандарды, мөрлерді жымқыру, жою, бүлдіру немесе жасыру (ҚР ҚК 384-бабы).

**Семинар – 1 сағат**

1.Жалған құжаттарды, мөртабандарды, мөрлерді, бланкілерді, мемлекеттік пошта төлем белгілерін, мемлекеттік наградаларды қолдан жасау, дайындау немесе өткізу(ҚР ҚК 385-бабы).

2. Әскери қызметтен жалтару (ҚР ҚК 387-бабы).

3. Өзінше билік ету (ҚР ҚК 389-бабы).

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қасақана заңсыз кесіп өту(ҚР ҚК 392-бабы).

5. Заңсыз көші-қонды ұйымдастыру(ҚР ҚК 394-бабы).

**Тапсырма:**Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті нормативтік-құқықтық актілерді конспектілеу керек.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 7; 8; 52-58; 64-65; 72; 78; 98; 102; 128-133; 145-146; 152; 161; 182; 187-190; 194-195; 200; 207-208; 209-216.

**КОӨЖ – 1 сағат**

**Тапсырма:** Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (Ерекше бөлім) пәні бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтарды тақырыпқа сәйкес қарастырылатын баптарды құрамы жағынан объект, субъект, объективтік және субъективтік жақтарының белгілері бойынша талдау, жекелеген

қылмыстық құқық бұзушылықтарды нормативтік құқықтық актілерге, қаулыларға сәйкес дұрыс саралау.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтарына жауап беру, қажеттілікке қарай тест тапсырмалары мен Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы бойынша есептер жинағында аталған тақырыпқа сәйкес есептерді шешу.

**КОӨЖ өткізу нысаны (түрі):** аудиториялық сабақ топтық және жеке түрде өткізіледі.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:**

Сабақтарға дайындалу барысында қылмыстық құқық бұзушылықтардың дұрыс саралануы бойынша мәселелерді талқыға салып, тақырып бойынша ұсынылған нормативтік-құқықтық актілерді, әдебиеттерді, оқу құралдарын қолдана отырып зерделеу. Курсант өзінің сөйлеу әрекетін сырттай қабылдауға мүмкіндік алады және мән-жайды ұғыну, ғалым заңгерлердің пікірлерін пайымдау және тәжірибелік ахуалды бағалау қабілеті қалыптасады.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 7; 8; 52-58; 64-65; 72; 78; 98; 102; 128-133; 145-146; 152; 161; 182; 187-190; 194-195; 200; 207-208; 209-216.

**КӨЖ – 5 сағат**

**Тапсырма:**

1.Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды (ҚР ҚК-нің 372-406-баптар)саралау кезінде қылмыстық-құқықтық норманы қолдану дағдысы мен ептілікті қалыптастыру.

2.Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (Ерекше бөлім) пәні бойынша есептер жинағынан басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар тақырыбы бойынша 1-10 дейінгі жағдаяттық есептерді шығару.

***3.Тақырып бойынша келесідей нормативтік қаулыларды конспектілеу және оқып білу керек:***

- Қазақстан Республикасының «ҚР мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық заңы, 04.06. 2007. «РҚАО» РМК «Заң» МБ.
- Қазақстан Республикасының Конституциялық «ҚР Президенті туралы» Заңы, 26 желтоқсан 1995ж. (6.05.99. өзгер. толық.). «РҚАО» РМК «Заң» МБ.
- Қазақстан Республикасының «Халықтың көші-қоны туралы» Заңы, 22.07.2011 ж. ҚР ӘМ «РҚАО» РМК «Заң» МБ.
- Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңы, 31 мамыр 1996. «РҚАО» РМК «Заң» МБ.

**Өзіндік бақылау материалдары:**

1. Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері.
2. Қазақстан Республикасының беделіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

3. Билік өкілдеріне және мемлекеттік орғандардың басқару қызметін атқаратын өзге адамдарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

4. Ресми құжаттар мен және мемлекеттік наградалармен жұмыс тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

5. Өкімет өкілінің ұғымы.

6. Мемлекеттік шекараның белгілері.

7. Мемлекеттік шекараның ұғымы.

**Реферат тақырыптары:**

1. Мемлекеттік рәміздерді қорлаудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің абыройы мен қадір-қасиетіне қол сұғу және оның қызметіне кедергі жасаудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

3. Билік өкілін қорлаудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

4. Билік өкіліне қатысты күш қолданудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қасақана заңсыз кесіп өтудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын құқыққа қайшы өзгертудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

7. Жалған құжаттарды, мөртабандарды, мөрлерді, бланкілерді, мемлекеттік пошта төлемі белгілерін, мемлекеттік наградаларды қолдан жасау, дайындау немесе өткізудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

8. Жұмылдыруға шақырылудан жалтарудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

9. Өзінше билік етудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

10. Ақпаратты жасырын алудың арнайы техникалық құралдарын заңсыз дайындау, жасау, иемдену, өткізу немесе пайдаланудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 7; 8; 52-58; 64-65; 72; 78; 98; 102; 128-133; 145-146; 152; 161; 182; 187-190; 194-195; 200; 207-208; 209-216.

## 15-тақырып.Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар

**Дәріс – 1 сағат**

1.Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы және түрлері.

2. Сот төрелігін жүзеге асыруға және сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізуге кедергі жасау (ҚР ҚК 407 б.).

3. Дәлелдемелерді және жедел-іздестіру, қарсы барлау материалдарын бұрмалау(ҚР ҚК 416 б.).

4.Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы және түрлері.

Әскери қызметшілер арасында бағыныштылық қатынастар болмаған кезде олардың арасындағы өзара қарым- қатынастардың жарғылық қағидаларын бұзу (ҚР ҚК 440 б.)

Қашқындық (ҚР ҚК 442 б.)

**ДӘРІС ТЕЗИСІ**

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Қазақстан өзін жария еткендей, құқықтық мемлекеттің негізгі принциптерінің бірі мемлекеттік биліктің түрлі буындарындағы қызметті құқықтық анықтау болып табылады. Өкіметті заң шығарушы, орындаушы және соттық деп бөлудің дәстүрлі тұжырымдамасы адамзат өркениеті дамуының қазіргі кезеңінде өкіметтің барлық буындарының өз қызметін бөгетсіз жүзеге асыруына жағдай туғызатын өзіндік байсалдылық пен салмақтылық жүйесін қалыптастырады.

Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың тектік объектісі ретінде: біріншіден қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы анықтау, тергеу, органдарының және прокуратураның , екіншіден қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша соттардың ойдағыдай қызметін, үшәншәден, осылардың шешімдері мен үкімдерін және тағайындалған жазаны атқаруды жүзеге асыратын органдардың ойдағыдай қызметін қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастардың жиынтығын көрсетеді.

Сөйтіп, сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың тектік объектісі сот төрелігі мен жазалардың орындауды жүзеге асыру жөніндегі құқық қорғау органдары болып табылады.

Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың тектік объектісі бойынша басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар айыра білу қажет. Егер, сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың тектік объектісі сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі соттың және оған көмектесуші органдардың қызметі болып табылса, ал басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың тектік объектісі құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық ұйымдардың қызметі болып табылады. Мысалға, судья ретіндегі өкілеттелгі тоқтатылған адамның өз бетінше өкімет өкілі атағын иеленіп алып сот қызметін жүзеге асыруы.

Қарастырып отырған қылмыстың тікелей объектісі сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі белгілі бір мемлекеттік билік органдарының (соттың, прокуратураның, тергеушінің, анықтау органының, сот шашімін, сот үкімін немесе өзге сот актілерін орындаушы органдар) қалыпты қызметі болып табылады.

Кейбір сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар бір мезгілде әртүрлі тікелей объектіге – тұлғаның заңмен қорғалған құқығы мен мүдделеріне қол сұғады.

Объективтік жағынын сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар қоғамға қауіпті және заңға қайшы іс-әрекеттер (әрекет, әрекетсіздік) саналады.

Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъективтік жағын кінәнің қасақаналық нысаны сипаттайды. Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар тарауына субъектісі тек қана жалпы, яғни 16 жасқа толған, есі дұрыс, жеке адам болып табылатын әрекеттермен бірге, тек қана арнайы субъектімен, яғни жалпы объекті белгілерімен бірге қосымша белгілермен жасалатын әрекеттер енгізілген.

Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері.

Сот төрелігі органдарындағы лауазымды адамдармен жасалатын, сот төрелігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар: Көрінеу кінәсіз адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту (ҚР ҚК 412-бабы). Қылмыстық жауаптылықтан көрінеу заңсыз босату (ҚР ҚК 413-бабы). Көрінеу заңсыз ұстап алу, күзетпен қамауға алу немесе күзетпен ұстау (ҚР ҚК 414-бабы). Айғақтар беруге мәжбүрлеу (ҚР ҚК 425-бабы). Дәлелдемелерді және жедел-іздестіру материалдарын бұрмалау (ҚР ҚК 416-бабы). Көрінеу әділетсіз сот үкімін, шешімін немесе өзге де сот актісін шығару (ҚР ҚК 418-бабы).

Жалған айғақтар беруді немесе айғақтар беруден жалтаруды, жалған қорытынды беруді не қате аударуды параға сатып алу немесе оларға мәжбүрлеу (ҚР ҚК 422-бабы). Сотқа дейінгі іс жүргізу деректерін жария ету(ҚР ҚК 423-бабы).

Басқа да адамдармен жасалатын сот төрелігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар:Сот төрелігін жүзеге асыруға және сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізуге кедергі жасау (ҚР ҚК 407-бабы). Сот төрелігін немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның өміріне қол сұғу (ҚР ҚК 408-бабы). Сот төрелігін немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыруға байланысты қорқыту немесе күш көрсету әрекеттері (ҚР ҚК 409-бабы). Сотты құрметтемеу (ҚР ҚК 410-бабы). Судьяға, алқабиге, прокурорға, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға, сарапшыға, сот приставына, сот орындаушысына қатысты жала жабу (ҚР ҚК 411-бабы). Парамен коммерциялық сатып алуға не парақорлыққа арандату (ҚР ҚК 417-бабы). Көрінеу жалған сөз жеткізу (ҚР ҚК 419-бабы). Сарапшының, маманның көрінеу жалған айғақтары, қорытындылары немесе қате аударма (ҚР ҚК 420-бабы). Куәнің немесе жәбірленушінің айғақтар беруден бас тартуы (ҚР ҚК 421-бабы). Қылмысты жасырып қалу (ҚР ҚК 432-бабы). Қылмыстық құқық

бұзушылықты жасыру (ҚР ҚК 433-бабы). Қылмыс туралы хабарламау (ҚР ҚК 434-бабы). Адвокаттар мен өзге де адамдардың адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау, сондай-ақ жеке және заңды тұлғаларға заң көмегін көрсету жөніндегі заңды қызметіне кедергі жасау (ҚР ҚК 435-бабы). Азаматтың алқаби міндетін орындауына кедергі жасау (ҚР ҚК 436-бабы).

Жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар:Бас бостандығынан айыру орындарынан, қамақтан немесе күзетпен ұстаудан қашу (ҚР ҚК 426-бабы). Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден жалтару (ҚР ҚК 427-бабы). Қылмыстық-атқару мекемесі әкімшілігінің заңды талаптарына бағынбау (ҚР ҚК 428-бабы). Қоғамнан оқшаулауды қамтамасыз ететін мекеменің қызметкеріне не оның жақындарына, сондай-ақ сотталған адамға қатысты күш қолдану қатерін төндіру немесе олардың денсаулығына немесе өміріне қол сұғу (ҚР ҚК 429-бабы). Сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін не атқарушылық құжатты орындамау (ҚР ҚК 430-бабы). Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға сот белгілеген әкімшілік қадағалаудан жалтару (ҚР ҚК 431-бабы).

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында: Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік ретінде орнықтырады; оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары, - деп атап көрсетілген.

Конституцияның 36-бабы Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті борышы және парызы екендігін бекітеді.

Еліміздің егеменді мемлекет ретінде ары қарай дамуының маңызды шарты оның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады, осы тұрғыда Қарулы Күштердің алатын орны әрине ерекше.

ҚР 2012 жылғы 6 қаңтардағы «ҚР ұлттық қауіпсіздігі туралы» заңында ұлттық қауіпсіздіктің басқа да түрлерімен қатар еліміздің әскери қауіпсіздігі де көзделген.

Әскери қауіпсіздік – Қазақстан Республикасының ел тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығына әскери сипатта төндірілетін нақты және ықтимал қауіп-қатер мен қол сұғушылықтан қорғалуының жай-күйі. Ұлттық қауіпсіздік объектілері – жеке адам, оның құқықтары мен бостандықтары, қоғам, оның материалдық және рухани құндылықтары, мемлекет, оның конституциялық құрылысы, тәуелсіздігі және аумақтық тұтастығы

Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтардың қоғамдық қауіптілігі ҚР Қарулы Күштеріндегі әскери заңдылықпен реттелетін қоғамдық қатынастарға, мүдделер мен игіліктерге қол сұғушылықпен анықталады, осы қатынастарға зиян келтіріп, әскери тәртіп пен әскерлердің жауынгерлік дайындығын әлсіретеді.

Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтардың құқыққа қайшылығы қоғамға қауіпті іс-әрекеттердің әскери – қылмыстық заңның баптары мен талаптарына қайшылық тудыратындығымен сипатталады.

Объективтік жағынан барлық әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар әрекет арқылы да немесе әрекетсіздік арқылы да жасалынуы мүмкін.Әрекет адамның белсенді әрекеттері арқылы танылады

Қылмыстық құқықтың міндетті талабы жауапкершілік қоғамға қауіпті зардаптардың сол әрекеттерді жасаған адамның қылмысымен себепті байланысы болған жағдайда ғана туындайтынын атап өту қажет.

Егер де кінәлінің әрекеттері мен келтірілген зардаптардың арасындағы себепті байланыс болмаған жағдайда ол әрекеттер кінәліге айып тағуға негіз бола алмайды.

Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтардың объективтік жағы қылмыс жасаудың уақыты мен орнын сипаттайтын белгілерді жиі қамтиды. Қылмысты соғыс уақытында, ұрыс жағдайында, соғыс алаңдарында жасау оның өте қауіптілігін аңғартады.

Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтардың объективтік жағының мынадай факультативті /қосымша/ белгілеріорны – қылмыс жасалған аумақ, жер; уақыты – қылмыс жасалған белгілі бір уақыт аралығы; жағдайы – қылмыстық әрекеттің сыртқы қоршамы, шарттары; тәсілі – сыртқы нысаны, қылмысты жасауда қолданылған әдіс-тәсілдер жиынтығы; құралы – тікелей қылмыс жасауда қолданылатын нәрсе; сайманы – қылмыс жасауға көмектесуші нәрсе, осылардың бәрі әскери қылмыстық құқық бұзушылықтарға қатысты маңызды роль атқарады.

Субъективтік жағынанәскери қылмыстық құқық бұзушылықтар қасақана не абайсызда жасалуы мүмкін

Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъектісі арнайы болады, себебі ол жалпы субъектіден өзгеше бірқатар тек өзіне ғана тән ерекшеліктерге ие. Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтардың арнайы субъектісі жалпы субъектінің барлық белгілерін, яғни есі дұрыстық, белгілі бір жасқа толуы және тұлғаның қылмысты жасау сәтінде әскери қызметте немесе әскери жиында болуын көздейтін арнайы белгісін қамтуы тиіс.

Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері.

Жарғылық ережелері және бағыныштылық қатынастар тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар: Бұйрыққа бағынбау немесе оны өзгедей орындамау (ҚР ҚК 437-бабы). Бастыққа қарсылық көрсету немесе оны қызметтік міндеттерін бұзуға мәжбүрлеу (ҚР ҚК 438-бабы). Бастыққа қатысты күш қолдану әрекеттері (ҚР ҚК 439-бабы). Әскери қызметшілер арасында бағыныштылық қатынастар болмаған кезде олардың арасындағы өзара қарым-қатынасының жарғылық қағидаларын бұзу (ҚР ҚК 440-бабы). Бөлімді немесе қызмет орнын өз бетімен тастап кету (ҚР ҚК 441-бабы). Қашқындық (ҚР ҚК 442-бабы). Әскери қызметті атқарудан жалтару немесе бас тарту (ҚР ҚК 443-бабы). Билікті теріс пайдалану(ҚР ҚК 450-бабы).

Билікті асыра пайдалану (ҚР ҚК 451-бабы). Биліктің әрекетсіздігі (ҚР ҚК 452-бабы).Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардың саралану белгілері.

Арнайы қызметті атқару тәртібіне қарсы әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар: Жауынгерлік кезекшілікті атқару қағидаларын бұзу (ҚР ҚК 444-бабы). Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету жөніндегі қағидаларды бұзу (ҚР ҚК 445-бабы). Қарауыл (вахта) қызметін атқарудың жарғылық қағидаларын бұзу (ҚР ҚК 446-бабы). Ішкі қызмет атқарудың немесе гарнизонда патруль болудың жарғылық қағидаларын бұзу (ҚР ҚК 447-бабы). Қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызмет атқару қағидаларын бұзу (ҚР ҚК 449-бабы). Қызметке салғырт қарау (ҚР ҚК 453-бабы). Морадерлік (ҚР ҚК 457-бабы). Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардың саралану белгілері.

Әскери сипаттағы құпия мәліметтерді сақтауға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар:Әскери сипаттағы құпия мәліметтерді жария ету немесе әскери сипаттағы құпия мәліметтер жеткізгіштерді жоғалту (ҚР ҚК 458-бабы). Оның саралану белгілері. Бұл қылмыстық құқық бұзушылық мемлекетке опасыздық жасаудан (ҚР ҚК 175-бабы), сонымен қатар мемлекеттік құпияларды заңсыз жинау, тарату, жария етуден (ҚР ҚК 185-бабы) және мемлекеттік құпиялары бар мәліметтер жеткізгіштерді жоғалтудан (ҚР ҚК 186-бабы) айырмашылығы. Соғыс жүргізу құралдарын қарсыласқа беру немесе қалдырып кету (ҚР ҚК 455-бабы). Тұтқынға өз еркімен берілу (ҚР ҚК 456-бабы).

Әскери мүлікті пайдалану тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар:Олардың ұғымы, түрлері және меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардан айырмашылығы. Әскери мүлікті қасақана жою немесе бүлдіру (ҚР ҚК 459-бабы). Әскери мүлікті абайсызда жою немесе бүлдіру (ҚР ҚК 460-бабы). Әскери мүлікті жоғалту (ҚР ҚК 461-бабы). Қару-жарақпен, сондай-ақ айналадағыларға қауіп төндіретін заттармен және нәрселермен жұмыс істеу қағидаларын бұзу (ҚР ҚК 462-бабы).

Әскери техника құралдарын жүргізу және пайдалану тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар:Машиналарды жүргізу немесе пайдалану қағидаларын бұзу (ҚР ҚК 463-бабы). Ұшу немесе оған дайындалу қағидаларын бұзу (ҚР ҚК 464-бабы). Корабль жүргізу қағидаларын бұзу (ҚР ҚК 465-бабы). Адамның алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйде машиналарды жүргізуі, корабльдерді жүргізуі, әскери ұшу аппаратын басқаруы, әскери техниканы осындай адамның жүргізуіне немесе басқаруына беру не жүргізуіне немесе басқаруына жол беру (ҚР ҚК 466-бабы).

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 7; 8; 11; 49-51; 52-58; 64-65; 72; 74; 78; 85; 98; 105; 128-133; 145-146; 149;175; 187-190; 194-195; 199; 200; 204; 207-208; 209-216.

**Семинар – 1 сағат**

1.Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы және түрлері.

2. Сот төрелігін немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамныңөміріне қол сұғу (ҚР ҚК 408 б.).

3. Дәлелдемелерді және жедел-іздестіру, қарсы барлау материалдарын бұрмалау (ҚР ҚК 416 б.).

4. Парамен коммерциялық сатып алуға не парақорлыққа арандату (ҚР ҚК 417-б.)

5. Көрінеу жалған сөз жеткізу (ҚР ҚК 419-б.)

6. Қылмысты жасырып қалу (ҚР ҚК 432-бабы).

**Семинар – 1 сағат**

1.Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы және түрлері.

2. Бұйрыққа бағынбау немесе оны өзгедей орындамау(ҚР ҚК 437-бабы).

3. Әскери қызметшілер арасында бағыныштылық қатынастар болмаған кезде олардың арасындағы өзара қарым-қатынасының жарғылық қағидаларын бұзу (ҚР ҚК 440-бабы).

4. Бөлімді немесе қызмет орнын өз бетімен тастап кету (ҚР ҚК 441-бабы).

5. Қашқындық (ҚР ҚК 442-бабы).

6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету жөніндегі қағидаларды бұзу (ҚР ҚК 445-бабы).

**Тапсырма:**Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті нормативтік-құқықтық актілерді конспектілеу керек.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 7; 8; 11; 49-51; 52-58; 64-65; 72; 74; 78; 85; 98; 105; 128-133; 145-146; 149; 175; 187-190; 194-195; 199; 200; 204; 207-208; 209-216.

**КОӨЖ – 1 сағат**

**Тапсырма:** Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (Ерекше бөлім) пәні бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтарды тақырыпқа сәйкес қарастырылатын баптарды құрамы жағынан объект, субъект, объективтік және субъективтік жақтарының белгілері бойынша талдау, жекелеген қылмыстық құқық бұзушылықтарды нормативтік құқықтық актілерге, қаулыларға сәйкес дұрыс саралау.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтарына жауап беру, қажеттілікке қарай тест тапсырмалары мен Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы бойынша есептер жинағында аталған тақырыпқа сәйкес есептерді шешу.

**КОӨЖ өткізу нысаны (түрі):** аудиториялық сабақ топтық және жеке түрде өткізіледі.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:**

Сабақтарға дайындалу барысында қылмыстық құқық бұзушылықтардың дұрыс саралануы бойынша мәселелерді талқыға салып, тақырып бойынша

ұсынылған нормативтік-құқықтық актілерді, әдебиеттерді, оқу құралдарын қолдана отырып зерделеу. Курсант өзінің сөйлеу әрекетін сырттай қабылдауға мүмкіндік алады және мән-жайды ұғыну, ғалым заңгерлердің пікірлерін пайымдау және тәжірибелік ахуалды бағалау қабілеті қалыптасады.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 7; 8; 11; 49-51; 52-58; 64-65; 72; 74; 78; 85; 98; 105; 128-133; 145-146; 149; 175; 187-190; 194-195; 199; 200; 204; 207-208; 209-216.

**КӨЖ – 5 сағат**

**Тапсырма:**

1.Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы және әскери қылмыстық құқық бұзушылықтарды (ҚР ҚК-нің 407-436, 437-466-баптар)саралау кезінде қылмыстық-құқықтық норманы қолдану дағдысы мен ептілікті қалыптастыру.

2.Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (Ерекше бөлім) пәні бойынша есептер жинағынан сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы және әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар тақырыбы бойынша 1-11 және 1-10 дейінгі жағдаяттық есептерді шығару.

***3.Тақырып бойынша келесідей нормативтік қаулыларды конспектілеу және оқып білу керек:***

- Қазақстан Республикасының «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы» Заңы, 15.07.1996ж. (соңғы өзгертулерімен және толықтыруларымен). ҚР ӘМ «РҚАО» РМК «Заң» МБ.
- Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының Пленумының «ҚР сот билігі туралы заңдарды жоніндегі кейбір мәселелері» нормативтік қаулысы14 мамыр 1998ж. ҚР ЖС Бюллетені, 1998 ж. № 5.
- Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Әкімшілік қадағалау жөніндегі заңнаманы қолданудың сот тәжірибесі туралы» қауылысы, 20.06.2005ж. ҚР ЖС Бюллетені, 2005 ж. № 6.
- Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Әскери қылмыстар бойынша істерді қолданудың сот тәжірибесі туралы» қауылысы, 28.10.2005ж. ҚР ЖС Бюллетені, 2005 ж.

**Өзіндік бақылау материалдары:**

1. Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы мен түрлері.
2. Сот төрелігінің лауазымды адамдарымен жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар.
3. Басқа адамдармен жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар.
4. Жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
5. Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы және түрлері.
6. Бұйрыққа бағынбау немесе оны өзгедей орындамау.

7. Әскери қызметшілер арасында бағыныштылық қатынастар болмаған кезде олардың арасындағы өзара қарым- қатынастардың жарғылық қағидаларын бұзу.

**Реферат тақырыптары:**

1. Көрінеу кінәсіз адамды қылмыстық жауаптылыққа тартудыңқылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
2. Көрінеу заңсыз ұстап алу, күзетпен қамауға алу немесе күзетпен ұстаудыңқылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
3. Айғақтар беруге мәжбүрлеудіңқылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
4. Сот төрелігін немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыруға байланысты қорқыту немесе күш көрсету әрекеттерініңқылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
5. Сотты құрметтемеудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
6. Қылмыстық құқық бұзушылықты жасырудыңқылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
7. Бас бостандығынан айыру орындарынан, қамақтан немесе күзетпен ұстаудан қашудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
8. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға сот белгілеген әкімшілік қадағалаудан жалтарудыңқылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
9. Бұйрыққа бағынбау немесе оны өзгедей орындамаудыңқылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
10. Әскери қызметті атқарудан жалтару немесе бас тартудыңқылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
11. Қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызмет атқару қағидаларын бұзудыңқылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
12. Тұтқынға өз еркімен берілудіңқылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
13. Әскери мүлікті қасақана жою немесе бүлдірудіңқылмыстық-құқықтық сипаттамасы.

**Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі:** 1-4; 5; 7; 8; 11; 49-51; 52-58; 64-65; 72; 74; 78; 85; 98; 105; 128-133; 145-146; 149; 175; 187-190; 194-195; 199; 200; 204; 207-208; 209-216.

## 2.10.ПӘНДІ ОҚЫТУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМ

Оқу процесіне мақсатты түрде қатысу үшін курсанттар қылмыстық құқық курсы және сабақтарға даярлану тәсілдері бойынша оқу жұмысының негізгі формаларын жақсы білуі керек.

Қылмыстық құқықты меңгеруде оқу курсының барлық мазмұнын анықтайтын дәрістернегізгі орын алады.

Дәрістерді тыңдай отырып, дәріскер айтқан ойды мұқият тыңдай отырып, негізгі, мәнді ойды жазып алуы керек. Оқытушы, әдетте, интонация арқылы жазып алуға қажетті басты ережелерді бөліп отырады.

Жазып алынған дәрісті одан кейін өңдеу керек: аса маңызды деген ережелердің астын сызу, қажетті жерлерде қосымша фактілерді, өз пікірін жазу.

Кезекті дәріс алдында өткен тақырып мазмұнын еске түсіріп, жаңа оқу материалын мақсатты түрде және дұрыс түсіну үшін келесі дәріске қатысты сұрақтар бойынша әдебиеттермен танысу керек.

Дәріс сабақтардан кейін семинар сабақтарыөткізіледі. Олар курстағы маңызды және күрделі деген тақырыптарды тереңірек меңгеруге ықпал етеді.

Курсанттарды семинар сабақтарға дайындау оқытуға қатысты сұрақтарды өз беттерімен меңгеруге қажетті негізгі бағыттарды анықтайтын тақырыптар бойынша дәріс конспектілерін зерделеуден тұрады. Семинар сұрақтарын зерделеудің келесі қадамына оқулық пен сәйкес нормативтік актілермен жұмыс істеу жатады; содан кейін логикалық бірізділікпен жауап мазмұны көрсетілген жауаптар конспекттісін құру жатады. Сабаққа дайындық өзін өзі бақылауға арналған сұрақтарға курсанттардың жауаптарымен аяқталады.

Семинар сабақтарына ұсынылған сұрақтарды «Заңнан тәжірибеге, қолдану проблемасынан қылмыстық заңдылықтарды және құқықты қолдану тәжірибесін жетілдіруге» деген кесте бойынша қарастыру ұсынылады. Семинар сұрақтарын талқылау пікір - сайыс түрінде, рефераттарды талқылау, турнир ойыны, баспасөз - конференциясы немесе дөңгелек үстел түрінде өткізілуі мүмкін. Сабақ жоспарында семинар сабақтарын өткізудің ұсынылған нұсқасы берілген, бірақ нақты сабақ өткізу формасын қандай да бір топта сабақ жүргізетін оқытушының өзі анықтайды.

Нақты сабақ өткізудің формасына қарамастан әрбір курсант қаралып отырған сұрақ бойынша өз пікірін айтуға және өз ұстанымын дәлелдеуге дайын болуы керек. Кафедра ақылға қонымды сын айтқан, теориялық материалды ішкі істер органдары әрекетінің тәжірибесімен байланыстыра білген пікірлерді қолдайды.

Өздік дайындықкурсантлардың өздік жұмысты орындау формасы, олар ұсынылған негізгі және қосымша әдебиеттер арқылы, сондай-ақ өзге де ақпарат көздері арқылы берілген тақырып мазмұнын тереңінен зерделейді. Мұнда семинар немесе тәжірибелік сабақтарда қарастырылып, талданатын жазбаша тапсырмалар (реферат, баяндама, коллоквиум және т.б.) дайындалады және құрастырылады. Өздік дайындық сағаттарында алдыңғы болатын семинар және практикалық сабақтарға дайындық жүргізіледі, дәптерлеріне қаралуға ұсынылған негізгі сұрақтар жазылады.

Тәжірибелік сабақтар әдетте, үш оқу блогынан тұрады (жағдаяттық тапсырмаларды шешу немесе мұрағаттық қылмыстық істерді зерттеу + нақты

және негізделген қылмыстарды саралауды талдау + талқылауға арналған нұсқалар құру).

Курсанттарға жағдаяттық тапсырмаларды шешудің мынадай әдістемелері ұсынылады:

1) Ең алдымен, бастапқы мәліметтер мазмұны мұқият зерттеліп, жағдаяттық тапсырмаларда берілген сұрақтарға жауап берілуі керек: қылмыстың қылмыстық-құқықтық түрі қандай, нақты жағдайда қылмыстық құқықтың Жалпы бөлімі институттарының қайсысын қолдану керек, қандай қылмыстық – құқықтық нормалар өзара бәсекелеседі, қылмыстың ауырлығына қарай қандай қылмыстық жаза қарастырылады, қарастырылған қылмыс бойынша Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының ұстанымы қандай, қылмысты негіздеп саралауда қандай заң немесе заңдық актісі қолданылуы керек, қылмыстық заңның кері күшінің әрекеті болуы мүмкін бе, кінәлі қандай түзету мекемесінде жазасын өтеу керек және т.б.

2) Бастапқы мәліметтерге талдау жасау нәтижесінде курсанттар келесі сұраққа жауап беруі керек – шешіліп жатқан тапсырманың талабы қандай (қандай қоғамдық қауіпті әрекет жасалды, қылмыстық-құқықтық норманың қандай бөлімін қолдану керек, қабылданған шешім негіздемесі, осы тапсырма мақсатына жетуді жүзеге асыруға қол жеткізетін қылмыстық жауапкершіліктен немесе жазалаудан босату жағдайы).

3) Тапсырманы шешудің келесі қадамына оны шешу жолдарын табу болып табылады. Бұл үшін курсанттарға нормативтік материалдарға жүгіну керек (ҚР ҚК, қарастырылып отырған сұрақтар бойынша ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары, заңдық күші бар нормативтік актілер, ҚР Бас прокурорының, ҚР ішкі істер Министрінің бұйрығы және т.б.). Қылмыстық құқық қағидаларына жасалған қылмысты қылмыстық-құқықтық белсенді мақсатты саралау құралы ретінде назар аударудың маңыздылығын атап өткен дұрыс.

4) Белгілі бір шешімге келе отырып, курсанттар бұл шешімнің біреуге дұрыс сияқты көрінсе, ол қате шешім екендігін есте сақтауы керек. Сондықтан осы тапсырманы шешудің өзге де жолдарын табу керек.

5) Қабылданған шешімді негіздеу керек, жасалған қорытындыны түсіндіру керек, қылмыстық заңның белгілі бір ережелеріне сүйеніп, қажет болған жағдайда – заңдық күші бар актілер немесе өзге де заңдық актілердің нормаларына сүйену керек.

6) Тапсырмада шешім бір жақты шешілмейтін ережелер кездескен жағдайларда, курсанттар жағдаятты тапсырмаларды шешудің барлық мүмкін нұсқаларын қарастырып, негіздеу керек.

Жағдаяттық тапсырмаларды шешу курсанттардың өзіндік дайындық сағаттарында жазбаша түрде арнайы дәптерлерде жасалады. Сабақтарда оқытушының көрсетуі бойынша дайын шешімі бар баяндама мынадай кесте бойынша даярланады: жасалған қылмыстың заңды тұрғыда маңызды фактілік жағдайлары көрсетілген бастапқы мәліметтер бойынша қысқаша мазмұны,

әрекетті негіздеп саралаудың талдауы: шешілуі тиіс сұрақ (проблеманың мәні), жағдаяттық тапсырма сұрақтарына жан-жақты дәлелді жауап.

Аталған арнаулы курсты тереңдете оқып-үйрену кезіндегі дайындық негізіне Қазақстан Республикасының Конституциясы, қоғамымыздың түбегейлі мәселелері бойынша заң шығарушы билік органдарының шешімдері алынады. ҚР қылмыстық құқығы, криминология ғылымының теориялық негіздерін терең игеру ғылыми басылымдар және монографиялық әдебиеттерде берілген осы тақырыптағы материалдарды терең игеру талап етіледі.

Қолданыстағы ҚР қылмыстық заңнамалары мен жоғары сот сатыларын жетекші түсіндірмелері болып табылады. Сонымен бірге, магистранттарға мерзімді баспасөздерді де қадағалап отыру ұсынылады. Мерзімді басылымдар арасынан ерекше орынды қашанда қылмыстық құқығының жекелеген мәселелері бойынша мейілінше пайдалы мақалалар табуға болатын арнайы заң журналдары мен газеттері, қолданыстағы заңнамалар мен оларды қолдану тәжірибесінің түсіндірмелері, заңдық және басқадай материалдар алуы тиіс.

Одан әрі дәріс сабақтары мен өздігінен дайындалу барысында алынған теориялық білім семинар және өзіндік дайындық сабақтарында бекітіле түседі. Олардың мақсаты теориялық материалдарды теориялық негіздеумен баяндап беру мен талдау жасау білгірлігі мен дағдысын, қылмыстық-құқықтық нормаларды тәжірибеде қолдануын, өзінің көзқарасын дәлелдеуді жетілдіре қалыптастыру болып табылады. Сабақтарға дайындалу кезінде жауаптардың тезистері мен қысқаша конспектілерін жасап отырған орынды.

## 2.11. Курстық және тәжірибелік жұмыстарды орындау бойынша нұсқаулық пен әдістемелік ұсыным

### Рефератты жазуда қойылатын негізгі талаптар

Курсанттар (дәріс, семинар немесе тәжірибелік сабақтарда) болмағанда және бекітілген тәртіппен өтемдер жойылмаған жағдайда, ұсынылған бағдарлама бойынша немесе бекітілген тақырыптар бойынша реферат дайындайды.

Рефератты жазу барысында кем дегенде екі теориялық сұрақтарды қамту қажет, жазба текстімен көлемі 10 беттен аспауы керек. Қаралатын әрбір сұрақтан кейін қортындысы мен тәжірибемен байланысы көрсетілуі керек. Жұмысты өзіндік сағат уақытында орындайды. Баға қою арқылы рефератты қоғау семинар сабағында жүргізіледі және қортындысы межелік бақылауда немесе сынақта ескеріледі.

### Жобаны техникалық тұрғыда рәсімдеу ережесі

Тексті жазу барысында келесі талаптарды ескеру қажет:

Word 6.0 for Windows текстін теру, шрифт Times New Roman, кегль 12, 1-жазу жол аралығы, жол: сол жақ -3 см., оң жақ – 1 см., жоғары-2 см және төмен - 2,5 см. Жұмыс көлемі – 10 - 15 бет. Компьютерлік мүмкіндіктерді пайдалана отырып кейбір терминдерді әртүрлі шрифтте көрсетуге болады.

Жүйелік жоспар кіріспеден, тақырыптың мазмұнын ашатын 2-3 сұрақтан, қорытындыдан және қолданылған әдебиеттенр мен әдебиеттердің қайнар көздер тізімінен құралады.

Әдебиеттерді қарау барысында түрлі әдебиеттердегі авторлардың пікірлерін жүйелі қолдануға ерекше назар аударып, қаралған сұрақ бойынша сілтемелердің дұрыс жазылуына, сот-тергеулік тәжірибенің мысалдарының жазылуына, өз көзқарасын дұрыс жаза білуге көңіл бөлу қажет. Осы аталғандардың барлығы реферат жазу барысында орындалады.

Жұмыстың кіріспесі нақты тақырып бойынша жалпы негізде баяндалады. Онда тақырып бойынша Қазақстан Республикасының Конституциясы, мемлекеттік және үкіметтік шешімдер, ғылыми тұрғыдан тақырыптың өзектілігі және оның теориядағы және тәжірибедегі қолданыс маңыздылығы айтылады.

Рефераттың басты мағыналық қызметі жұмыстың жоспарында белгіленген негізгі сұрақтарды орындау барысында қаралады. Яғни, осы сұрақтар арқылы тақырыптың ашылуы қаралып, зерттеудің мақсаты шешіледі.

## 2.12.ӨЗІНДІК БАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

**Жабық үлгідегі (түрдегі) 30 тест тапсырмалары**

**1.Жай адам өлтірудің кеңінен таралған түрі (ҚР ҚК 99 б.):**

- адамдар тобының өлтіруі
- бірнеше рет кісі өлтіруі
- ұрыс пен төбелес кезінде кісі өлтіруі
- қанды кек себебі бойынша кісі өлтіруі
- аса қатігездікпен кісі өлтіруі

**2.Жеке адамға қарсы қылмыстарына жатпайды:**

- кісі өлтіру
- қорқыту
- азаптау
- мемлекеттік немесе қоғамдық қайраткердің өміріне қол сұғу
- адамды ұрлау

**3.ҚР ҚК 99-бабының құрамы құрылысына байланысты:**

- формальды құрам
- материалды құрам
-формальды-материалды құрам
- келте құрам
- жай құрам

**4.«Адам ұрлаудың» (ҚР ҚК125-б.) «Бас бостандығынан**

**заңсыз айырудан» (ҚР ҚК 126-б.) айырмасы:**

- қылмыстың объектісі бойынша
- қылмыстың объективтік жағы мен субъектісі бойынша
- қылмыстың субъективтік жағы бойынша
- мақсаты бойынша
- қылмыстың субъектісі бойынша

**5.Заңсыз түсік жасаудың (ҚР ҚК 319-бабы, 1 б.) субъектісі кім болып табылады:**

- кез келген адам
- тиісті бейіндегі жоғары медициналық білімі жоқ адам
- кез келген медициналық қызметкер
- ҚР ҚК 319-бабына байланысты дәрігер немесе кез келген адам
- медициналық институттың студенті

**6.Науқасқа көмек көрсетпеудің субъектісі кім бола алады:**

- кез келген адам
- кез келген медициналық қызметкер
- жұмысындағы медициналық қызметкер
-ҚР заңына сәйкес немесе арнайы қағида бойынша науқасқа көмек көрсетуге міндетті адам
- лауазымды адам

**7.«Кәмелетке толмағандарды саудасы» (ҚР ҚК 135-б.) субъектісі болуы мүмкін:**

- 13 жастағы сатушы
- 13 жастағы сатып алушы
- сатушы, сатып алушы, заңды өкілі
- балалар үйінің қызметкерлері немесе асыраушы және қараушы органдар
- кәмелетке толмаған адам

**8.«Балаларын күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеу жөніндегі міндеттерді орындамау, еңбекке қабілетсіз ата-аналарын, еңбекке қабілетсіз жұбайын (зайыбын) күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеуден жалтару» (ҚР ҚК 139-б.) – бұл:**

- ата-ананың сот шешімі бойынша кәмелетке толмаған балаларын, сол сияқты 18 жасқа толған еңбекке жарамсыз балаларын асырауға арналған қаражатты төлеуден төрт айдан астам әдейі жалтаруы
- ата-ананың сот шешімі бойынша кәмелетке толмаған балаларын төлеуден әдейі жалтаруы
- ата-ананың сот шешімі бойынша 18 жасқа толған балаларын асырауға арналған қаражатты төлеуден жалтаруы
- ата-ененің сот шешімі бойынша кәмелетке толмаған балаларын асырауға арналған қаражатты төлеуден үш күннен астам әдейі жалтаруы
- ата-ананың кәмелетке толмаған балаларын, сол сияқты 18 жасқа толған еңбекке қабілетсіз балаларын күтіп-бағуға сот шешімі бойынша қаражат төлеу жөніндегі міндеттерін үш айдан астам орындамауы

**9.«Сайлау құжаттарын, референдум құжаттарын**

**бұрмалау немесе дауыстарды дұрыс есептемеудің» (ҚР ҚК 151-б.) субъектісі кім болып табылады:**

- сайлау комиссиясының, немесе референдум жүргізу жөніндегі комиссияның мүшесі

- Қазақстан Республикасы Президентіне кандидаттың сенімді өкілі,

- 18 жасқа толған барлық адамдар

- 21 жасқа толған барлық адамдар

- 16 жасқа толған барлық адамдар

**10.«Тұрғынжайға қолсұғылмаушылықты бұзудың» ауырлататын мән жәй (ҚР ҚК 149-б. 2-б.) - деп танылады:**

- күш қолданбаймын деп қорқыту

- күш қолданып не оны қолдану қатерін төндіріп немесе адамдар тобымен жасалса

- түнгі уақытта немесе заңсыз тінтумен ұласқан дәл сол әрекет, сол сияқты тұрғынжайдан заңсыз шығару

- тұрғын үйге заңсыз кіргізіп алумен ұштасса

- ұйымдасқан топпен, қылмыстық сыбайластықпен

**11.Жаппай қырып-жою қаруын өндіру, иемдену немесе өткізудің объектісі:**

- мемлекеттік экономикалық құрылысы

- мемлекеттік саяси құрылысы

- адамгершіліктің қауіпсіздігі

- ҚР суверенитеті

- халықтың денсаулығы

**12.Геноцидтің /ҚР ҚК 168-бабы/ объективтік белгілері:**

- ұлттық, этностық, нәсілдік немесе діни топты осы топтың мүшелерін өлтіру, олардың денсаулығына ауыр зиян келтіру, бала тууға күшпен бөгет жасау, балаларды мәжбүрлеп беріп жіберу, күштеп көшіру не осы топтың мүшелерін қырып-жою мақсатында өзге де тіршілік жағдайларын туғызу арқылы толық немесе ішінара жоюға бағытталған қасақана іс-әрекеттер

- бала тууға күшпен бөгет жасау, балаларды мәжбүрлеп біреуге беру

- осы топтың мүшелерін қырып-жоюға есептелген өзге де тіршілік жағдайларын туғызу арқылы толық немесе ішінара жоюға бағытталған қасақана әрекеттер

- 1, 2, 3 тармақшаларда көрсетілген белгілердің барлығы геноцидтің белгілері болып табылады

- дұрыс жауабы жоқ

**13.ҚР ҚК 178-бабында көзделген Қазақстан Республикасы Президентінің өміріне қол сұғушылық аяқталған деп саналады:**

- өміріне қол сұққаннан бастап

- денсаулығына зиян келтіргеннен бастап

- өміріне қастандық жасағаннан бастап

- дене жарақаттарын келтіргеннен бастап

- ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлағаннан бастап

**14.175-бап. Мемлекетке опасыздық жасау үшін жауаптылық қай жастан басталады:**

-14 жастан

-16 жастан

-18 жастан

-21 жастан

-15 жастан

**15.Талан-тараждың түріне жататын қылмыстарды көрсетіңіз (ҚР ҚК Ерекше бөлім 6-т.):**

- ұрлық, тонау, алаяқтық, қарақшылық

- көрінеу қылмыстық жолымен табылған мүлікті сатып алу немесе сату

-алдай немесе сенімге қиянат жасау жолымен мүліктік залал келтіру

- қорқытып алушылық

- автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын ұрлау мақсатынсыз заңсыз иелену

**16.Тонау аяқталды деп саналады:**

-мүлікке физикалық ие болу.

-мүлікті алудан.

-мүлікті алуға оқталғаннан.

-мүлікті иемденгеннен.

-заңсыз иелену, пайдалану, билік ету.

**17.Жалған ақшаны қолдан жасау қашан аяқталған деп саналады:**

-Ақшаны қолдан жасау үшін материалдар алған сәтен бастап.

-Жалған ақшаны жасау әрекеті жүзеге аспаған сәттен бастап.

-Жалған ақшаны дайындаған сәттен бастап.

-Жалған ақшаны сатқан сәттен бастап.

-Дұрыс жауабы жоқ.

**18.Өкілеттіктерді теріс пайдаланудың – ҚР ҚК 250-бабы – объективтік жағы:**

-материалдық құрам;

-формальді құрам;

-қысқартылған құрам;

-аралас құрам;

-дұрыс жауабы жоқ.

**19.Терроризм актісінің нысандары:**

-жарылыс жасау;

-адамдардың қаза болуы;

-мүліктік зиян;

-өрт қою.

-бір нысаны жеткілікті.

**20.«Бандитизмнің» (ҚР ҚК 268-б.1-б.) белгілері:**

- ұйымға шабуыл жасау мақсатында ұйымдасқан топ құру

- тұрақты қарулы топты (банданы) құру, сол сияқты осындай топқа (бандаға) басшылық ету

- қарақшылық және тонау мақсатында тұрақты қарулы топ (банда) құру

- тұрақты қарулы топқа (бандаға) немесе ол жасап жүрген шабуылдарға қатысу

- азаматтарға шабуыл жасау мақсатында тұрақты топ құру

**21.ҚР ҚК 299-бабының 3-бөлігі - Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді тұтынуға көндіруде қандай сараланған белгі қаралған:**

-күш қолдану;

-күш қолданамын деп қорқыту;

-бірнеше рет қайталау;

-ауыр зардаптарға әкеп соқса;

-абайсызда жәбірленушінің өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса.

**22."Көлік құралдарын басқаратын адамдардың жол жүрісі және көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзуы" (ҚР ҚК 345-б. 1-бөлігі) үшін жауаптылық басталады:**

- абайсызда адамның денсаулығына ауыр зиян келтірсе

- денсаулығына жеңіл зиян келтірсе

- абайсызда адамның өліміне әкелсе

- абайсызда адамның денсаулығына ауыр немесе орташа ауырлықтағы зиян келтірсе

- ауыр зиян келтірсе

**23.«Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтардың» (ҚК Ерекше бөлім 15-т.) объектісі:**

- заңды түрде қызметке жіберілетін лауазымды тұлғаның қызметтік міндеттері

- мемлекеттік қызметтегі адамның жеке басының мүдделері

- мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделері мен мемлекеттік апараттық дұрыс жұмысы

- мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару жұмыстарын дұрыс ұйымдастырудың қоғамдық қатынастары

- мемлекеттік басқару органдарының және коммерциялық ұйымдардың қызметін дұрыс ұйымдастырудың қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар

**24.«Өкімет өкілін қорлау» (ҚР ҚК 378-б.) танылады:**

- өкімет өкілін жариялы түрде қорлау

- адамның денсаулығына зиян келтіргенде

- өзінің құқықтары мен өкілеттілігін теріс пайдалану

- лауазымды тұлғаның өкілеттілігін асыра пайдалану кезінде

- өкіметтің өкілін оның өз қызметтік міндеттерін немесе онымен байланысты қызметтерді орындау барысында

**25.Аталған адамдардың қайсысы «қашқындықтың» (ҚР ҚК 442-б.) субъектісі болып танылады:**

- 18 жасқа толған адам

- әскери қызметті шақыру және келісім шарт бойынша өтеуші әскери адам

- запастағы әскери адам

- ҚР азаматы, азаматтығы жоқ адам

- әскери қызметті келісім шарт бойынша өтеуші әскери адам

**26.Өзінше билік етудің бұзақылықтан қандай құрамы бойынша ажыратылады:**

-объектісі бойынша;

-объективтік белгісі бойынша;

-субъективтік белгісі бойынша;

-субъектісі бойынша;

-тәсілі бойынша.

**27.(ҚР ҚК 387-б.) Әскери қызметтен жалтару аяқталды деп саналады:**

-себепсіз шақыру пункітіне келмегеннен бастап;

-әскерге шақырылушы өзінің денсаулығына зиян келтіргеннен бастап;

-ауруын сылтауратудан бастап;

-ауруына байланысты шақыру пункітіне келмегеннен бастап;

-дұрыс жауабы жоқ.

**28.Салақтықтың оъективтік жағы:**

-өзінің міндеттерін орындамау немесе лайықты орындамау;

-өзінің міндеттерін дұрыс орындамау;

-өзінің міндеттерін уақытында орындамау;

-өкілеттілікті асыра пайдалану;

-жоғарыда аталғандардың барлығы.

**29.348-бап. Көлік құралдарын сапасыз жөндеу немесе оларды техникалық ақауларымен пайдалануға шығарудың субъектісі:**

-көлік құралын жүргізуші адам

-көлік құралдарының техникалық күйіне жауапты адам

-жөндеуді нақты жүргізген адам

-ақауы бар көлік құралдарын пайдалануға берген олардың иегерлері

-дұрыс жауабы жоқ

**30.Адамдардың өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін мән-жайлар туралы ақпаратты жасырудың субъектісі:**

-14 жасқа толған адам;

-16 жасқа толған адам;

-лауазымды тұлға;

-18 жасқа толған адам;

-осындай ақпаратпен халықты хабарландыру міндеті жүктелген адам.

**КУРСАНТТАРДЫҢ БІЛІМДЕРІН БАҒАЛАУ ӨЛШЕМДЕРІ**

Курсанттар барлық дәрістік сабақтардан қалмауға міндетті. Сабақты белгілі себептермен (наряд, іс сапар, шаруашылық жұмыстар, ауру) босатқан кезде курсант сабаққа шыққан күннен 5 жұмыс күн ішінде игеріледі. Сабақты белгісіз себептермен босатқан курсант ол күндерді 2 жұмыс күні ішінде игеруге тиіс. Сабақ аяқталған соң тақырып бойынша сұрақтарды талқылауға қатыспаған және тапсырманы орындамаған курсантларға 0,1 ұпай қойылады.

Босатылған сабақты игеру сабақ беретін оқытушы, ол болмаса кезекші оқытушы немесе кафедра бастығы тарапынан қабылданады. Семинарлық (практикалық) немесе КОӨЖ сабақтарын игеру босатылған тақырып бойынша жазбаша түрде (реферат, доклад, эссе және т.б.) тапсыру түрінде орындалады. Курсантқа игерілген сабақ бойынша 1 ұпайдан жоғары баға қойылмайды. Егер де курсант белгісіз себеппен босатқан немесе сабақта жақсы баға алмау себебімен игеруге келсе оған 0,8 ұпайдан артық баға қойылмайды. Игеру мерзімі созылып кетсе максималды ұпай әр бір сабақ үшін 0,5 ұпайға дейін төмендейді. Дәрістік сабақ игерілмейді.

Әр сабақ бойынша тақырыпты қайталау және өткен материалдарды игеру міндетті. Материалды игеру дәрежесін анықтау үшін түрлі жұмыстар

беріледі: тестілеу, жазбаша жұмыстар, ауызша сұрау, презентация, дебаттар, дискуссия және т.б. Сабақ кезінде тестілеу ескертусіз жүргізілуі мүмкін.

КӨЖ, офистік сағаттар мен КОӨЖ шығарылған тапсырмаларды орындамаған курсанттар емтиханға жіберілмейді.

Межелік бақылау (бірінші межелік бақылау) кестеге сәйкес өтеді. курсант егер рубежді бақылаудан 20 ұпай алса, аттестацияланды деп саналады. Рубежді бақылаудан аттестацияланбағанкурсанттар қарызын семестр бойы жазба жұмысы арқылы және т.б. жіберген сабақты игеруге құқығы бар.

Емтиханға жіберілу (екінші межелік бақылау) семестрде кестеге сәйкес өтіп, курсант пән бойынша 30 ұпайдан кем емес ұпай алған жағдайда өтеді.

Ағымдық аттестацияға жіберілмеген курсанттар қарызын емтихандық сессияның соңына дейін өтеуге құқылы.

МҰ – максималды ұпай – курсанттың ағымдық бақылау кезінде алған ұпайлары мен емтиханда алған ұпайлары 100 ұпайды құрауы керек.

Ағымдық бақылау - 60 ұпай және емтиханға – 40 ұпай.

Курсанттың пән бойынша қорытынды бағасы сынақ кітапшасына төмендегідей сызба бойынша дәстүрлі және әріптік жүйе бойынша қойылады:

| **Пән бойынша ұпайлар** | **Әріптік жүйе бойынша қойылатын бағалар** | **Дәстүрлі жүйе бойынша қойылатын бағалар** |
|---|---|---|
| 95-100 | A | Өте жақсы |
| 90-94 | A- | |
| 85-89 | B+ | Жақсы |
| 80-84 | B | |
| 75-79 | B- | |
| 70-74 | C+ | Қанағаттанарлық |
| 65-69 | C | |
| 60-64 | C- | |
| 55-59 | D+ | |
| 50-54 | D | |
| 0-49 | F | Қанағаттанарлықсыз |

Білім алушылардың жауаптары балдық-рейтинг жүйесі бойынша бағаланады:

**А, А- (100-90)** бағасы тақырып көлемін терең және толық меңгерген білімінің болуы, тәжірибеде алған білімін сенімді және дұрыс қолдана алуы бойынша әрекеті, жауап барысында материалды сауатты және логикалық тұрғыда баяндай білуі, қосымша ұсынылған әдебиеттерді білуіне байланысты қойылады;

**В+, В, В- (89-75)** бағасы тақырып бойынша толық және жеткілікті

білімінің болуы, қойылған сұрақтар бойынша шамалы қатенің болуы, материалды нақты жеткізгені үшін қойылады;

**C+, C, C-, D+, D (74-50)** бағасы өткен материалдардар бойынша білімнің нақтылығына, қосымша сұрақтар қойылған соң түзетулердің болуы, жауап беру кезінде қателіктердің болуы, жетекші сұрақтардың қажеттілігіне байланысты қойылады;

**F (49-0)** бағасы жауаптың болмауы, толық емес жауап, жауап беру кезінде дөрекі қателіктер жіберуі, қойылған сұрақтың мәнін түсінбеу, қосымша және жетекші сұрақтарға сенімсіздікпен және нақтылықсыз, қате жауап бергені үшін қойылады.

**Баға қою саясаты**

Бірінші рейтингтік бақылау (1 РБ), 1-7 аптаның қорытындысына сәйкес, 7 аптада өткізіледі. 1 МБ үлгерімінің көрсеткіші (%-да) КӨЖ орындауының ағымдық көрсеткішін, аудиториялық жұмысының үлгерімінің көрсеткіші және тест түріндегі бақылауын өзіне қосады. Екінші межелік бақылау (ІІ МБ), 8-15 аптаның қорытындысына сәйкес, 15 аптада өткізіледі. ІІ МБ үлгерімінің қорытынды көрсеткіші І МБ үйлесімділігіне қарай анықталады. Әрбір рейтінгтік бақылаудағы үлгерімнің максималды көрсеткіші 30% тең.

| Рейтингтік бақылау | | |
|---|---|---|
| КӨЖ | а) Жеке тақырыптарды өз бетінше зерделеу | |
| | б) Есепті өз бетінше шығару | |
| | **КӨЖ бойынша қорытынды** | 10% |
| Курсанттың аудиториялық жұмысы | а) Теориялық материалдарды зерделеу | |
| | б) Есептер шығару | |
| | в) КОӨЖ орындауы | |
| **КӨЖ бойынша қорытынды** | | 10% |
| Рейтингтікбақылау | а) Коллоквиум | 5 % |
| | б) Тесттік жауап алу | 5 % |
| **ҚР бойынша қорытынды** | | 10 % |
| **ҚР бойынша барлығы** | | 30 % |

## 2.13. Пән бойынша емтмхандық сұрақтар

1. Адам өлтіру (ҚР ҚК 99 бап). Адам өлтірудің түрлері. Адам

өлтірудің абайсызда қазаға ұшыратудан (ҚР ҚК 104-бап) және абайсызда жәбірленушінің өліміне әкеп соққан денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіруден (ҚР ҚК 106-бабының 3 бөл.) айырмашылығы. Берілген сұрақтың шешімі «Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» 11.05.2007 жылғы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Нормативтік қаулысында.

2. Хат жазысу, телефонмен сөйлесу, пошта, телеграф хабарлары немесе өзге де хабарлар құпиясын заңсыз бұзу (ҚР ҚК 148-бап) және оның сараланған құрамы.

3. Ауырлататын жағдайларда адам өлтіру (ҚР ҚК 99-бабының 2 бөл). Берілген сұрақтың шешімі «Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» 11.05.2007 жылғы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Нормативтік қаулысында.

4. Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді жымқыру не қорқытып алу (ҚР ҚК 298 бап) және оның сараланған құрамы. Берілген сұрақтың шешімі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 14.05.1998 жылғы «Есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды заңсыз дайындау қылмыстары бойынша заңдылықты қолдану тәжірибесі туралы» Нормативтік Қаулысында.

5. Жаңа туған баланы анасының өлтіруі (ҚР ҚК 100-бап). Жаңа туған баланы анасының өлтіруінен адам өлтірудің (ҚР ҚК 99-бап) айырмашылығы. Берілген сұрақтың шешімі «Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» 11.05.2007 жылғы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Нормативтік қаулысында.

6. Заңсыз аңшылық (ҚР ҚК 337 бап) және оның сараланған құрамы. Берілген сұрақтың шешімі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы «Соттардың кейбір экологиялық қылмыстар үшін жауаптылық жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы» №1 Нормативтік қаулысында.

7. Аффект жағдайында жасалған адам өлтірудің құрамы (ҚР ҚК 101-бабы). Оның қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде жасалған адам өлтіруден (ҚР ҚК 102-бабы) айырмашылығы. Берілген сұрақтың шешімі «Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» 11.05.2007 жылғы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Нормативтік қаулысында.

8. Терроризм актісі (ҚК 255-бап) және оның саралау белгілері. Терроризмнің диверсиядан (ҚК 184-бап ) айырмашылығы.

9. Қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде жасалған адам өлтіру (ҚР ҚК 102-бабы). Оның аффект жағдайында жасалған адам өлтіруден (ҚР ҚК 101-бабы) айырмашылығы. Берілген сұрақтың шешімдері «Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» 11.05.2007 жылғы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Нормативтік

қаулысында және «Қажетті қорғану заңнамасын қолдану туралы» 11.05.2007 ж. ҚР ЖС Нормативтік қаулысында.

10. Қашқындық құрамы (ҚК 442-бап ). Оның бөлімді немесе қызмет орнын өз бетімен тастап кетуден (ҚК 443 бап) айырмашылығы. Берілген сұрақтың шешімі Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Әскери қылмыстар бойынша істерді қолданудың сот тәжірибесі туралы» Нормативтік қаулысында 28.10.2005 ж.

11. Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтірудің құрамы (ҚР ҚК 106-бабы) оның денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіруден (ҚР ҚК 107-бабы) және адам өлтіруден (ҚР ҚК 99-бабы) айырмашылығы. Берілген сұрақтың шешімі «Сот-медициналық сараптамасын ұйымдастыру мен жүргізудің ережелері» туралы 20.12.2004 ж. № 875/1 Бұйрығында және «Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» 11.05.2007 жылғы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Нормативтік қаулысында.

12. Құжаттарды заңсыз алып қою, құжаттарды, мөртаңбаларды, мөрлерді жымқыру, жою, бүлдіру немесе жасыру құрамын ашу (ҚР ҚК 384-бабы) Оның ұрлықтан (ҚР ҚК 188- бабы) және бөтеннің мүлкін қасақана жою немесе бүлдіруден айырмашылығы (ҚР ҚК 202- бабы). Бұл сұрақтың шешімі Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» Нормативтік қаулысы11 шілде 2003 жыл, №7.

13. Денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіру (ҚР ҚК 107-бабы) және сараланған құрамы. Оның денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіруден (ҚР ҚК 108-бабы) және денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіруден (ҚР ҚК 106-бабы) айырмашылығы. Берілген сұрақтың шешімі «Сот-медициналық сараптамасын ұйымдастыру мен жүргізудің ережелері» туралы 20.12.2004 ж. № 875/1 Бұйрығында.

14. Тонау (ҚР ҚК 191-бабы) және оның сараланған құрамы. Тонаудың Ұрлықтан (ҚР ҚК 188-бабы), қарақшылықтан (ҚР ҚК 192-бабы), қорқытып алудан (ҚР ҚК 194-бабы) айырмашылығы. Бұл сұрақтың шешімі Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» Нормативтік қаулысы11 шілде 2003 жыл, №7. Сонымен қатар ҚР ЖС «Қорқытып алушылық туралы істер бойынша сот практикасы туралы» Нормативтік қаулысы23.06.2006 жыл, №6.

15. Қинау (ҚР ҚК 110-бабы) және оның сараланған құрамы. Оның денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіруден (ҚР ҚК 108-бабы) айырмашылығы. Берілген сұрақтың шешімі «Сот-медициналық сараптамасын ұйымдастыру мен жүргізудің ережелері» туралы 20.12.2004 ж. № 875/1 Бұйрығында.

16. Айналыстан алып қойылған заттардың немесе айналысы шектелген заттардың контрабандасы (ҚР ҚК 286-бабы). Берілген сұрақтың

шешімі ҚР ЖС «Контрабанда үшін қылмыстық жауапкершілік туралы заңнаманы тәжірибеде қолдану туралы» қаулысында, 18.07.1997 жыл.

17. Адамның ағзалары мен тіндерін алып қоюға мәжбүрлеу немесе заңсыз алып қою (ҚР ҚК 116-бабы), оның қорқытудан (ҚР ҚК 115-бабы) айырмашылығы.

18. Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу (ҚР ҚК 297 бабы) және оның сараланған құрамы. Берілген сұрақтың шешімі ҚР ЖС «Есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды заңсыз дайындау қылмыстары бойынша заңдылықты қолдану тәжірибесі туралы» қаулысында, 14.05.1998 жыл.

19. Медицина және фармацевтика жұмыскерінің кәсіптік міндеттерін тиісінше орындамауы (ҚР ҚК 317- бабы) және оның сараланған құрамы. Оның науқасқа көмек көрсетпеуден (ҚР ҚК 320-бабы) айырмашылығы.

20. Ұрлық (ҚР ҚК 188-бабы) және оның сараланған құрамы. Оның сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салудан (ҚР ҚК 189-бабы) айырмашылығы. Бұл сұрақтың шешімі Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» Нормативтік қаулысы11 шілде 2003 жыл, №7.

21. Қауіпті жағдайда қалдыру (ҚР ҚК 119-бабы) және оның сараланған құрамы. Оның жаңа туған баланы анасының өлтіруінен айырмашылығы ҚР ҚК 100-бабы).

22. Азаматтың салық және (немесе) бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуден жалтаруы (ҚК 244-бабы). Берілген сұрақтың шешімі ҚР ЖС «Салық заңдылығын соттардың қолданылуының сот практикасы туралы» Нормативтік қаулысында, 23 маусым 2006 жыл.

23. Зорлау (ҚР ҚК 120-бабы) және оның сараланған құрамы. Зорлаудың сексуалдық сипаттағы зорлық –зомбылық әрекеттерінен айырмашылығы. Берілген сұрақтың шешімі Қазақстан Республикасының ЖС «Зорлау және өзге де нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттермен байланысты қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы» Нормативтік қаулысында, 11 мамыр 2007 жыл.

24. Экоцид (ҚР ҚК 169-бабы). Оның геноцидтан (ҚР ҚК 168-бабы) айырмашылығы.

25. Заңсыз түсік жасау (ҚР ҚК 319-бабы) оның денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіруден айырмашылығы (ҚР ҚК 107-бабы)

26. Өлген адамдардың мәйіттерін және олар жерленген жерлерді қорлау (ҚР ҚК 314-бабы) оның адам мәйітінің ағзалары мен тіндерін заңсыз алып қоюдан айырмашылығы (ҚР ҚК 315-бабы).

27. Психиатриялық стационарға заңсыз орналастыру (ҚР ҚК 127-бабы) және оның сараланған құрамы. Оның бас бостандығынан заңсыз айырудан (ҚР ҚК 126-бабы) айырмашылығы.

28. Дәлелдемелерді және жедел-іздестіру материалдарын бұрмалау (ҚК 416 бап) және оның сараланған құрамы. Оның көрінеу әділетсіз сот үкімін, шешімін немесе өзге де сот актісін шығарудан (ҚК 418 бап) айырмашылығы.

29. Жала жабу (ҚР ҚК 130-бабы) және оның сараланған құрамы. Оның қорлаудан (ҚР ҚК 131-бабы) айырмашылығы.

30. Бұйрыққа бағынбау немесе оны өзгедей орындамау (ҚК 437 бап) және оның сараланған құрамы. Берілген сұрақтың шешімі «Әскери қылмыстар бойынша істерді қолданудың сот тәжірибесі туралы» ҚР ЖС нормативтік қаулысында. 28.10.2005 жыл.

31. Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға тарту (ҚР ҚК 132-бабы) және оның сараланған құрамы. Оның кәмелетке толмаған адамды қоғамға жат әрекеттер жасауға тартудан айырмашылығы. Берілген сұрақтың шешімі «Кәмелетке толмағандардың қылмыстары және оларды қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тарту жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы» нормативтік қаулысы 11 сәуір 2002 жыл.

32. Баланы ауыстыру (ҚР ҚК 136-бабы), оның адам ұрлаудан айырмашылығы (ҚР ҚК 125-бабы).

33. Кәмелетке толмағандар саудасы (ҚР ҚК 135-бабы) және оның сараланған құрамы. Оның адам ұрлаудан (ҚР ҚК 125-бабы) айырмашылығы.

34. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын бұзу (ҚР ҚК 152-бабы) Оның кәмелетке толмағандарға қатысты Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын бұзудан айырмашылығы (ҚР ҚК 153-бабы)

35. Кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау (ҚР ҚК 140-бабы). Оның балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздгін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді тиісінше орындамаудан (ҚР ҚК 141-бабы) айырмашылығы.

36. Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу (ҚР ҚК 105-бабы) оның ауырлататын мән-жайлары. Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізуден абайсызда қазаға ұшыратудың айырмашылығы (ҚР ҚК 104-бабы)

37. Адам өлтіру қылмысының құрамын ашып беріңіз (ҚР ҚК 99-бабы). Оның сот төрелігін немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның өміріне қол сұғудан айырмашылығы (ҚР ҚК 408-бабы). Берілген сұрақтың шешімі «Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» 11.05.2007 жылғы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Нормативтік қаулысында.

38. Баланы ауыстыру қылмысының құрамын ашып беріңіз (ҚР ҚК 136-бабы). Баланы ауыстырудың ауырлататын мән-жайлары. Бұл сұрақтың шешімі Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Соттардың бала асырап алу туралы істерді қарау кезінде неке және отбасы туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысында, 22.12.2000 ж. ҚР ЖС Бюллетені, 2000 ж. № 12.

39. Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру (ҚР ҚК 106-бабы). Оның денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіруден (ҚР ҚК 107-бабы) және денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіруден (ҚР ҚК108-бабы) айырмашылығы. Бұл сұрақтың шешімі Сот-медициналық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулықта. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 20 мамырдағы N 368 Бұйрығы. ҚР ӘМ «РҚАО» РМК «Заң» МБ.

40. Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға тарту (ҚР ҚК 132-бабы) және оның кәмелетке толмаған адамды қоғамға жат әрекеттер жасауға тартудан айырмашылығы (ҚР ҚК 133-бабы). Бұл сұрақтың шешімі Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының "Кәмелетке толмағандардың қылмыстары және оларды қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тарту жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы" нормативтік қаулысында, 11 сәуір 2002 ж. ҚР ЖС Бюллетені, 2002 ж. № 4.

41. Жаңа туған баланы анасының өлтіруі (ҚР ҚК 100-бабы) оның қауіпті жағдайда қалдырудан айырмашылығы (ҚР ҚК 119-бабы). Берілген сұрақтың шешімі «Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» 11.05.2007 жылғы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Нормативтік қаулысында.

42. Кәмелетке толмаған адамды жезөкшелікпен айналысуға тарту (ҚР ҚК 134-бабы) оның жезөкшелікпен айналысуға тартудан айырмашылығы (ҚР ҚК 308-бабы).

43. Адамның иммун тапшылығы вирусын (АИТВ/ЖИТС) жұқтыру (ҚР ҚК 118-бабы) оның соз ауруын жұқтырудан айырмашылығы. (ҚР ҚК 117-бабы).

44. Бала асырап алу құпиясын жария ету (ҚР ҚК 138-бабы) оның балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді тиісінше орындамаудан айырмашылығы (ҚР ҚК 141-бабы). Бұл сұрақтың шешімі Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Соттардың бала асырап алу туралы істерді қарау кезінде неке және отбасы туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысында, 22.12.2000 ж. ҚР ЖС Бюллетені, 2000 ж. № 12.

45. Зорлау қылмысының құрамын ашыңыз (ҚР ҚК 120-бабы) оның ауырлататын мән-жайлары. Бұл сұрақтың шешімі Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Зорлау және өзгеде нәсіпқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттермен байланысты қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысында, 11 мамыр 2007ж.

46. Азаптаулар (ҚР ҚК 146-бабы) оның айғақтар беруге мәжбүрлеуден айырмашылығы (ҚР ҚК 415-бабы).

47. Сотты құрметтемеу (ҚР ҚК 410 бабы) оның билік өкілін қорлаудан айырмашылығы (ҚР ҚК 378-бабы).

48. Пара алу (ҚР ҚК 366-бабы) оның парақорлыққа делдал болудан айырмашылығы (ҚР ҚК 368-бабы). Бұл сұрақтың шешімі "Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы "ҚР ЖС Нормативтік қаулысында 2015жыл 27 қараша №8.

49. Қазақстан Республикасы Президентінің өміріне қолсұғушылық (ҚР ҚК 178-бап) және оның сараланған құрамы. Оның сот төрелігін немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның өміріне қол сұғудан (ҚР ҚК 408-бабы) айырмашылығы.

50. Экономикалық контрабанда (ҚК 234 бап) және оның сараланған құрамы. Оның айналыстан алып қойылған заттардың немесе айналысы шектелген заттардың контрабандасынан (ҚК 286-бап) айымашылығы. Бұл сұрақтың шешімі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Контрабанда үшін қылмыстық жауапкершілік туралы заңнаманы тәжірибеде қолдану туралы» Нормативтік қаулысында 18 шілде 1997 жыл.

51. Билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану (ҚР ҚК 362-бабы) оның лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдаланудан айырмашылығы (ҚР ҚК 361-бабы).

52. Мемлекеттік рәміздерді қорлау (ҚР ҚК 372-бабы). Оның билік өкілін қорлаудан айырмашылығы (ҚР ҚК 378-бабы).

53. Қорқытып алу (ҚК 194 бап) және оның сараланған құрамы. Оның қарақшылықтан (ҚК 192-бап) және өзінше билік етуден (ҚК 389 бап) айырмашылығы. Берілген сұрақтың шешімі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қорқытып алушылық туралы істер бойынша сот практикасы туралы» Нормативтік қаулысында 23 маусым 2006 жыл.

54. Қызметтік жалғандық жасау (ҚР ҚК 369-бап) және оның сараланған құрамы.Оның сарапшының, маманның көрінеу жалған айғақтары, қорытындылары немесе қате аудармадан айырмашылығы (ҚР ҚК 420-бап).

55. Бөтеннің мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру (ҚК 202 бап) және оның сараланған құрамы. Оның бөтеннің мүлкін абайсызда жою немесе бүлдіруден (ҚК 204 бап) және диверсиядан (ҚК 184 бап) айырмашылығы.

56. Қаруды,оқ-дәрілерді,жарылғыш заттар мен жарылыс құрылғыларын жымқыру не қорқытып алу (ҚР ҚК 291 бап) және оның сараланған құрамы. Берілген сұрақтың шешімі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қаруды,оқ-дәрілерді,жарылғыш заттарды және жарылғыш құрылғыларды заңсыз сатып алу, беру, өткізу, сақтау, алып жүру, ұқыпсыз сақтау және ұрлау жөніндегі істердің сот тәжірибесі туралы» Нормативтік қаулысында 21 шілде 1995 жыл.

57. Көлік құралдарын басқару құқығынан айырылған, алкогольдік, есірткілік және уытқұмарлық масаң күйдегі адамның көлік құралын басқаруы, сол сияқты көлік құралын осындай адамның басқаруына беру немесе көлік құралын осындай адамның басқаруына жол беру (ҚР ҚК 346-бабы) оның басқаруға құқығы жоқ жүргізушінің көлік құралын басқаруына жол беруден айырмашылығы ҚР ҚК (349-бабы). Бұл сұрақтың шешімі

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Жол қозғалысы және көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзуға байланысты қылмыстар жөніндегі істер бойынша қылмыстық заңнаманы қолдану тәжірибесі туралы» нормативтік қаулысында 2011 жыл 29 маусым.

58. Бандитизм (ҚК 268 бап) және оның сараланған құрамы. Бұл сұрақтың шешімі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Бандитизм және қылмысқа қатыса отырып, басқа қылмыстар жасағаны үшін жауапкершілік туралы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» Нормативтік қаулысында 21 маусым 2001 жыл.

59. Құжаттарды заңсыз алып қою, құжаттарды, мөртабандарды, мөрлерді жымқыру, жою, бүлдіру немесе жасыру (ҚР ҚК 384-бабы) оның ұрлықтан (ҚР ҚК 188-бабы) және бөтеннің мүлкін қасақана жою немесе бүлдіруден айырмашылығы. Бұл сұрақтың шешімі Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» Нормативтік қаулысында, 11 шілде 2003 жыл, №7.

60. Өзінше билік ету (ҚР ҚК 389-бабы) оның ұрлықтан (ҚР ҚК 188-бабы) айырмашылығы. Бұл сұрақтың шешімі Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» Нормативтік қаулысында, 11 шілде 2003 жыл, №7.

61. Қорқытып алу (ҚР ҚК 194-бабы) оның қорқытудан айырмашылығы (ҚР ҚК 115-бабы). Бұл сұрақтың шешімі Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Қорқытып алушылық туралы істер бойынша сот практикасы туралы» нормативтік қаулысы23 маусым 2006 жыл.

62. Бандитизм (ҚР ҚК 268-бабы) оның ұйымдасқан топ, қылмыстық ұйым құру және оларға басшылық ету, сол сияқты оларға қатысудан айырмашылығы (ҚР ҚК 264-бабы). Бұл сұрақтың шешімі Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Соттардың бандитизм және қылмысқа қатыса отырып, басқа қылмыстар жасағаны үшін жауапкершілік туралы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» қаулысында, 21 маусым 2001 жыл.

**2.14. Құрастырған:** Қылмыстық құқық және криминология кафедрасының аға оқытушысы, полиция майоры -Сембиев Н.С.